

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылғы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Ай сайын шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№10 (187),
ҚАЗАН
2020 ЖЫЛ

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

БАС РЕДАКТОР –
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –
Нұргүл ҚАСЫМҚЫЗЫ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Х.Әбжанов, М.Қойгелдиев,
Т.Омарбеков, – т.ғ.д. акад.;
Б.Аяған, Ә.Мұқтар – т.ғ.д., проф.;
Д.Сәтбай, С.Сымағұлова, Ұ.Ыс-
мағұлов – т.ғ.д. доц.; Н.Әлімбаев,
Д.Салкынбек, Қ.Құнапина
– т.ғ.к., доц.; Т.Шаңбай –
ф.ғ.к. проф. С.Дүйсен – п.ғ.к.,
Қ.Қарамаңдаев – тарихшы-
зерттеуші.

С.Әбішқызы – тұңғыш бас
редактор. Б.Матекова – ұс-
таз-әдіскер. Ш.Танмамбетова,
Г.Серікбаева, С.Ишебаева,
Ұ.Елшібай – озат ұстаздар.

Басуға 19.10.2020 ж. жіберілді.
Пішімі 84 x 108^{1/16}.
Шартты б.т. – 5. СТР
басылым. Бағасы келісімді.
Таралымы – 1380.
Индексі – 75748.

Редакцияда беттеліп-қатталып,
"Акимбаев" ЖК-де басылды.

Авторлар қазақша ғылыми-
теориялық мақалаға орысша,
ағылшынша, орысша мақалаға қа-
зақша, ағылшынша, ағылшынша
мақалаға қазақша, орысша резюме
ұсынуға міндетті. Мақаланың ғы-
лыми нақтылығына, тілінің жа-
тықтығына автор жауапты.

Ал ұстаздар журналға 1
жылға толық жазылған тү-
біртегінің көшірмесін салуы
қажет. Авторлардың байлам-
тұжырымдары редакция көзқара-
сымен сәйкеспей де мүмкін. Кө-
шіріп басылса не пайдаланылса,
сілтеме жасалуы тиіс.

Журнал ҚР БҒМ Білім және
ғылым саласындағы бақылау
комитеті (БҒСБК) ұсынған
тізімде бар.

Журнал в списке рекомендо-
ванных ККСОН МОН РК.

МАЗМҰНЫ

Ғылыми зерттеулер мен танымдық мақалалар

Факия Шамшиденова, Сафура Қалдыбаева. Хандық билік институтын нығайтудағы Хақназар ханның ұстанымдары	2
Нұрсан Әлімбаев. Көшпелі қазақ қоғамындағы хан билігіне тұлға таңдаудың дәстүрлі реті	5
Динара Қаратаева, Айнұр Түктібаева. Қазақ тарихындағы қыздар болмысы	8
Еркін Аяған. Қазыбек бидің қызы Маңқан	11
Ділдаш Мұстапаева. Түркістан аумағындағы ортағасырлық ғимараттар	13
Әйгерім Құмаш. Ақсуат өңірінің көне ескерткіштерінің зерттелуі	15
Нәзия Тәсілова, Меруерт Батырбаева. Омар Хайям – әлемдік деңгейде танылған тұлға	17
Самат Өтениязов. Шоқан Уәлиханов пен Мұхаммед Хайдар Дулати	19
Д.Байғұнова. Қазақ өнерінің көнесі – күй жанры	22
Л.Арипбаева, М.Мурзабаева. Қобыз – ата-баба мұрамыз	23
Әсел Абдрахманова, Қайрат Батталов. Батыс Сібірдің сауда жолдарының дамуы	25
Гүлжан Тілеубекова, Лашын Әбділдинова. Түркістан-Сібір темір жолы құрылысы	28
Асылжан Қадыров. Германияға оқуға жіберілген түркістандықтар	33
Күлімкөз Сантаева, Мейрам Бейсенбеков. Голощекиннің Жетісудағы қудалауы	34
Досалы Салкынбек, Гүлжанар Шуланбекова. Өмір жолы өнегелі тұлға	36
Ш.Нагимов, К.Жұмабаева, С.Молдашева. Атыраудағы оқу-ағарту ісі	40
Қ.Сәрсембина, З.Сұрағанова, А.Екімбаева. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргінге қатысты киелі орындар	42
Аққайың Балықова. Орал қаласының халқы	46
Өтеген Исенов. "Тургайская газета" (Тургайские областные ведомости)	49
Ә.Ахантаева, Г. Ахантаева. Батырлар жырындағы этномәдени концептілердің педагогикалық негізі	52
К.Серікбаева. Қазақ халқының айтыс өнері	55
Ақан Шарипов. Проблема основания и развития городов-крепостей в Казахстане в XVIII-XIX вв.	56
Гулбану Жүгенбаева. Новые подходы к изучению восстания 1916 года в Казахстане	58
Майсара Бекмагамбетова, Руслан Бекмагамбетов. Государственное строительство Казахстана	60
Бауыржан Шериязданов. Интеграционные процессы в ЕАЭС	62
Акерке Хизат, Куаныш Бошанов. Репатриационная политика Германии	64
D.Adnasyrov A.Zharassov. Collapse of the traditional kazakh economy	68
Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе.	
Ғазиза Рақышева. Сабақтағы ғылыми-зерттеу жұмысының орны	70
Зухра Шегенова, Толкын Сламбекова. Вопросы формирования у учащихся исторического мышления	71
Асель Дадырова. Философия стратегии критического мышления в вузах искусства в условиях диджитализации	73
Гульжанат Сулейменова, Айдын Әбденев. Состояние школьного образования Казахстана	75
Гүлмира Тортаева. Оку сауаттылығы мен мәтіндік ақпаратпен жұмыс	78
Назгүл Байділдаева. Көктем гүлі – бәйшешек	80

ӘОЖ 94(574)

ХАНДЫҚ БИЛІК ИНСТИТУТЫН НЫҒАЙТУДАҒЫ ХАҚНАЗАР ХАННЫҢ ҰСТАНЫМДАРЫ

Факия ШАМШИДЕНОВА,
 тарих ғылымдарының кандидаты,
 Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық
 университетінің доценті,
 Алматы қ. E-mail: fakiya_sh@mail.ru
Сафура ҚАЛДЫБАЕВА,
 тарих ғылымдарының магистрі,
 Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық
 университетінің аға оқытушысы
 Алматы қ. E-mail: safurakaldybayeva@gmail.com

XVI-XVII ғғ. Қазақ хандығының және оның иелігіндегі жекелеген ұлыстардың шекаралары хандар мен сұлтандардың әскери жеңістеріне немесе сәтсіздіктеріне қарай, сыртқы саяси жағдайға және аймақтағы алып мемлекеттердің жүргізген геосаясатына байланысты жиі өзгеріп отырды. Бұл шекаралар қазіргі заманғы Қазақстан территориясы мен бүкіл қазақ халқын қамтыған жоқ. Оның бір бөлігі көршілес феодалдық мемлекеттер әміршілерінің бөлігінде қала берді. Мысалы, Сырдария бойындағы қалалар Қазақ хандығының құрамына Есім ханның тұсында, XVI ғ. аяғында ғна қосылды. XVI ғ. екінші жартысынан бастап ойраттардың Қазақстан мен Орта Азияға келуіне түрткі болған Жоңғариядағы жайылымдардың мал жаюға тар болуы еді.

XVI-XVII ғғ. қазақ қоғамында хан билігі, ақсақалдар кеңесі, халық жиналысы болды. XVIII ғ. бірінші жартысында болған орыс елшісі Тевкелев былай деген: *«Из древних де лет имеется обычай, что ханы без совету старшин ничего неповинны чинить... в мае всегда живет собрание, где будут ханы, султаны и знатная старшина»* [1, 53-б.].

Қазақ қоғамындағы халық жиналысы туралы М.П.Вяткин де «ақтабан шұбырындыға» дейін Қазақ хандығында жыл сайын халық жиналысы-мәслихат қыркүйекте Сайрамға жақын Мәртөбеде өтетінін және ол рулық принципке негізделгенін айтқан [2, 100-б.] Қазақ қоғамының осындай басты белгілері анықталған соң дүниежүзілік тарихи деңгейдегі оқиғалармен салыстыруға, яғни бір типологиялық қатарға жатқызуға болады. Бұл жерде белгілі бір тарихи заңдылық ретінде қабылдаған жөн.

Ақ Ордада Шыңғыс тұқымы арасында тартыс әрі бүкіл халықта берекесіздік басталған кезде Керей мен Жәнібектің қол астындағы халықтың саны 200 мыңға жетті. Халықаралық жағдай тиімді болғандықтан Қасым ханның тұсында территория да, халық саны да өсе түседі. Зерттеуші К.А.Пищулина бұл кезде Орта жүзге жататын рулардың бір бөлігі қосылуы мүмкін дейді [3, 263-б.].

Қасым ханның баласы Тақырдың тұсында Қазақ хандығы бытыраңқы болып, саяси рөлінен айрылды. Ал, Қасым ханның ұлы Хақназар қазақ руларының басын біріктіріп, Қасым хан тұсындағы территориясын қалпына келтірді және біріктіру

саясатын жүргізу нәтижесінде қазіргі Кіші жүз территориясы хандықтың құрамына қосылды. Ол туралы ноғай мырзасы Исмаил орыс патшасы IV Иванға *«менің немерелес туыстарым Жайықтың арғы бетінде қалып, Қазақ ханына қосылып кетті»*, – деп жазды [1, 33-б.]. 1568 жылы Ноғай Ордасына келген елші Семен Мальцев Хақназар ноғай жерінің бір бөлігін басып алғанын хабарлайды. Хақназар осы кезде Оңтүстік Қазақстан жерінің бір бөлігін бағындырған болатын. Оңтүстік Қазақстан үшін Орта Азияны толық бағындырған Абдаллах ханмен шайқастардың бірінде Хақназар қаза табады. Уақытша Абдаллах ханға бағынышты болған Шығай хан оның баласы Тәуекел (1582-1598) 1585 жылдан бастап дербес саясат жүргізіп, Ташкентті тартып алады. Үш жүздің қалыптасқан кезі Хақназар тұсында болған сияқты, себебі Тақыр тұсында бытыраңқылыққа ұшыраған қазақ руларын біріктіруді мақсат еткен Хақназар экономикалық байланысы нашар қазақ тайпаларын біріктіру үшін белгілі бір саяси шараларды іске асырған. Сондай шаралардың бірі – ру басылардың келісімі еді. Себебі жаңадан қалыптасып келе жатқан қоғамда, әсіресе, қазақ қоғамында ру басылардың рөлі жоғары болды. Сондықтан елді біріктіруді ойлаған хандар барлық рубасыларымен келісімде болуды ойлаған. Ал хан саясатымен келіспеген ру басылары қол астындағы рулармен көшіп кетіп отырған.

Ақсақалдар кеңесі елді басқару мәселесімен де, мал шаруашылығымен айналысқан қазақтар үшін ең маңызды нәрсе жер мәселесі болғандықтан дау туғызатын да сол. Сондықтан ақсақалдар кеңесі әр рудың жер иеліктерін белгілеп отырғандықтан рөлі Қазақ хандығы дәуірінде ерекше болған. Хақназар өзінің алдындағы Тақыр ханнан қазақтардың бас тартуын және бөліне көшуін түсінгендіктен, Жайыққа дейінгі және оңтүстіктің бір бөлігін қосып алғаннан кейін бірінші қолға алғаны жер мәселесі болды. Әр рудың жер иелігін белгілемейінше, елде тұрақтылықтың болуы мүмкін емес еді. Сондықтан Хақназар қол астындағы рулардың барлығын жинап, осы мәселені талқылаған деп пайымдаймыз. Ол туралы ауыз әдебиетінде мынандай мәлімет бар. Қазанғап Байболұлының «Төле би» тарихы атты жырында Төле би былай деген: *«Үш жүзге енші бөлгенде, Бабама тиген Жырағаш»*. Төле би 1663 ж.

дүниеге келген, ал бабасы, яғни атасының әкесі шамамен XVI ғ. екінші жартысында өмір сүрген, сонымен руларға енші бөлген үлкен жиылысқа 300-дей ру басылары қатысқан болу керек.

Хандықта жоғары билік ханның қолында болды. Хан деген термин ежелден-ақ белгілі. Плато Карпини «патша немесе император» деген мағынада десе, В.Бартольд: «Хан – түрік титулы, қаған, арабша хакан дегеннің қысқарған түрі» екенін жазған. Бұл мағынада хан VIII ғ. қағанмен бірге Орхон жазбаларында кездеседі. Мұсылман дәуірінде хан сөзі X ғ. аяғында Илек-хандарының монеталарында пайда болды. Кейіннен қаған Хакан сөздерін сөйлеу тіліндегі хан сөзін ығыстырып шықты. Хан – мемлекет билеушісінің титулы [4, 604 б.].

Қазақ қоғамында хан титулына Шыңғыс хан тұқымындағылар ғана ие болды. Хандыққа мұрагерлікке сұлтандардың құрамынан ғана сайланды.

Ханның мынандай құқықтары мен қызметтері болды:

1. Хан билігі хандық территориясына, ұлыс жеріне жүрді. Оның негізгі қызметі елді сыртқы жаудан қорғау.

2. Хан соғыс жариялауға, бітім жасауға құқылы болды. Жалпы мобилизация жасаған кезде қазақ хандары 300-400 мыңдық әскерлерді жия алатын.

3. Хан шет мемлекеттермен келіссөз жүргізді. Мемлекеттің сыртқы саясатын анықтады.

4. Хан жоғары соттың қызметін атқарды, өзіне бағыныштыларды өлтіруге немесе тірі қалдыруға құқылы болды. Бұлар XVII ғ. құқықтық ескерткіші «Жеті Жарғыда» баяндалған.

5. Хан заң және қоғамның барлық мүшелеріне бұйрық шығарады. Қоғамдық құрылыс пен тәртіпті сақтады.

Көшпелі халық ханның жеке қасиеттеріне де қараған. Хан ер жүрек, жомарт, әділ, «ақыл мен жауды жеңетін дана, көріпкел» сияқты қасиеттері болу керек. Қатігез, дарынсыз, кеудесін керген хандарды халық ұнатпайды. Мысалы, қазақ ханы Тақырдың ел ішінде абыройы жоқ болған.

XVI-XVII ғғ. Ташкентпен Түркістан қазақтардың қолына көшті. Сөйтіп, бұл хандықтың саяси орталықтарына айналды.

XVI ғ. екінші жартысында хан болған Хақназар хан Москва мемлекетімен дипломатиялық қатынасы туралы архив құжаттарында «Казатцкие Орды Акназар (Акназар) царь», «Акназар царь» деп жазылады [5, с. 167, 170, 174, 175], [6, 597].

XVI ғ. екінші жартысында Қазақ хандығы мен Москва мемлекеті арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас туралы архив құжаттары бар. Соның бірі 1578 ж. ноғай мырзасы Ұрыстың (Урус, Орыс) орыс патшасы IV Иванға деген реніші былай жазылған: «А ты, с таким Акназаром царем в дружбе будучи, на всякой год послыдеи посылаешь з бохарским царевым послом и с Азимовым царевым послом» [5, 170]. Ал, IV Иван жауабы мынадай: «А в прежних летех, как нагайские мирзы от нашего жалованья поотстали были и сложась с крымским царем воевать приходили на нашу землю, а в то время Акназар царь присылал к нам своих послов. И мы снова послали были своих служилых татар к Акназару царю казацкому» [5, 171]. Осындай байланыстардың болғанын қазақтардың ноғайларға айтқан уәжі де дәлелдейді: «... де царь наш Акакназар с царем и великим князем в миру ...» [5, 156].

Қазақ хандығы мен Орыс мемлекеті арасындағы дипломатиялық қатынастың негізгі мақсаты бейбіт байланысты нығайту болды. Дегенмен де, дипломатиялық байланыста нақты міндеттер қойылды, оның ішінде сауда қарым-қатынасын дамыту, әскери одақ жасау, т.б. болды.

XVI ғ. екінші жартысында Хақназардың Москваға жіберген елшілігінің негізгі міндеті Қазақ хандығы мен Ноғай Ордасы арасындағы күресте Орыс мемлекетінің қолдауын немесе бейтарап саясат ұстауын сұрағаны сөзсіз.

Ноғай Ордасының өзінде бақталастық соғыстар басталғанда, Қазақ хандығының пайдасына шешілген тұстары да болды. Ноғайлардың бір бөлігі Ресейге қосылса, бір бөлігі қазақтарға қосылды. Москваға қызмет еткісі келмегендер, Хақназарға барып қосылды. Қазақ әскерлері Ноғай Ордасына қарсы шықты, сөйтіп Қазақ хандығының шекарасын Жайық пен Еділ өзені арасындағы жерлерге дейін кеңейтті. Осы кезде башқұрттардың көп бөлігі ханның бақылауына көшті.

Әрине, Москваның ноғай билеушілерімен жазықхан хаттары мен өзара елшілік материалдары 1556 ж. сәуір – 1576 ж. шілде аралығының мәліметтері жоқ, сақталмаған [7, 89].

1569 ж. Қырымнан Москваға орыс елшісі Семен Мальцевті әкеледі. Өзінің ақпаратында ол қазақ әскерлерінің Ноғай Ордасындағы шайқасын айтып, былай деген: «А Казатцкие Орды Акназаря царя, и Шагая царевича, и Чельыма царевича, а с ними двадцать царевичев приход их был на Нагаи и бой...» [8, 93; 7, 90]. Бұл мәлімет те қазақтардың ноғайлармен шайқасқанын дәлелдейді. Сонымен, 1568 ж. күзде Хақназар ноғайларға қарсы соғысқан.

XVIII ғ. ортасында П.И. Рычков башқұрт старшыны К.Мулақаевтың сөзінен жазып алған аңызды кейбір зерттеушілер болашақта хан болатын Хақназармен байланыстырады. Онда «...Акиазар султан...учившись ханом в великое усилование пришел, и владел не только теми нагайцами и Башкирией; но сверх того Казанское, Сибирское и Астраханское царства, Бухарию, Хиву, Ташкент и другие многие города под власть свою покорил, и дань с них собирал ...» [9, 69; 10]. Бұл жерде Хақназардың күш-қуатын асқақтатып тұрса да, өзіне бағыныштыларға оның салық салуы заңды нәрсе деп түсінеміз.

XVI ғ. басында орыстар қазақтарды ержүрек дала халқы ретінде таныды. Бұл кезде Қазақстан шығыстан Ресейге, Ресейден шығысқа товар таситын қойнауға айнала бастады. Ал XVI ғ. ортасында Қазақ хандығы және Орта Азия хандықтарына әжептәуір қауіп төндірді. Ағылшын көпесі Антон Дженкинсон 1558-1559 жж. Орта Азияда болып «Маомет дініндегі кассактар өте күшті әрі көп халық», – деп жазған.

Бұл кезде Сібір ханы Көшім мен қазақ ханы Хақназар арасында күрес жүріп жатты. Екеуі де қай жағынан алса да бір-бірінен кем түспейтін, бір-біріне қауіпті қарсыластар болды. Мысалы, 1570 ж. Көшім хан орыс тұтқынымен әңгімесінде «... жақында қазақ патшасымен соғыс күтіп тұр, патша мені жеңіп Сібірге отырып алар», – деген күдігін жасырмайды [1, 25 б.].

Қазақтардың Батыс Сібірде едәуір рөл атқарған Ресейдің де қазақтармен қарым-қатынас жасауына әсер етті. Россия мемлекеті қазақ даласы арқылы сауда жолдарын жүргізбекші болды. Камадағы Ресей

иеліктеріне қауіп төндірген Көшім ханға қарсы күресте Қазақ хандығымен одақтаспақшы болды. Бұл жөнінде Строганов жылнамасында былай жазылған: «*Көшім өзінің ұлы Алейді Чусовойға шапқыншылық жасауға жіберді. Камаға дейін және Кама Тұздары қаласына дейін барды әрі православия христиандарына көп қайғы әкелді*» [11, 110-б.].

1558-1580 жж. хандық құрған Хақназар хан қазақтардың Ресеймен көршілік жақсы қатынаста болуын жақтаған еді. Ақназардың осы емеурінін орыс патшалығы байқаған болар. Әрі Ресей өкіметі өз мақсатын жүзеге асыру үшін Қазақ хандығы мен Сібір хандығы арасында соғыс өртіп тұтандырып, Көшімнің ойын басқа жаққа аудармақшы болды. Сонымен бірге IV Иван қазақтармен экономикалық байланыс орнатып қана қоймай, Көшім хандығымен күресу үшін әскери одақ жасауды да жоспарлады. Осындай оймен 1573 ж. тікелей қазақ даласына Третьяк Чебуков бастаған алғашқы орыс елшіліктерін жіберді. Бұл сапардың сәтсіз аяқталғаны Строганов жылнамасының Спасский тізіміндегі «Сібір сұлтаны патшазада Маметқұлдың Чусовой өзеніне келуі және орыс адамдарын тұтқындау туралы» деген тарауында былай жазылған: «*7081 (1573) ж. жазында шілденің 20 жұлдызында Сібір жерінен, Тобыл өзенінен Сібір сұлтаны Көшімнің ұлы Маметқұл өзінің мырзаларымен және ұлдарымен жолды байқауға келді, соғысуға қайда барса екен, Яков немесе Грегори Строгановтардың қаласына ма, әлде әрі Пермьге ме? Сол келгенінде остягтардың көптеген адамдарын өлтіртті, олардың әйелдері мен балаларын тұтқындап әкетті және патша елшісі Третьяк Чебуковты әрі онымен қызметші татарлардың бәрін өлтірді*» [11, 110-б.].

IV Иван уақытша бұл жұмысты ысырып қояды тек Строгановтарға қазақтармен салықсыз сауда рұқсат грамотасын тапсырумен шектелді. «*Но уже в 1573 году Кучум, до этого плативший дань России, перестает ее выплачивать*» [12, 128-129]

1557 ж. Исмаил жеңіледі. Осы жылы күзде оның билікке келуі Шейх Мамай ұрпақтарымен қатынасын қалпына келтірген жоқ [12, 284], өйткені ол шығыста Хақназармен бірге көшіп-қонуды қалады [13, 252]. Сонымен, Ноғай Ордасындағы қақтығыс Сібірдегі қақтығысты шешуге жағдай жасады деуге болады. Шибанидтердің әскери күштері Оралдың ар жағындағы тайпалардың қолдауына емес, ноғай атты әскерінің қолдауына сүйенді.

Көшім хан Хақназармен арада болған қақтығыстан кейін келіссөздер жүргізіп, арасында династиялық некеге де отырды. Қазақ ханы Шығайдың қызына үйленгенін Г. Миллер жазған болатын [14, 656].

Жалпы Сібір хандығы Көшімнің кезінде оңтүстіктегі көршілері ноғайлармен одақтастық қатынаста болса, қазақтармен тіпті соғысты. 1570 ж. Сібір хандығымен Хақназар соғысқан. Сібір хандығы 1560-1570 ж. басында Хақназарға қарсы әскери жорықтар жасаған, өйткені Хақназар Оралдың ар жағындағы далаларға да бақылауды қалпына келтіріп, ноғай билерінің және Сібір ханының қолында болған жергілікті башқұрттарды да бақылау жоспарында болды. Жалпы XV ғ. аяғы – XVI ғ. Тобыл маңында қазақ тайпаларының мекендегені белгілі, ал олардың көбін шетел әдебиеттерінде татарлар және башқұрттар деп жазады.

XVI ғ. аяғында қазақтар Оралдың ар жағындағы жайылым жерлерге бара алмады, өйткені Батыс

Сібірдің оңтүстігіндегі орыс шекарасында қалмақтар пайда болды. Тек олар кеткеннен кейін ғана Оралдың ар жағына қазақтар келеді. Бұл Хақназар билігінен кейінгі оқиғалар, өз алдына бөлек тарих.

Қорыта айтқанда, Хақназар билігі тұсында Қазақ хандығының территориясы кеңейді, хандық билік институты нығайды.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается роль Хақназар хана в истории Казахского ханства, его политика в усилении власти, расширении территории ханства. Авторы на основе исторических источников доказывают, что институт власти в годы правления Хақназар хана усилился, так же соседние государства стали считаться с Казахским ханством.

Ключевые слова: Казахское ханство, Хақназар хан, дипломатические отношения, граница, власть.

The article examines the role of Khaknazar Khan in the history of the Kazakh Khanate, his policy in strengthening of power, expanding the territory of the khanate. The authors on the basis of historical sources prove that the institution of power during the reign of Khaknazar Khan strengthened, just as neighboring states began to reckon with the Kazakh Khanate.

Key words: Kazakh Khanate, Khaknazar Khan, diplomatic relations, border, power.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. МИКХ. – Алматы, 1969.
2. **Вяткин М.П.** Очерки истории Казахской ССР. – Ленинград, 1941.
3. **Пищулина К.А.** Юго-Восточный Казахстан в середине XIV-начале XVI веков. – Алма-Ата, 1977.
4. **Бартольд В.В.** Сочинения. Т. 5. – М., 1968.
5. История Казахстана в русских источниках. - Т.1. Посольские материалы Русского государства (XVI-XVII вв.). Составление, транскрипция скорописи, специальное редактирование текстов, вступительная статья, комментарии, составление словариков указателей А. Иси́на. – Алматы, 2005.
6. Памятники дипломатических сношений Московского государства с Польско-Литовским государством. - Т. III. 1560-1571. / Сборник императорским Русского исторического обществ. Т. 71. – СПб., 1892.
7. **Исин А.** Казахское ханство и Ногайская Орда во второй половине XV-XVI вв. – Семипалатинск, 2002.
8. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. – М., Алма-Ата, 1935. Сб. 1.
9. **Байпаков К.М.** Урбанизация Казахского ханства во второй половине 15-18 в. / Древняя и средневековая урбанизация Казахстана (по материалам исследований Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции). Книга III. Ч. 2. – Алматы, 2014.
10. **Пищулина К.А.** Присырдарьинские города и их значение в истории казахских ханств в XV – XVII веках // Казахстан в XV-XVIII веках (Вопросы социально-политической истории). Алма-Ата, 1969, С. 5-49.
11. Сибирские Летописи. – СПб., 1907.
12. **Трепавлов В.В.** История Ногайской Орды. – М., 2002.
13. Посольские книги по связям России с Ногайской Ордой. 1551-1561 гг. Публикация текста. – Казань, 2006.
14. **Миллер Г.** История Сибири. – Т.2. – М., 2000.

КӨШПЕЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ХАН БИЛІГІНЕ ТҰЛҒА ТАҢДАУДЫҢ ДӘСТҮРЛІ РЕТІ

Нұрсан ӘЛІМБАЙ,
этнолог

Кіріспе. Мақалада отандық тарихнамада жеткілікті зерттелмеген іргелі мәселелердің бірі – дәстүрлі қазақ ортадағы хан сайлау үрдісінің бірінші кезеңі – хандық билікке сұлтандар арасынан ең беделді тұлғаны таңдау ежелден орныққан тәртібі қарастырылады. Тарихтан белгілі келте хандар кезеңіне дейін бұл үрдіс үш жүздің игі жақсылары жиналған құрылтайда **хан көтеру** деп аталатын аталмыш сайлаудың соңғы шешуші кезеңіне ұласып отырды. Сондай-ақ келте хандар заманының алғашқы кезеңінде де әрбір жүздің ханы болуға лайықты сұлтанды таңдауда аталмыш тәртіппен атқарылатын. Алайда, қазақ өлкесінде орыстың отаршылдық билігі дендеп орныққан кезеңде хан билігіне лайықты тұлға таңдаудың аталмыш реті мүлдем сақталмады. Өңгіме әйгілі Өз-Тәуке хан (1652 – 1717/18 ж.) мен М.М. Сперанскийдің 1822 жылғы «Сібір және Орынбор қазақтары туралы ережеге» сәйкес қазақ өлкесіне жүргізілген әкімшілік-саяси реформаға дейінгі кезең жөнінде болып отыр [1].

Зерттеудің әдіс-тәсілдері. Тиісті мәліметтерді сұрыптап жүйелеу жәнәталдау барысында контекстуалдық, факторлық талдау, тарихи-социологиялық реконструкциялау һәм модельдеу тәсілдері қолданылды. Контекстуалдық тәсіл хан билігіне лайықты деп саналған сұлтанныңкісілігі, қайраткерлігі, ұйымдастырушылық қабілеті, әсіресе, ел-жұртқа сіңірген еңбегі сынды қасиеттерін алдын-ала исі қазақтың игі жақсыларының арасында, соңынан арнайы шақырылған құрылтайда талқылау һәм таңдау үрдісін белгілі бір әлеуметтік-саяси кеңістігінің аясында қарастыруға міндеттейді. Факторлық талдау аталмыш талқылау мен таңдаудың себеп-салдарын бажайлауға негіздеме болды. Ал бір-бірімен өзара себеп-салдарлық тікелей байланыстағы (бір-бірін толықтыратын) реконструкциялау мен модельдеу тәсілдері, біріншіден, қарастырылып отырған мәселеге байланысты әр деректен там-тұмдап қана кездесетін сан алуан шашыраңқы мәліметтерді бірыңғай жүйеге түсіруге, екіншіден, осы мәліметтердің тарихи-антропологиялық проекциясын ғылыми болжам түрінде болса да жасақтауға мүмкіндік берді (осы ретте лайықты саналған сұлтанның кандидатурасын талқылау және таңдау дәстүріне байланысты күні бүгінге дейін бірыңғай дерек-материалдың табылмай отырғандығын ерекше екішеп айтқан ләзім. Мұндай материал, тіпті, Орталық Азияның көшпелі халықтарында хан сайлау дәстүрін арнайы зерттеген В.В.Бартольдтың [2,288-389], Н.И.Заседателевтің [3, 4-9.], Т.И.Сұлтановтың [4], Т.Д.Скрынникованың [5] «жол-жөнекей» болса да А.И.Левшин [6] мен А.И.Добросмысловтың [7, 96.] еңбектерінде де кездеспейді. Осы жайтқа байланысты әзірше фольклорлық ақпаратпен ғана шектелуге тура келді. Аталмыш үрдістің автор ұсынып отырған тарихи-антропологиялық «образының» жоғарыда

ғылыми болжам түрінде жасақталып отыр деуіміздің себебі осында).

Зерделеу. Ең алдымен, ортағасырда және жаңа дәуір кезеңіндегі көшпелі тіршілік кешкен түркі һәм моңғол халықтарындағы ең жоғарғы дара билік иесінің титулы – хан терминінің когнитивтік сипаттамасы жөнінде бірер сөз. Аталмыш кезеңнің әлеуметтік-экономикалық және саяси контексті тұрғысынан хан терминін көшпелі ортадағы аталмыш биліктің В.П.Юдин ғылыми айналысқа енгізген шыңғысизмнің идеологиясымен, бек іс-тәжірибесімен негізделген шексіздігін айғақтаған ұғым ретінде де қарастыруға болады [8,14-56]. Ежелгі түркі дәуіріне байланысты деректерге және осы кезеңді зерттеген еңбектердің қисынына қарағанда, хан титулының қалыптасуы ежелгі түркі заманынан бастау алады. Хан ұғымының қаған терминімен қатар VIII ғ.-дағы әйгілі Орхон-Енисей жазуларының ішінде Тонкөктің құрметіне жазылған эпитафияның үлкен жазбасында кездесетіндігі туралы мәліметті В.В.Радловтың мәліметіне сүйене отырып [9], В.В.Бартольд алғаш рет ғылыми қолданысқа енгізген еді [10, 602; 604] (алайда ғалым осы ретте хан термині қаған сөзінің қысқарған нұсқасы деген пікірін білдірген еді [10,604]). В.В. Бартольд хан терминінің IV-VIII ғғ. және X-XII ғғ. (зерттеушінің терминологиясы бойынша, мұсылман дәуірінде) Орталық Азияда билік жүргізген Илек хандар деп аталатын түркі династиясына жататын билеушілердің шығарған монеталарында жазылғандығында атап өтеді [10, 604; 11, 519-520.]. Зерттеушінің айтуынша, моңғол империясының үстемдігі алдындағы жүзжылдықтар бойы түркі ұлыстарындағы ең жоғарғы билік иесіне қатысты қолданылған жоқ. Ол жоғарғы билік титулатурасында аймақ басшысы (В.В.Бартольдтің терминологиясы бойынша – князь) дегенді ғана білдірді. Керісінше, бұл ұлыстардағы ең жоғарғы билеуші сұлтан деп аталатын. Орталық Азиядағы моңғол империясы үстемдігінің алғашқы кезеңінде де хан жеке облыстың (бұл да В.В.Бартольдтің терминологиясы бойынша) билеушісінің титулы ғана болған екен. Ал империяның ең жоғарғы әміршісі Шыңғыс қаған (немесе *қаһан*) деп аталды [12, 615-628]. В.В.Бартольдтің осы айтылған уәжінің қисыны тұрғысынан келсек, жоғарыда айтылғандай, хан мен қаған терминдерінің Орхон жазбаларында қатар кездесетіндігіне қарағанда, мұндай институционалдық дәстүр, сірә, ежелгі түркілердегі билік жүйесінде орныққан сыңайлы. Яғни хан қағанаттардағы (Түркі қағанаты, Батыс және Шығыс Түркі қағанаттары, Түргеш қағанаты және т.б.) немесе осы мемлекеттік бірлестіктердегі аймақтардың билеушілерінің титулы ретінде ғана қолданыста болса керек. Ал *қаған*, әйгілі Күлтегін ескерткішіндегі үлкен жазуда көрсетілгендей, *көк сеңгір аспан (Тәңірі) мен бурыл жер, һәм адам*

баласы қатар жаратылған кезде-ақ орныққан әлгі адамдардың үстіндегі шексіз биліктің иесі дегенді білдірді [13]. Бірақ, В.В.Бартольдтің қисынды пікірінше, моңғол империясында хан (немесе каан) кейін ауызекі сөзде (дұрысы, жоғарғы биліктің іс-тәжірибесінде – ред.) қаған терминін бірте-бірте ығыстырып шығарса керек.

Дәстүрлі қазақ социумында хандық билік тек Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы ханнан тараған ұрпақтарына ғана тиесілі болды [4]. Хан билігінің төре тұқымдарына ғана тиесілі екендігі жоғарыда аталған шыңғысизм концепциясы және идеологиясымен негізделді. Көшпелі орта кәміл сенген бұл концепция-идеология бойынша, Тәңір-аспанның құдіретімен пайда болған Шыңғыс ханның тағдырына сол Тәңір-аспанның қалауымен әуел бастан-ақ төрткүл дүниедегі адам баласы сөзсіз мойынсынуы тиіс ұлы қаған болу жазылыпты. Және Тәңір-аспанның өзі хандық билікті ұстауды Шыңғыс ханның ұрпақтарына еншілепті. Бұл идеологеманың көшпелі ортадағы әлеуметтік-психологиялық қауқарлығы соншалықты, ол социумдағы институционалдық қатынас жүйесінде төре тұқымдарының әлеуметтік артықшылығының негіздемесіне айналды. Тіпті қазақы ортада шежіре тарату жосынындағы кейбір нұсқалары бойынша, Шыңғыс хан иесі қазақтың түп атасы ретінде де дәріптелді [19]. Аталмыш идеологема-нормаға сәйкес, қазақ хандығы тарихының аса көрнекті зерттеушісі Т.И.Сұлтановтың сөзімен айтқанда, *Керей хан мен Жәнібек ханның басшылығымен және ұйымдастыруымен қазақ халқының өзі тікелей құрған Орта Азиядағы тұңғыш ұлттық мемлекеттің пайда болу уақытынан бастап (1470-1471 жж.-дан) ХІХ ғасырда қазақ елінде хандық биліктің орыстың отаршыл режимінің өктем күшпен жою мерзіміне дейін (ХІХ ғасырдың 20-жылдарының ортасы) хандық билікті Жошының Орыс ханнан тараған ұрпақтары ғана ұстап тұрды* [4]. Сан алуан тарихи, этнографиялық және фольклорлық материалдар қазақ хандарының Қазақстанның қазіргі территориясын, елдігін, мәдениетін қалыптастыруда және осы тіршілік кеңістігіндегі тілі, діні, ділі, пошымы бір ру-тайпалардың бірыңғай этникалық түзіліске түсу үдерісінде шешуші роль атқарғанын айғақтайды. Бұл хандардың басым көпшілігі өміршілік міндетін абыроймен атқарып қана қойған жоқ, ел-жұрт арасында ұлы қолбасылар әрі даңқты батырлар ретінде де шексіз беделге ие болды. Олардың әрқайсысының хандық билікті жүргізіп тұрған кезінде-ақ бас батыр, ер, толыбатыр сынды бүкілхалықтық риясыз құрметті білдіретін атаққа ие болғандығы сондықтан. Көрнекі мысал ретінде көзі тірісінде-ақ *«Еңсегей бойлы Ер Есім» немесе «әз», «батыр», «толыбатыр»* атанған Тәуке хан сынды иесі қазақ үшін ұлы хандардың есімдерін айтуға болады [4].

Өз-Тәуке ханның (шамамен ХVІІ ғасырдың 50-жылдары – 1715 ж., кейбір еңбектерде 1717 – 1718 жж. деп те көрсетіліп жүр) билік жүргізген уақытынан кейін басталған келте хандар билігі кезеңінде дәстүрлі қазақы ортадағы хан билігінің ежелден жалғасқан жоғарғы мәртебелі институционалдық статусы, яғни, әлеуетті функ-

циясы іс жүзінде жойылды [14; 4]. Үш жүздің соңғы ханы болған Абылайдың (1711-1781 жж.) тәуелсіз мемлекет құру жолындағы жанқиярлық ұйымдастырушылық, дипломатиялық, әскери іс-шаралары социумның қалыпты тіршілігінің алғышарты – ру-тайпалардың арасындағы сан салалы және сан деңгейлі байланыстар жүйесіне соны серпін бергенімен, бұл қазақ социумындағы институционалдық қатынас жүйесіндегі соңғы үрдіс болды. Осы кезеңнен кейін қазақ өлкесіне, әсіресе, Ресей империясының уақыт өткен сайын күшейе түскен әртүрлі саяси-әкімшілік, территориялық-шаруашылық, идеологиялық экспанциясы қазақ қоғамының барлық саласын қайтып оңалмасты ірітуге (дағдарыс емес!) ұшыратқаны мәлім. Бұл гәптің ең бір көрнекі көрінісі – осы кезеңде келте хандардың пайда болу жайты және олардың билеуші ретіндегі орыстың отаршыл тәртібінің қауқарлықпалына түскен пұшайман күйі. Келте хандардың басым көпшілігі, академик С.З.Зимановтың ғылыми қисыны келіскен сөзімен айтқанда, іс жүзінде Ресейдің мемлекеттік аппаратының жергілікті шенеуніктеріне айналды [14].

Жоғарыда айтылғандай, хандық билікте ХV ғасырдың 60-жылдарының аяғы – 70-жылдарының басында құрылған Қазақ хандығынан бастау алатын институционалдық дәстүр бойынша, Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тараған ұрпақтарының ғана қақысы болды. Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының билігі жүрген ел-жұрттар ғана емес, дәстүрлі қазақы орта сөзсіз мойындаған шыңғысизм концепциясы мен идеологиясы һәм сан ғасырлық іс-тәжірибесіне сәйкес, хан болуға ел арасында ұйымдастырушылық және кісілік қасиеттерімен үлкен бедел жинаған сұлтан атанған төре тұқымы лайық деп есептелетін (төре тұқымы, хан тұқымы деп те аталды. Бұл оның Шыңғыс ханнан тарағанын білдірсе керек). Сан алуан мәліметтерге қарағанда, орыстың отаршыл өктемдігінің қазақ өлкесінде орнығуына дейін хан билігіне сұлтанды таңдау жосыныәлгі тұлғаның ұйымдастырушылық және кісілік қасиеттерін арнайы шақырылған құрылтайда әрбір ру-тайпаның игі жақсыларының арасында талқылау барысын әрі көпшілік болып тоқтаған сол тұлғаны хандыққа сайлауға ортақ пәтуаға келу үрдісін білдіретін ұғым болып табылады. Хандық билікке лайықты сұлтанды таңдау үрдісін хан сайлау деп те атай береді. Аталмыш жосын, әдетте, хан сайлау барысының келесі сатысы – хан көтеру үрдісіне ұласып отыратын.

Хан сайлауға екі-үш төре тұқымы қатар түскен жайт қазақ тарихында, әсіресе, Тәуке хан (шамамен 1652-1715 жж., кейбір зерттеулерде 1717-1718 жж.) билік жүргізген кезең аяқталғаннан кейін орыстың отаршыл тәртібінің күшпен араласуының нәтижесінде басталған келте хандар заманында аз болған жоқ [14; 4]. Қазақ жерін, табиғи ресурсын жаулап алу үшін көшпелі қоғамның негізгі жұмылдырушы, ұйымдастырушы һәм реттеуші механизмі – алдымен билік жүйесін мейлінше әлсірету, соңынан мүлдем жою қажет болды. Келте хандар заманының орнығуы осы жүйенің ежелгі ұйымдастыру және үйлестіру функциясының қауқарсыз күйге түскендігінің айғағы еді [15, 5-31].

Сонымен, хан сайлау көшпелі ортада ежелден

орныққан тәртіптен ауытқымай өтуі үшін алдын ала бүкіл ел арасында үлкен ұйымдық істер атқарылатын (осы орайда ерекше екшеп айтар гәп – А.И. Левшиннің 1832 ж. жарық көрген «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен даласын сипаттау» атты еңбегінде хан сайлау мен хан көтеру жосынының шынайы тарихи уақыты мен кеңістігі автордың өзі өмір сүрген заманының қалыбына «салынып», тым жадағай суреттелген. Яғни аталмыш жосын бір сәттік (ары кетсе екі-үш күн ғана) «жалт етпе эпизод» түрінде ғана көрсетілген).

Әрісі Шыңғыс хан заманына, берісі Қазақ хандығы һәм қазақ хандықтары (келте хандар) дәуірлеріне байланысты сан алуан нарративтік, тарихи-этнографиялық, фольклорлық деректерде тамтұмдап болса да кездесетін мәліметтер мен әр кезеңдік тарихи-этнографиялық параллельдер негізінде хан сайлау жосынын төмендегідей «моделдеуге» болады. Аталмыш деректердің қисыны хан сайлау өте күрделі үрдіс болғандығын айғақтайды. Мұндайда төре тұқымдары ғана емес, ең алдымен, әйгілі рубасылар, даңқты батырлар, беделі ру-тайпа ауқымынан асқан ақылгөй ақсақалдар әртүрлі руаралық, жүздік, жүзаралық жиын, кеңес, мәжіліс сияқты ұйымдық шаралар өткізіп, ел-жұрттың ортақ көңілінен шығатын тұлғаны және соңғы кесім айтылуы тиіс құрылтай өткізетін орын мен уақытты белгіледі. Сөйтіп, белгіленген орынға бүкіл ел-жұрттың игі жақсылары атанған әйгілі билер, рубасылар, ақсақалдар, сұлтандар, батырлар бас қосып, құрылтайдың алдында мәселені тағы да өзара пысықтап алатын. Мұндайда өз ішінде қызу талқыға кіріскен топтардың арасында хандыққа таңдалған тұлғаға (міндетті түрде сұлтан) түпкілікті тоқтауды көксеген өзара «жөн сұрасу» үрдісі жүргізілетін. Ол «сөз салу» деп те аталатын. Бұл үрдісті ел-жұрт арасында сөзі өтетін беделді адамдар атқаратын. Осылайша әлгі топтар өзара пәтуаласқаннан кейін құрылтай ашық деп жарияланатын. Құрылтайды ашу қақысы беделді сұлтанға немесе үш жүздің ноқта ағасы атанған ру-тайпаның әйгілі биіне берілетін. Одан әрі ел-жұртқа атақ-абыройы, кісілігі, бек беделі жүрген билер, рубасылары, сұлтандар мен ақсақалдар хандыққа лайық деп есептелген сұлтанның ата-тегінен бастап, оның бар тіршілігі мен кісілік қасиеттері барынша таратып айтылатын. Шешендер, хан билігі жөніндегі көшпелі ортада ежелден орныққан концепцияға сәйкес, хандыққа сайланатын сұлтанның бойындағы бар кісілік қасиетін һәм ел алдындағы жинаған беделін, ең алдымен, оның осы кезеңде иісі қазақ ардақ тұтқан Шыңғыс ханның тікелей ұрпағы екендігімен байланыстыратын. Демек қазақы ортада хан сайлау үрдісінің өзіндік этникалық ерекшелігімен нақтыланған шыңғысизм «ілімі» аталмыш жосынның да басты идеологиялық әрі концептуалдық негіздемесі болды. Сонымен бірге сан алуан фольклорлық деректердің қисынына қарағанда, хандыққа үміткер сұлтанға игі жақсылардың тарапынан «ата-баба жолынан» еш ауытқымаудың, яғни ел-жұрттың бірлігін, тәуелсіздігін қорғаудың, берекесін сақтаудың қажеттілігі де баса айтылады. Сөйтіп игі жақсылар аталмыш «идеологиялық негіздемеден» кейін өздерінің және бүкіл ел-жұрттың атынан әлгі сұлтанды хан деп жариялады. Алайда осы

ретте хан сайлаудың әлгі идеологиялық әрі концептуалдық негіздемесі болған шыңғысизм «ілімі» енді аталмыш хандық парыз бен міндеттерді жаңа ханға мүлтіксіз орындауды да жүктеген немесе жүктемегенін дөп басып айту қиын. Дегенмен, Шыңғыс хан мен оның Керей ханнан бастап қазақ хандары болған сан ұрпақтарының дәстүрлі қазақы ортада «ата-баба жолын» желеп-жебеп тұрған ұлы аруақтар ретінде ерекше қастерленгендігін ескерсек, әлгі ханға үміткер сұлтанның Шыңғыс ханның тұқымы екендігі оған хан ретінде айрықша жауапкершілік артатындығы айтылған сыңайлы. Жоғарыда айтылғандай, хан сайлау жосынының соңы хан көтеру үрдісіне ұласып отырды. Сан алуан мәліметтер, әзірше, ең алдымен фольклорлық материал, хан сайлау үрдісінде ру-тайпалардың игі жақсыларының арасында, әсіресе, өзінің сан жылғы «ата-баба жолын» қатаң ұстауға бағытталған іс-тәжірибесі арқылы ел-жұрт алдында үлкен бедел жинаған билердің шешуші рөл атқарғандығын айғақтайды.

РЕЗЮМЕ

Традиционный порядок определения кандидатуры для избрания в ханское достоинство в кочевом обществе казахов

В статье рассматривается традиционный порядок определения кандидатуры из числа султанов-чингизидов для избрания в ханское достоинство у казахов-кочевников. До утверждения российского колониального порядка процесс выбора соответствующей кандидатуры происходил на всеказахском курултаесултанов, биев, батыров, а также глав и старейшин родов («рубасы» и «ақсақал»), представляющих все три жуза.

Процесс выбора достойной кандидатуры соответствующего султана обычно завершался избранием его в ханское достоинство («хан көтеру»).

SUMMARY

The traditional procedure for determining a candidate for election to the khan's dignity in the nomadic society of kazakhs

The article deals with the traditional procedure for determining a candidate among the Chingizid sultans of the Kazakh nomads for election to the khan's dignity. Before the approval of the Russian colonial order, the process of electing the appropriate candidate took place at the all-Kazakh Kurultai of sultans, biis, batyrs (warrior), as well as heads and elders of clans («rubasy» and «aksakal»), representing all three juz.

The process of selecting a worthy candidate for the relevant Sultan usually ended with his election to the khan's dignity («Khan көтеру»).

ӘДЕБИЕТ ПЕН ДЕРЕК

1. Материалы по истории политического строя Казахстана (со времен присоединения Казахстана к России до великой октябрьской социалистической революции). Т.1. Алма-Ата: АН КазССР, 1960.

2. Бартольд В.В. Церемониал при дворе узбекских ханов в XVII веке // Соч. Т. II. Ч. 2. Работы по отдельным проблемам истории Средней Азии. М.: Наука, 1964. С.288-389.

3. **Заседателев Н.И.** Древний обряд коронования у тюркских народов. Казань: Императорский университет, 1894.
4. **Султанов Т.И.** Поднятие на белой кошке. Потомки Чингиз-хана. Алматы: Дайк-Пресс, 2017.
5. **Скрынникова Т.Д.** Харизма и власть в эпоху Чингиз-хана. СПб.: Евразия, 2013
6. **Левшин А.И.** Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. В 3-х частях. СПб.: Тип. Карла Крайя, 1832.
7. **Добросмыслов А.И.** Тургайская область. Исторический очерк. Т. 1. Ч. 2. Оренбург, 1900.
8. **Юдин В.П.** Утемиш-Хаджи. Чингиз – наме. – Алматы: «Ғылым», 1992. С.14-56.
9. **Radloff W.** Die alttürkischen Inschriften der Zweite Folge, St.-Pbg., 1899.
10. **Бартольд В.В.** Хан // Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов. Соч. Т.V. М.: Восточная литература, 1968. С.604.
11. **Бартольд В.В.** Илек-ханы // Соч. Т. II. Ч. 2. Работы по отдельным проблемам истории Средней Азии. М.: Наука, 1964. С.519-520.
12. **Бартольд В.В.** Чингиз-хан // Соч. Т.V. Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов. М.: Восточная литература, 1968. С. 615-628.
13. **Малов С.Е.** Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. М.-Л.: Наука, 1951. С.36.
14. **Зиманов С.З.** Политический строй Казахстана первой половины XIX века и Букеевское ханство. Алматы: Арыс, 2009.
15. **Алимбай Нурсан.** Российская историография Казахстана досоветского периода как историко-этнографический источник (введение в проблематику) // История и культура казахов Западного Казахстана в Российской историографии XIX – 20-30 гг. XX века. Т.II. Атырау: «Ағатай», 2015. С.5-31.
16. **Рашид ад-Дин.** Сборник летописей. Т.1. Кн.2. М.-Л.: Наука, 1952.
17. **Козин С.А.** Сокровенное сказание Юань-Чоу Би-Ши. М.-Л., 1941.
18. **Сыздыкова Р.** Язык Жами ат-Тауарих Жалаири. Алма-Ата: Наука, 1989.
19. **Көпейұлы М.Ж.** Қазақ шежіресі. Астана: Алтын кітап, 2007.
20. **Юдин П.** Церемониалы ханских выборов у киргизов // История и культура казахов Западного Казахстана в Российской историографии XIX – 20-30 гг. XX века. Т.II. Атырау: «Ағатай», 2015. С. 41-54.

ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ ҚЫЗДАР БОЛЫМЫСЫ

Динара ҚАРТАЕВА,
Г.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің
аға оқытушысы, тарих магистрі,
Айнұр ТҮКТІБАЕВА (Түктібаева),
28ІТ мектеп-лицейі тарих пәні мұғалімі,
Талдықорған қаласы.

Қазақ халқы ертеден-ақ адамгершілікті ардақтап, ұлттық әдепті жоғары бағалай білген. Отбасында ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейтінін, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейтінін сезінген. Халқымыздың ғасырларға созылған азаттық үшін күресіне өр мінезді аналардың, өжет қыздардың да қатысқандығын, «тәуелсіздік» деп аталатын қасиетті ұғымға үлес қосқандығын деректер арқылы бүгінгі ұрпақ санасына жаңғыртып, жаңартып сіңіру және болашаққа жеткізу борышымыз. Өз тарихымызға деген құрмет пен сүйіспеншілік қағидасын бойға сіңіруге үйрету және үлгі алуға үндеу тарихи тұлғалардың өмірбаяндары мен қызметтері арқылы туған халқы мен Отанына адал да риясыз қызмет ету үлгісіне айналып жүрекке ұялайды. Олардың ойы мен армандарын қазіргі жас тәуелсіз мемлекет – Қазақстан Республикасында жүзеге асуда. Қазақ тарихында өзінің батылдығымен, қайсарлығымен көрінген, еліміздің дамуына бар саналы ғұмырын арнаған, саясатқа ерлермен бірдей араласқан, қазақ қыздарының тұлғасы мен іскерлік көрегенділігін көрсеткен Томирис, Гауһар Бопай, Назым, Айғаным, Ләззат пен Сабира ханымдарды мақтанышпен атап өтуге болады. Міне, Қазақ қызына тән қайсарлықтың үлгісі деп айтамыз. Қазіргі таңда қазақ қыздарынан

ондай қасиетті көру арманға айналды, әрине, бәріне топырақ шашпайын бірақ ертеңгі ұлттың ұрпағын тәрбиелейтін қыздардың бүгінгі келбетін көргенде қынжыламыз. Қазіргі қыздардың түрі, түсі бұрынғы ғасыр қыздарына ұқсағанымен, бұлар ұлттық үлгіден ауытқып бара жатыр. Қазір көптеген қыздар ана тілінен алыстап, ұлттық дәстүр, салт-санадан мақұрым болып барады. Бүгінде қыздар ұлттық сипаты, рухани құндылығы жоқ «Батыстың» тәлім-тәрбиесін талғамсыз сіңіріп жатыр ма деп ойлаймыз. Қыздар арасындағы дөрекілік, ашық-шашық киіну, қалай болса солай сөйлеу айта берсең өте көп, міне, осындай қылықтар күннен күнге үйреншікті жағдайға айналып, тіпті кейде оған мән бермей жатамыз. Бәріне қоғам кінәлі деп айта алмаймыз. Қоғам дамуы – ол заңдылық емес па? Сол қоғамнан өзінің ұлттық ерекшелігінді сақтай отырып, алға қарай жылжу керектігін де Елбасымыз өз сөзінде сан мәрте айтып келеді.

Ұлы Отан соғысының ардагері, Халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов өз сөзінде қазақ қыздарына айтқаны: «Ертең ұлттың ұрпағын тәрбиелейтін, қыздар сендерсіңдер. Біздің ұлттық ұлылығымызды жойып, «Халық» деген қасиетті аттан айырып, әлде бір ұсақ ұлыс-аймаққа айналдырып жіберу де, қыздардың қолдарында» дегені біздерге жүктел-

ген жауапкершіліктің қаншалықты маңызды екенін айғақтайды. [7] Ал, ХХІ ғасыр қыздары осы жауапкершілікті қаншалықты сезінеді? Міне бүгінгі өзектілік осында. Өткен ғасырдың қазақ аруларының тұлғасы арқылы тарихқа құрмет көрсету, елдің азаттығын сақтау, әулеттің бірлігі мен татулығын көз қарашығындай қорғау, туыстық қатынастар желісін үзбей ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру сияқты қасиеттерді үйрену бүгінгі уақытта өте маңызды екендігін айтылады.

Тарихқа көз жүгіртсек, көшпенді қазақ халқы тарихында қыздардың қоғамдағы орнын қастерлеген. Қызын қырық үйден тия отырып, алақанына салып әлпештеп еркелеткен. Қызы қашанда жат жұрттық деп, жас күнінен отбасының сенімді серігі, қара қазанның иесі, үйдің ұйытқысы ретінде ұзатқанға дейін тек тәрбие берген. Сол дәстүрдің арқасында елдің анасы атанған талай әйелдердің есімі бізге жетті. Бұдан екі жарым мың жыл бұрын өмір сүрген ұлы даладан шыққан сақтың батыр қыздары Томирис пен Зарина ерлігі, Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі Гауһардың, ұлт-азаттық көтерілісі кезіндегі Бопайдың, күні кеше Әлия мен Мәншүктің ерлігіне ұласты. Кеңес Үкіметі күйредегі желтоқсанда ерліктің туын жықпаған қыздарымыз қаншама. Ал аққан жұлдыздай із қалдырған Шоқанның әжесі Айғаным ханымның елді ақылмен басқарғанын, дәрет алмай баласын емізбеген, данагөй әжеміз ұлы Абайдың тәрбиешісі болған Зере әжемізді қалай ұмытамыз? Бұның бәрі ата салт-дәстүріміздің, тәрбие жолының дұрыстығын көрсетеді.

Бүгінгі қазақ қоғамында әйел мәртебесінің биіктігі әйелдерге, аналарға жасалған қамқорлығынан, сый-құрметінен байқалады. ҚР тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың: *«Шығыс халықтарының арасында, жалпы мұсылман әлемінде әйел затын бөлекше бағалайтын, қарындасы ерекше қадірлейтін халықтың бірі де, бірегейі де – біздің қазақ... Қазақ қыздары мен аналары өз жүрегінің от-жалынымен, мейірім шапағатымен қазақ халқының ұлттық сезім-түйсігін, мәдени-рухани біртұтастығын елеусіз ғана шыңдап отырған»*, – деген сөздері осыған дәлел.

Еліміздің егеменді алып, мемлекет ретінде өзін әлемге танытып, өркениетке бағыт алған кезде елдің экономикалық дамуына басты назар аударылды да ұрпақ тәрбиесі, имандылық, мәдениеттілік, тіл мәселелері екінші орынға қалып қойды. Сондықтан да, бүгінгі күні жас ұрпақ үнемі өзінің халқының тарихын, ұлттық құндылықтарын бойына сіңіріп өскен кезде, әсіресе, қыз балалар тарихта есімі қалған ару қыздарымыздың ерлігі мен ізгі қасиеттерін үлгі етіп өссе, келешекте бүгінгі күні өршіп бара жатқан жаман әдеттерге мойын бұрмайды. Себебі тек ұлттық тәрбие мен құндылық адамдарды жоғары дәрежеде өмір сүруге ұмтылдырады [1].

«Ел боламын десен, бесіңді түзе» деп атамыз қазақ айтқандай, бүгінгі жастар елдің болашағы екеніне бәріміз кәміл сенімдіміз. Олай болатын болса, *Біз бүгінгі жастардың бойынан қандай қасиеттерді көргіміз келеді? Неге ХХІ ғасырда қыз балалар бойынан нәзіктілік, ұяңдық, сабырлық, төзімділік, үлкенді сыйлау қасиеттері жоғалып барады? Нағыз қазақ қызына тән қасиеттерімізді қалайша уағыздай аламыз? Мына жаңа технологиялар уақытында қазақ тарихындағы қайсар*

арулар бізге үлгі бола алады ма? деген мазмұндағы сұрақтарға жауап іздедік.

Қазақ тарихындағы қыздар болмысы қоғамда, отбасында алатын орны, атқарар рөлі ұшан-теңіз. Әсіресе, қазақ қоғамында аналардың алар орны ерекше болған. Сонау ерте замандардағы наным-сенімдердің түп-тамыры да Ана. Ата бабаларымыз аспанда Тәңірі, жерде Ұмай ана деп табынатын. Ұмай ана – қамқоршы, жарылқаушы, демеуші, жанұя, отбасының пірі. Ауызша тарих пен жазба деректер қазақ тарихындағы аналар мен қыздардың өзіндік орны, атқарар рөлі жоғары болғандығына дәлел бола алады. Аналарымыздың қоғамдағы орнын қалыптасқан ру-тайпалық қатынастар, дәстүрлі шаруашылық, тамыры тереңнен бастау алатын діл, салт-дәстүр, әдет-ғұрып анықтаған. Қыздарын болашақ ана ретінде санаған халық *«Ұл туса – ұрпағым өседі, қыз туса – ұлтым өседі»*, – деп қыз баланың дүниеге келуін ерекше қуанышпен күткен. *«Қыз аз күңгі қонақ» деп тазаны кигізіп, дәмдіні жегізіп, төрінен орын берген. Алысты жақын, жатты жекжат етер, ел мен елді таныстырып, табыстырар дәнекер көріп құрметтеген. Киімнің асылын қыз бала киетін, алтын, күмістен жасалатын өте қымбат сәнді әшекейлер де, өте әдемі және қымбат ер-тұрмандар мен жүрісі жайлы жорғалар, әдемі сәйгүліктер, парлар жеккен пәуескелер бойжеткенге арналатын»*, – деген қазақ халқының белгілі ғалым-этнографы Халел Арғынбаевтың тұжырымы айтқанымызды растайды [5]. Яғни бар асылын, қымбаттысын, әдемі жасауларын тек қыз балаларына арнай білген. Оның астары терең. Бүгінгі қыз бала, ертеңгі ана, ұрпақ тәрбиесімен айналысатын тұлға. Қазақ қызын “қыздың жолы жіңішке” дей отырып, жан-жақты тәрбиелеген, еш уақытта оны кемсітіп, төмендетпеген. Қайта қыз баланың бойына әдептілік, инабаттылықпен бірге дала әдебіне сәйкес өткірлік, қайсарлық, шынайы намыс тәрізді қасиеттерді қоса дамытып отырған. Сондай-ақ тәлім-тәрбие, күш-жігер зая кетпеген. Қазақ тарихында жоңғарларға атойлап шапқан Қабанбай батырдың қызы – Назымды, бірнеше шешуші жорықтарда көзге түскен Абылай ханның қызы – Гауһарды, талай ақтық шайқастарда ерен ерлік көрсеткен Айтолқынды, найман жұртшылығының батыр қызы – Жанқайды жайында сақтап, ұрпаққа дәріптейді. Бұлардан өзге ақылдылығымен, әулиелігімен аты шыққан Бегім ана, Бұланбай батырдың жары Айбике, Кенесарының қарындасы, 500 сарбазды басқарып, Ресей отаршылдарына қарсы соғыста ғажап ерлік көрсеткен Бопай, Шоқанның әжесі, бірнеше шығыс тілдерін білген, өз халқының мұң-мұқтажы туралы Ресей Сыртқы істер министрлігінің Азиялық департаменті мен үкіметінің Сібір комитетімен хат алысып тұрған Айғаным ханша тәрізді ел арасында беделі жоғары әйел-аналар аз болмаған.

Әлемдегі кез келген халықтың өз алдына ұлт болып ұйысуына, егемен ел, дербес мемлекет болып қалыптасуына әйел-аналардың сіңірген еңбегі зор. Тарихта есімдері алтын әріптермен өрнектелген – Гүлбаршын мен Құртқа, Ақжүніс пен Назым, Айша бибі, Абақ ана, Домалақ ана мен Қыз ене, Қасым ханның анасы Жаған бике, қолбасшы Бопай ханым, ел билеген Айғаным мен Ұлпан секілді аналарымыз ұлт тәрбиелеп, халық қалыптастырып, мемлекетімізді баянды етуге мол үлес қосты [4].

Түркілер әйел-ананы отбасының құты мен ырысы, ұйтқысы мен жылуы деп таныған. Сондықтан да болар түркі дүниесін терең зерттеген тарихшы-ғалым Лев Гумилев «Көне түріктер» деген іргелі зерттеуінде: «Түркілер әйелдерді сал-серілердей қатты құрметтейтін. Баласы үйге кіргесін әуелі шешесіне иіліп, тәжім еткен, содан кейін барып әкесіне сәлем берген. Орхон жазуында да апа-қарындастары қалып қойып, оларға ажал қаупі төнгенде, Күлтегіннің оларды жанқиярлықпен қорғап қалғаны зор шабытпен жырланады. Түркілерде анасының шыққан тегіне айрықша мән берген», – деп жазған [2]. Қазақта «Жігіттің жақсы болуы нағашысынан» деген сөз бар. Оның түп мәніне үңілсек, ата-бабаларымыз аналарының, жұбайларының қадір-қасиетіне, оның шыққан тегіне ерекше мән берген. Мұның өзі қыз баланың ұрпақ өрбітудегі орнының жауапты екендігін айшықтайды.

Қазақ халқының осындай ерекше тәлімді тәрбиесін, қыздар мен аналардың ұлылығын өз кезегінде ел арасында болған орыс ғалым-зерттеушілері жоғары бағалап, пікірлерін жазып кеткен. Мәселен, XIX ғасырда зерттеуші А.К.Гейнс: “Жены у киргиз приобретаются, как у всех магометан, покупкою, называемою “калым”, поэтому родителям тем выгоднее, чем у них более красивых дочерей и неред-кослучается, что бедные киргизы при помощи своих дочерей не только поправляли свое состояние, но даже и очень богатели. С этой целью в некоторых киргизских, семействах для сохранения красоты девушек вошло в обычай до замужества избавлять их от всех тяжелых работ и хлопот, ... хвалить красавиц считается у киргиз поступком благоприс-тойным, красавицы же, заслужившие общую похвалу, нередко прославляются в степях” деп көзі мен көргенін хатқа түсірген. Расында да әдемі қыздар аңыз-әңгімелердің, ертегілердің мазмұнын құрап, тартымды оқиғалардағы көркем арулар талайларды тамсандырған. “Айдесе аузы, күн десе көзі бар” сұлулар туралы ертегілер үнемі жақсылықпен аяқталып, оның кейіпкерлері мұраттарына жетіп отырған. Мысалы, ертегілер «ерте, ерте, ертеде, ешкі құйрығы бөртеде бір бай болыпты, оның бір асқан сұлу қызы болыпты. Қыздың сұлулығын көрген адам есінен танып қалады екен. Қыз сұлулығымен қатар ақылды болыпты»... деген ертегілер ауыз әдебиетімізде көптеп сақталған. Осындай аңыз ертегілерді естіп өскен ұрпақтың әдемілікке ұмтылары хақ. Қазақ әйелдері ұрпақ тәрбиесінен өзге қоғамның барлық істеріне тікелей болмаса да қатысып, өздерінің көзқарастарын танытқан. Хандар мен сұлтандардың, батырлар мен билердің ақылшы, кеңесшілері ретінде кең далаға танылған. Мұндай жайт өзге халық өкілдерінен шыққан зерттеушілердің назарынан тыс қалмаған. Мысалы, зерттеуші ғалым А.К.Гейнс: “Киргизская женщина играет большую роль не только как полная хозяйка семьи, но и как член общества. На сходках киргизов женщины подают голос наравне с мужчинами, в особенности по вопросам, касающимся общественных нужд. Иногда даже мнение женщин имеет некоторое преимущество над мнением мужчины”, – деп пайым-даған [2].

Қазақ әйелдерінің қайталанбас қасиеттері жыр дастандарда ғана емес ғылыми зерттеулерге де арқау болған. Сондықтан да болар қазақ қыздары,

әйелдері туралы бірқатар этнографиялық, тарихи, т.б. іргелі еңбектер жарияланды.

“Қызға қырық үйден тую” деген дана фило-софиялық қағидаға орай ата-бабаларымыз қыз баланың тәрбиесіне ерекше мән берген. “Қыз өссе елдің көркі” дегенге сай болу үшін оны адамгершілікке, парасаттылыққа, еңбек сүйгіштікке, әдемілікке баулыған. “Қыз жат жұрттық” деп айтылып, өмірден сабақ ала білген, бабаларымыз бөтен елде қыздарының тәрбиелігімен, көргендігімен дараланғанын қалады. Сол үшін де ата салттың мәнін өзгертпей, оны қатаң сақтап, келесі ұрпаққа жеткізіп отырды. Нәтижесінде қазақ қыздары адами киелі қасиеттерді бойына жинап, өзге халықтардан ерекшеленді. Әсіресе, қыздардың еңбексүйгіш қасиеттері оларды отбасын, сондай-ақ бүкіл дәстүрлі шаруашылықтың ұйытқысына айналдырды. “Киргизки (казашки – автор) далеко превосходят киргизов (казахов) в трудолюбии. Они отправляются все домашние хозяйство, на них лежит половина попечения оскоте, они сверх того занимаются рукоделиями и приготовлением одежды себе и детям, они же должны заботиться обо всем нужном для мужей своих, даже иногда сделать им лошадей и сажать их верхом. ...К трудолюбию киргиз казачки присоединяются свойственные полу их добродушие, чадолубие и сострадательность. Бывшие у киргизов в плену отзываются о них гораздо лучше, нежели о мужчинах...” – деген орыс зерттеушісі А.И.Левшиннің тұжырымы – қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігімен етене таныс болған сырт көздің бұлтартпас дәлелі [9].

Қазақ ауылында әйел отбасының берекесі ретінде саналып, оның алар орны баға жетпес құндылықпен парапар болған. Көшпелі шаруашылықта киіз үйді тіккенде шаңырақты ер азаматтар көтеріп тұрған, ал үйдің керегесін керіп, уығын шаншатын, туырлық үздігін жабатын әйелдер болған. Қазақ қоғамында ерлер әйел-аналардың осындай артықшылықтарын көріп, даланың жазылмаған заңдары арқылы қорғап отырған. Отбасында, әулетте әрбір әйел ананың өзіндік орны болған.

Көріп отырғанымыздай, бұл – әйел-ананың бір қыры ғана. Қазақ тарихындағы қыздар тіршіліктің көзі, себебі “Әйел бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербетеді” деген ұлағатты сөз текке айтылмаса керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Ахметова Ұ.** «Қазақ қыздарының қоғамдағы орны». «Қазақ тарихы» журналы, №2, 2002, 54-бет.
2. **Е.К.Мейендорф.** «Путешествие из Оренбурга в Бухару». «Қазақ тарихы» журналы, №2, 2002, 55-бет.
3. «Қазақстан тарихы» оқулығы Автор: Қабылдинов Алматы «Атамұра» баспасы, 2008 ж. 26-27-беттер.
4. Қазақстан энциклопедиясы 1, 2, 3-томдар.
5. «Қазақстан тарихы көне заманнан бері бүгінге дейін» Алматы «Атамұра» 1996 ж., III томы.
6. **Махамбет Өтемісұлы:** «Ай заман-ай, заман-ай...», I том, 115-235-бб.
7. «Қазақстан әйелдері» журналы 2014 ж. № 3,6.
8. «Жалын» журналы, 2008 жыл № 4 23-25-бб.
9. **А.И.Левшин.** «Қырғыз-қайсақ ордалары жазбаларынан» «Қазақ тарихы» журналы, №4, 2007 ж., 40 бет.

ҚАЗЫБЕК БИДІҢ ҚЫЗЫ МАҢҚАН–

Жалаңтөс (Соқыр) батырдың екінші әйелі

Еркін АЯҒАН,
Е.Бөкетов атындағы Қарағанды
мемлекеттік университетінің доценті,
педагогика ғылымдарының кандидаты

Кеңес Одағы кезеңінде қазақ халқы бейбіт өмір сүргенімен өткен тарихымызды жазуға тыйым салынып, жазған ғалымдар саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Ата-бабаларымыздан ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан дала ауыз әдебиеті мен тарихи дәстүр жалғаспай, тоталитарлық саясатқа тәуелді болды. Сондықтан өткен тарихты білетін ақсақалдар, көнекөз қариялар, шежірешілер, тарихи аңыз-әңгімелер, тарихи жырлар мен дастандар, жеті атаға жалғасып жазылатын ата-баба тарихы мен шежірелер жазылмай қалды. Осы өткен тарихымызды, қазақ жері мен елінің тарихын ғылыми тұрғыда зерттеп жазуға мүмкіншілік туды.

Осындай елін, жерін, Отанын қорғауда халық арасында аңызға айналған Жалаңтөс батырдың әйелі Қаракесек Қаз дауысты Қазыбектің қызы Маңқан болған. Одан бірнеше ұрпақ тарағаны туралы айтып, жазып қалдырған белгілі шежіреші, жыршы, тарихи аңыз-әңгімелерді ұрпақтан ұрпаққа қалдырған көнекөз ақсақал Зейнешов Кәрімжан атамыз.

Ежелден қазақ тарихында ру шежіресін атадан балаға ауызша жеткізіп отырған. Мұндай ру шежіресін қазақта дәстүрлі ру шежіресі деп атап, көне заманнан өмір сүріп келеді. Құлық (Жансары) руының осындай шежіресі бойынша, Жалаңтөс батырдың екінші әйелі Маңқаннан бірнеше үрім-бұтағы өсіп-өнген. Соның бірі – тікелей ұрпағы мен боламын. Сондықтан Қаз дауысты Қазыбек бидің қызы Маңқаннан тараған ұрпаққа күдік тудыру негізсіз, біреудің ру шежіресіне топырақ шашуға болмайды, аруақтар алдында күнәға батады.

Батырдың тікелей ұрпағы, облысымызға танымал қаламгер, «Орталық Қазақстан» газетінде, Қарағанды облыстық телерадиокомпаниясында қызмет жасаған Масғұт Халиолла былай деп жазған еді: «Әнуарбек Адамбеков 1985 жылы «Жұлдыз» журналының үшінші санында Қазыбек биге байланысты жарияланған кейбір деректердің терістігін айтып, аталған журнал алқасына хат жолдаған екен. Сол хатта мынадай пікірлер бар: «... Қазыбектің бес ұлынан кейін Маңқан атты бір қыз туыпты. Маңқан бес ағаның ортасында өскен әрі атақты бидің қызы, өз замандастарына қарағанда алдына ешкім қарсы келмей еркелеп бой жеткен қыз болыпты. Бойжеткен кезінде қайсыбір әлді ру басшыларының Қазыбекпен құда болуға ниет етіп жүргендерін сезіп, Маңқан бір күні әкесіне: «– Әке, сіздер мені қанша еркелеткендеріңізбен төмен етекте болып жаратылдым ғой, сондықтан түбі бір жерден орын табуым керек болар. Сол орнымды өзім табайын, мені ешкіммен атастырмаңыздар», – деп тілек етіпті. Арада біраз уақыт өткен соң сол кезде Орта жүзге мәлім бола бастаған өзінің ағаларымен үзеңгілес жүрген Жалаңтөс деген батыр жігітке әкесінің ақ батасын алып тұрмысқа шығыпты...». (Ө.Адамбековтің «Жұлдыз» журналына жазған хатының көшірмесі менде сақтаулы. Қ.С.) [1].

Ал, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер

институтының ғылыми қызметкері болған Базарбек Атығай «Қазақ батырлары» газетінің 2000 жылғы №2 санында: «Ер Жәнібектің өміріне, ерлік істеріне байланысты үш дастан бар. Осы үш дастанда ер Жәнібектің нағашы жұрты туралы үш түрлі мәлімет кездестірдік. Бірінде нағашысы – Үйсін Өмір деген батыр делінсе (Зейнолла Сәнік жазғандай), екіншісінде – Қаз дауысты Қазыбек дейді, келесінде – Шақшақ Жәнібек делінген. Тағы бір аңыздарда Қабанбай батыр деп те айтады. Ыбырай Ботайұлының дастанында (1927ж. жазылған) Шақшақ Жәнібек деп берілген. Ер Жәнібектің анасының есімі – Шәше. Тарихшы, ғалым Ахмет Тоқтабаевтың қолында сақтаулы Шәше анамыздың тас ұршығы бар. Тас ұршықты ғалымға берген Зайсанда тұратын батырдың ұрпақтары Шәше – Шақшақ Жәнібектің қарындасы деген екен», – депті. Осы жазылған екі деректе Маңқанның Бердәулетке ұзатылғанын жоққа шығарып отыр [2].

Тағы бір айтайын дегенім – Маңқан анамыздың есімін жоғарыда айтқанымдай, Жалаңтөс бабамыздың өзі қойған, еркелетіп айтатын есімі Қамқа болуы тиіс. Осы анамыздың атын келіндері әдеп пен иба сақтап, тіке атамаған, «ортаншы ене» деп айтатын болған. Ал, тарихи деректерде, мәселен, Қазыбек бек Тауасарұлының «Түп-тұқияннан өзіме шейін» деген кітабында аты Қамқа болып жазылған. Онда анамыздың үш-төрт баласы болғандығы да анық көрсетілген. Ал, Қамқаны Жәнібектің әкесі Бердәулетке теліп жүргендер, одан жалғыз ғана Жәнібек туған деп жаңсақ деректер береді. Қ.Тауасарұлы жазғандай, Маңқан анамыздан төрт-бес ұл туған, олардың аттары: Бәйгел, Берістен, Бөлтей, Сәрке. Сәрке – батырдың ең кенжесі деп жазып таратқан, ол мына Құлық (Жансары) Жалаңтөс шежіресімен дәл келіп, бірдей болып, бір-бірін толықтырып тұр (Құлық Жалаңтөс (Соқыр) ұрпақтарының шежіресі. «Арқо» ЖШС. Қарағанды – 2009) [3].

Батырдың Маңқан анамыздан туған ұрпағы Ысқақ Бәкірұлының (1934-2013) айтуынша, Маңқан анамыздың қабірі Қарағанды облысының Ақтоғай ауданындағы Жамшы, Нүркен ауылдық кеңесіне қарасты Жалаңтөс батыр ауылының (бұрынғы Қызылтас, Бірлестік) күн батысындағы Айдай тауының баурайында. «Оны қайдан білдіңіз?» дегенімде, «Ұлы Отан соғысының алдындағы жылы әжем Тілеулі апам (руы Керней) Айдай тауының етегіндегі зираттардың жанынан өтіп бара жатқанда, өзін арбаны тоқтатып, жерге түсіп тізе бүгіп, аят оқығаны бар. Бұл кімнің бейіті дегенімізде, шеткі тұрған саман бейітке жақындап, Маңқан енеміздің мазары деп көрсетті», – деген еді Ысқақ ағамыз 2007 жылы. Ол жерде саманнан, тастан салынған бірнеше қорым бар. Онда Маңқан анамыздың балаларының, немере-шөберелерінің сүйектері жатыр. Бұл деректер Құлық руының шежіресін зерттеп жазып жүрген батырдың ұрпағы Сәденов Қуандықтың «Жалаңтөс

(Соқыр) батыр және Маңқан ана» деген мақаласынан алынды (03.08.2017. «Орталық Қазақстан» газеті) [4].

Осы мақаланы талдай келе мынадай байламға келдім: Қаз дауысты Қазыбек бидің қызы Маңқан туралы тарихи мәліметтерді терең білетін шежіреші, жыршы Құлық Жалаңтөс батыр тарихын жақсы білетін, батыр мұрасын ұрпақтан ұрпаққа жеткізген көнекөз қария Зейнешев Кәрімжанның ойлары, ойдерімен қолжазбалар мазмұнымен бірдей. Сондықтан З.Кәрімжан көнекөз қарияның ойларын одан әрі ғылыми талдау жасап, жалғастырайық.

Сарым Құлық (Жансары) Жалаңтөс батырдың 18-ғасырдағы мекені, жазғы жайлауы – Қарағанды төңірегі, Майлыбұлақ (Майқұдық), Нұра өзенінің бойы, Соқыр өзенінің бойы. Қазіргі Саран қаласының орнын бұрын «Жалаңтөс сораңы» деп атаған. Бұл кезеңде Жалаңтөс батыр елі мен жерін қорғау үшін қалмақтармен жиі соғысып жатқан. Осындай соғыс Қарқаралы, Егінбұлақ өңірінде болған, қалмақтар Қаракесек Қазыбек би ауылдарына шабуыл жасағанда әр жерден батырлар келген, солардың бірі Жалаңтөс батыр болатын. Бұл шайқаста ержүрек рухы мен батырлығын Жалаңтөс батыр көрсете білген. Осы шайқаста қалмақтармен бетпе-бет ұрысқа келгенде Жалаңтөс батыр сауыт-сайман мен дулығасын киіп, бес қаруын асынып, жекпе-жек деп, соғыс алаңына ақбоз атымен ойқастап шыққанда қалмақтар бір сәт тынышталып қалып, жау әскерінің ішінен Ноян батыр шығып, бұл жекпе-жекте Жалаңтөс батыр қалмақ батырын ат үстінен ұрып құлатып жаяу айқаста батырлық әскери өнердің шеберлігін көрсетіп, қалмақ батырының басын кесіп жеңеді. Одан кейін Жалаңтөс батыр ақбоз атына мініп, ұрандап шығып, қалмақтарды талқандап, жеңіске жетеді. Бұл шайқаста Қаз дауысты Қазыбек бидің көзі жас жігіт Жалаңтөс батырға түседі. Кейіннен бірнеше жорықтарда Қазыбек би қалмақтармен соғыста Жалаңтөс батырдың ержүрек батыр екеніне көзі жеткен, осындай ерлігі мен батырлығы халық арасында аңызға айналған.

Осы шайқастың алдында Егінбұлақ мен Қарқаралы өңірінде Жарлы өзеннің бойында Жалаңтөс батыр сарбаздармен қос тігіп ежелден келе жатқан көшпенділердің әскери өнерінің жаттығуларын өткізетін әскери жаттығу алаңы болып, ат үстінде соғысу әдіс-тәсілдерімен жаттығып, кей күндері Жалаңтөс батыр арнайы дайындалған сарбаздарымен қалмақтарға әскери барлау жасап жүргенде Қазыбек бидің жазғы жайлауына тап болады жөн сұрасып сусын мен қымыз ішіп дем басады, осы кезде Жалаңтөс батыр Маңқанды көріп, ғашық болып, екеуі бір-бірін ұнатып қалады. Жалаңтөс пен Маңқан бір-бірін ұнатып үйленген деп көптеген ақсақалдар мен көнекөз қария аталарымыз 20-ғасырдың 80-жылдары Төлеу Құдайберген, Аяған Рахымберлі және т.б. әңгімелерінің мазмұны бірдей.

Бұл шайқастан кейін Қазыбек би қалмақтармен соғыста және дипломатиялық қарым-қатынаста ержүрек батыр, әскери қолбасшы ретінде Жалаңтөс батырды өзімен бірге ертіп жүрген. Осы кезде Жалаңтөс батырдың жасы 17-18-де болып, 18-ғасырдың шамамен 1713-1716 жылдары ол қалмақтарға қарсы соғысқа қатысып, Баянауыл, Балқаш, оңтүстік шығыс өңіріне, қазіргі Ақмола, Көкшетау, солтүстік шығыс өңірлерге бірнеше жорықтар ұйымдастырған. Осы кезеңде Жалаңтөс батыр мен Маңқан бір-бірін ұнатқан. Қазыбек би қызы Маңқан мен Жалаңтөс батырға бақыт тілеп, батасын беріп шығарып салады. Жалаңтөс батыр Маңқанды Қарағанды төңірегіндегі

Соқыр өзеніндегі жазғы жайлауға жас отау тігіп, шаңырақ көтеріп, екінші әйелі болған. Бұл Жалаңтөс пен Маңқан шаңырағынан бірнеше ұрпағы тарап, көпшілік ұрпағы қазір Қарағанды, Ақтоғай, Қаратал, Жамшы өңірі, Қызылтас (Бірлестік), Балқаш және т.б. жерлерде тұрып жатыр. Осы жерлерді Жалаңтөс батырдың жазғы жайлауы, көктеуі, күзеуі, қыстауы болған. Сондықтан Жалаңтөс батыр бабамыз бұл жерлерді жаудан көздің қарашығындай сақтап келешек ұрпаққа мұра етіп қалдырып, қазақ жерінің тұтастығын сақтағаны туралы шежіреші көнекөз қария Зейнешев Қәрімжанның жазып қалдырған қолжазба дерегінен салыстырып, ғылыми талдап беріп отырмыз [5].

Бұл тарихи оқиғалар мен айтылған ойлар бір-бірін растап тарихи шындық екенін дәлелдейді, ол мына еңбекте кеңінен айтылған (Жалаңтөс батыр. Жинақ. Алматы – 2014.Б.24). Бұл еңбекте Жалаңтөс батыр мен Маңқан бір-бірін ұнатып, Маңқан әкесінің ерке қызы болып, әкесі Қазыбек би қызын Маңқанды аялап өсіріп, оны өзі ұнатқан Жалаңтөс батырға күйеуге бергені туралы айтылған [6].

Арғұн, Қаракесек, Майқы би, Сарым, Құлық (Жансары) руының шежіресінде Жалаңтөс батырдың әйелі Қаз дауысты Қазыбек бидің қызы Маңқаннан тараған ұрпақтары осы күнге дейін кімнің кімнен және қалай тарағаны туралы толық мәліметтер береді. Құлық шежіресіндегі Жалаңтөс батырдың екінші әйелі Маңқанның ұлы Бәйгелден мен өзім бір ұрпағы болып тараймын. Маңқанның басқа да балалары қазіргі күнде өніп өскені туралы «Құлық Жалаңтөс (Соқыр) батыр» шежіресінде кеңінен айтылған. <http://ru.calameo.com/read/001798844063dfa171e29>. (Құлық Жалаңтөс (Соқыр) ұрпақтарының шежіресі. «Арқо» ЖШС. Қарағанды -2009) [7].

Сондықтан халық арасында Маңқан Жалаңтөс (Соқыр) батырдың екінші әйелі екеніне күдік, қызғаныш, жалған ойларға жол беруге болмайды, өйткені басқадай ойлар тарихи шындыққа сәйкес келмейді. Енді тек осы мәселелерді тереңірек зерттеп, толықтыру керек.

РЕЗЮМЕ

В этой статье анализируются мысли и исторические рукописи о Манкане, дочери Казыбека би, второй жены легендарного Жалантос (Соқыр) батыра на казахской земле в 18 веке.

This article analyzes thoughts and historical manuscripts about Mankan, the daughter of Kazybek bi, the second wife of the legendary sokir Zhalantosh batyr on Kazakh land in the 18th century.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Әнуарбек Адамбеков.** 1985 жылы «Жұлдыз» журналының үшінші санында.
2. **Базарбек Атығай.** «Қазақ батырлары» газетінің 2000 жылғы №2 санында.
3. **Құлық Жалаңтөс** (Соқыр) ұрпақтарының шежіресі. «Арқо» ЖШС. Қарағанды -2009.Б.115.
4. **Қуандық Сәденов,** батырдың ұрпағы. Жалаңтөс (Соқыр) батыр және Маңқан ана. (03.08.2017. Орталық Қазақстан газеті. №2 санында.
5. **Зейнешев Кәрімжан.** «Құлық Соқыр Жалаңтөс батыр шежіресі мен тарихи қолжазбалары» (20-ғасырдағы 80-90-жылдардағы қолжазбалар).
6. **Жалаңтөс батыр.** Жинақ. Алматы -2014.Б.24.
7. <http://ru.calameo.com/read/001798844063dfa171e29>. (Құлық Жалаңтөс (Соқыр) ұрпақтарының шежіресі. «Арқо» ЖШС. Қарағанды -2009.Б.115).

ТҮРКІСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҒИМАРАТТАР: діни құрылыстар, жерлеу орындары туралы

Ділдәш МҰСТАПАЕВА,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты

Орта Азия, Қазақстан территориясында қоғамдық және ғимараттар құрылысы әр кезеңнің өзіне сай даму ерекшелігіне қарай өркендеген. Ежелден келе жатқан наным-сенім, салт-дәстүр, өмір сүру ортасының материалдық негіздері елдің тіршілігі мен рухани құндылықтарының көрінісі ретінде діни ғимараттарда, жерлеу орындарының сәулеттік даму ерекшелігінде көрініс беріп дамыды.

XI-XII ғғ. Қарахан дәуірінің діни ғимараттары, XIV ғ. Әмір Темір кезеңі, XV-XVIII ғғ. кезеңдердегі діни ғимараттар ислам діни ұстанымдарына сай салынған. Діни құрылыстар өз қызметтеріне қарай ерекшеленеді.

Сәулеттік ғимараттарды салуда жергілікті жердегі материалдар қолданылды. Саз балшық, пахса, шикі кірпіш, т.б. XI-XII ғғ. олардың құрылымы үш бөлікке бөлінгені белгілі. Кейінгі кезеңдерде күйдірілген кірпіштер кең қолданылған. Қаптама көркем тақталар қолдану Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде өзінің ерекше көрінісін тапқан. Орта ғасырлық Отырар, Түркістан аумағының қалалар құрылысындағы діни ғимараттар онда ерекше қала мәдениетінің дамуын көрсетеді [1, 148-б.].

Діни жерлеу ескерткіштері XV-XVIII ғғ. бірнеше түрде дамыған. Олар кесенелер, қоршаулы жерлеу орындары, қабырғастар деп бөлуге болады. Кесенелер қас бетті, күмбезді, мұнаралы болып салынып, жерлеу орындарында сағаналар, төртқұлақтар орнатылды [2].

Сағанатамдар қазақтың жерлеу ескерткіштерінің түрі болып табылады. Оны ел «керегетам» деп те атайды.

XXI ғ. басында ғалымдар өз зерттеулерінде қазақ халқының жерлеу ескерткіштерін түрге бөліп, сыныптаған. Дәстүрлі жерлеу ескерткіштері этнографиялық зерттеулер негізінде халықтық сәулет ескерткіштер кешені күмбезді, шатырлы үй не шатыр сипатты жай қоршаулар түрінде болғанын айғақтайды [2, 218-б.].

Күмбезді жерлеу құрылыстарының дамуы қазақ жеріндегі діни жерлеу сәулетінде көнеден дамыған.

XIX ғ. Қазақ даласындағы жерлеу орындары туралы зерттеген И.Кастанье «елдің ата-бабаларын деген шексіз құрметі мен қайтыс болғандарды қадірлеуін» тәнті болып жазады [3, 32-б.]. Өз еңбегінде қазақ даласындағы күмбезді ескерткіштер, мазарлардың көп кездесетінін баяндайды.

Г.А.Пугаченкова зерттеуінде Орталық Азиядағы барлық сәулет құрылыстарын екі түрге бөледі. Олар азаматтық және діни құрылыс деп жіктелген [4, 65-б.]. Л.Ю.Маньковская ортағасырлық Орта Азиядағы исламдық сәулет өнері ескерткіштерін

зерттеп үш негізгі түрлік сыныпқа бөлген. Олар қала құрылысы, азаматтық құрылыстар және діни ғимараттар түрінде белгіленген [5, 194-б.].

Ғылыми зерттеулерде қазақ халқының жерлеу орындары, мазарларының формалары, салыну тәртібі, негізгі түрлері, олардағы сабақтастық, ерекше белгілері, қалыптасу ерекшеліктері туралы мәселелер қарастырылған [6].

XIX ғ. екінші жартысындағы Түркістан альбомынан, XX ғ. басындағы сурет открыткаларда түсірілген Түркістан аумағындағы жерлеу орындары, мазарлардың суреттерінен қам кесектен соғылып, балшықпен сыланған мазарлады көруге болады. Солардың бірі – **Үндемес ата мазары деп аталған жерлеу орыны.**

Күмбезді, төрт бұрышты бөлмелер бір-біріне ұласқан мазар түрлері Түркістанда 1915 ж. болған және ол жерге ел зиярат еткен. **Баба Араб (Баба Ғариб) – Қожа Ахмет Ясауидің ел аңыздарында «жеті қорғаушының бірі» деп кездесетін шәкірттерінің бірінің мазары Әзірет Сұлтан кесенесінің маңында орналасқан.** Жерленген жеріне күмбезді мазар орнатылған. Ел қабіріне барып, зиярат етуді әдетке айналдырған екен.

XX ғ. басындағы Түркістанға зияратқа келген ел Әзірет Сұлтан кесенесінен батыс жағында орналасқан Баба Ғариб мазарына да зиярат еткен. Ахмет Ясауи кесенесінен 300 м. жерде орналасқан қабірді ел «әулиенікі» деген. Қалаға кіретін көпірлердің бірі осыған сай – «Бабырат» көпірі деп аталды.

XX ғ. 1910-1914 жж. Бабырат көпірі мен Үндемес ата мен Баба Араб (Баба Ғариб) кесенелері, олардың арғы бетіндегі Баба Араб (Баба Ғариб) мешітінің күмбезі, мешіті сақталған [7].

Қожа Ахмет кесенесінің батыс тұсында Жеті ата әулие орны бар. Қожа Ахмет Ясауи кезінде елге ілімін таратып, құмар, т.б. ойындарға әуесқой болған адамдарға өз ілімін үйретеді. Алғашында ақы ала отырып үйренсе, кейіннен ілімді игеру барысында жақсы деңгейлер, білім көздері ашылып, ақысыз үйренуге бет бұрып, Ахмет Ясауи бабаның шәкірттеріне айналады. Игерген ілімдерін елге таратып, бабаның мүридтеріне айналған Жеті ата кейін қайтыс болған соң кесененің батыс тұсына қойылған екен.

2009-2011 жж. археолог ғалымдар Жеті ата қақпасының орнын анықтады. Бұл қақпа атауы қала сыртында оған қарама-қарсы орналасқан Жеті ата мазаратына байланысты шыққан. Мазаратта Қожа Ахмет Ясауидің бір молаға жерленген аталған жеті мүридінің кесенесі болған, оларды халық «Жеті ата» деп атап кеткен. Қожа Ахмет Ясауи шәкірттері

Жеті ата жерленген жер уақыт өте, көп ғасырлардан соң қала қақпасы ретінде белгілі болды. Қалаға кіретін Жеті ата қақпасынан Ахмет Ясауи кесенесіне баратын жол Жеті ата көшесі деп аталған. Жеті ата әулие мазары XX ғ. басында Өзірет Сұлтанға зияратетіп келушілердің зиярат ете баратын орындарының бірі болды [7].

Жүсіп ата кесенесі Түркістан қаласынан 25 шақырым қашықтықта, Ескі Иқан ауылының орталығында орналасқан сәулеттік құрылыс.

Жүсіп ата туралы деректерге қарағанда ұстазы Қожа Ахмет Ясауи оны Иқанға жібереді. Ол кезде Иқанда жүзімшілік жақсы дамыған екен. Жүзімнің он екі сұрпы өсіріліп, Жүсіп ата Иқанға келгенде оған он екі түрлі жүзімдердің сұрыпын сыйлаған. Мазар XIV ғасырдағы ескі қала аумағында орналасқан. Негізгі кіретін қас беті солтүстік-батысқа, Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне бағытталды [8].

Қожа Ахмет Ясауидің шәкірттерінің бірі болған, Түркістан маңындағы Иқан ауылындағы кесенесінің мәрмәрден жасалған бағана бөлшектері қазіргі кезде Мемлекеттік «Өзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорық музей қорында сақтаулы.

Аңыздарда «Мырза Жүсіп»-«Ғашық Жүсіп»-«Ғашық Жүсіп бейдауи», «Баба Мәшінге дүре соғушы Мырза Жүсіп» деп аталған. XII ғасырда өмір сүрген. Мырза Жүсіптің «Самал ата» деп аталған мүриді туралы С.Сапабекұлы жазып қалдырған аңыздарда келтіріледі [8, 130].

Жүсіп ата кесенесі екі бөлмені құрайды: ұзындығы – 22-23 м, ені – 12,87 м., зияратхана бөлмесінің ішкі өлшемдері – 9,24 м x 9,21 м. Кесене (XVIII ғ) мерзімделген қос күмбезді, қас бетті, тікбұрышты 2 камералы құрылыс [8].

Түркістан қаласы аумағында орналасқан қорым, мазарлардың көне сәулет ережелеріне сай салынғандарының қазірге дейін сақталып келгенінің бірі – **Бала би (Тамабай) мазары – Түркістан қаласының оңтүстік-шығыс шетінде көне мазарстанда орналасқан.** Өл-Қожа ата кесенесінен 500 м. қашықтықта тұрғын үйлер жанында орын тепкен. Күйдірілген кірпіштен қаланған мазар ертеден келе жатқан сәулет өнері дәстүріне негізделіп салынған. Күмбезді, қас бетті, бір бөлмелі, төрт қабырғалы құрылыс. Бала мазары күйдірілген кірпіштен қаланған, іші сыланбаған. Бала би мазары «Өзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорық мұражайының қорғау аймағына енеді, жергілікті маңызы бар ескерткіш. Мазар көлемі ені мен ұзындығы 4,7, биіктігі – 4,5 м. м. күмбезді құрылыс болып табылады [9].

Сонымен қатар Созақ ауылының орталығындағы қорымда орналасқан. 1994 ж. «Ескерткіштер жинағы. Оңтүстік Қазақстан облысы» бойынша Қазаншы ата кесенесінің сырты балшықпен сыланған, батыс тұсында кейінірек шикі кесектен қоршау сағана салынған» деп жазылады. Күмбезді кесене биік, конус сипатындағы күмбезі бар. Күмбездің ортаңғы бөліктерінде дөңгелек, жарық түсіп тұруға негізделген ойықтары бар. Жергілікті халық қорымды әулиенің атымен «Қазаншы ата әулие қорымы» деп атайды. Кесененің жалпы мөлшері – 6 x 6, биіктігі – 8-9 метр. Астыңғы бөлігіндегі 6 x 6 метрлік қабырғасы төрт бұрышты болып келеді де, 2 метр биіктіктен соң төбесі шошайма, конус сипатында күмбез қаланып шыққан. Төбесіне қаланған кесек арасына ағаштар қойылған, ағаштың астыңғы жағында 65 – 70 см-ден соң тесіктер қалдырған. Кесене есігі оңтүстік-батысқа қараған. Астыңғы қабырғасының қалыңдығы – 80 – 90 см.

Төбесінің қалыңдығы – 35 – 40 см. Бір деректерде Қазаншы әулиенің азан шақырып қойған аты – Абдуләзиз Қашқарий десе, келесі деректерде **XIV ғасырдың соңында Әмір Темірдің бұйрығымен Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне арнап Тайқазанды құйған шебер Әбдул Әзиз Шараф ад-дин (Сәруар ад-дин) ұлы Тәбризи деп айтылады.** Тайқазанды құйған шебердің есімі тайқазанның сыртындағы екі картушта жазылып түсірілген. Ол «Әбдул Әзиз Шараф ад-дин (Сәруар ад-дин) ұлы Тәбризи», ал басына қойылған белгі тасқа «Абдуләзиз Қашқарий әулие XIV ғасыр» деп жазылған. Белгі тастағы жазу кейінгі ғасырларда болған оқиғалар мен өзгерістерден соң жазылған болар.

Созақтағы Қазаншы әулие мазары елдің айтуынша XIV ғ. соңында Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне Әмір Темірдің әмірімен тайқазанды құйған ұста Әбділ Әзиздің мазары екен. Аңыз бойынша үлкен қазанды жасаудағы өнеріне риза болған Қожа Ахмет Ясауи аруағы шеберге елес береді. Дарынды өнері үшін ұстаны Меккеге зиярат еткізіп қайтпақшы болады. Әзірет Сұлтан баба ұстаға көзін жұмып, рұқсатынсыз ашпауды бұйырады. Ұста шыдамай көзін ашса, көк теңіздің үстінде ұшып келеді екен. Осы зияраттан оралғаннан соң Қожа Ахмет Ясауи баба шеберге *«саған енді топырақ менің қасымнан бұйырмайды, Созақтағы Қарабура әулиенің жанында қалатын болдың»* деп аян берген екен. Созақ мазары бар Қазаншы әулие – Әбдул Әзиз шебер деген аңыз осындай. Ортағасырларда ұста өмір сүрген Қарнақ пен Созақ аралығын керуен жолдары жалғастырып тұрған. Ел ерен еңбегі мен өнегелі ғұмырына сай қадірлеп, қасиеттеген көптеген кісілердің қатарында XIV ғасырдың екінші жартысында XV ғасырдың басында өмір сүрген Әбдул Әзиз ұста да болды. **Ел «Қазаншы ата» деп атаған, әулиелердің лақап атының болатынының әулиелі жерлерді зерттеген ғалымдар тұжырымын нақтылап отыр, ұста Әбдул Әзиз көнеден келе жатқан салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты сақтап, өрбіткені үшін «Қазаншы ата» деген есімге ие болды.**

Осы кезеңге дейін темірші, ағаш шеберлері Қазаншы атаға түнеп, зиярат етіп келеді. Ежелден келе жатқан салт-дәстүр, наным-сенімдердің үрдісін дамыта отырып, ата дәстүрін жалғастырып, жергілікті елдің рухани мұрасымен біте қайнасып кеткен ұста Әбдул Әзиздің тұлғасы елде Қазаншы ата ретінде белгілі болды [10].

Елдің рухани өмірінің бір көрінісі ретінде сақталған осындай кесенелердің бірі **Жүніс ата кесенесі**, бұл туралы зерттеулерде – Созақ ауданы Мыңжылқы тауының бөктеріндегі Таукент қалашығымен жанында орналасқаны туралы айтылады. Әулиенің басына кейінгі кездерде қышпен кесене тұрғызылған. Кесененің ұзындығы – 10, ені – 7 метр, биіктігі 6,5 – 7 метр. Төрт қабырғасының түйіскен жерлерінде биіктігі 0,75 x 0, 80 метр шамасында биіктете өрілген. Үш бөлмелі, әр бөлменің үсті күмбезді болып келген. Есігі солтүстік – батысқа қараған. Алдыңғы жағы екі кіші күмбезді бөлме, біріншісі кіреберіс дәліз бөлме, екіншісі дәліз бөлмеден оң жаққа есік ашылып, екінші кіші бөлмеге кіреді. Ол бөлменің ұзындығы 4, ені 3 метр. Дәліз бөлмеден үлкен бөлмеге кіреді. Оның ұзындығы мен ені 5,5 метр. Бөлменің орта бөлігінде қабірі орналасқан. Еденіне көк мәрмәр төселген. Кесененің сол қапталында үлкен тораңғы ағашы бар. Қасиеті – адалдықтың, тазалықтың рухани иесі. Ұрпағын бәле-жаладан, жын-шайтаннан арылтады. Түрлі ауруға шалдыққандар, перзентке зар аналар

түнейді. Ел қысылғанда басына мал құрбандық етіп, құран оқып, жәрдем сұрайды [10].

Діни ғимараттардың елдің көне заманнан дамып қалыптасқан ережелерге сай салынуын айғақтайтын ғасырлар өтсе де белгілі бір деректерде, нақты қастерленетін орын ретінде сақталып, жеткендері аз емес. Дегенмен, белгілі бір уақыт, салуда қолданылған материалдар, саяси-әлеуметтік, экономикалық орта жағдайы, тағы басқа да субъективтік және объективтік факторлардың ықпалы да әсер ететіні анық. Сақталған, болмаса уақыт тезіне төтеп бере алмаған құрылыстар қаншама. Бұл туралы зерттеушілер жан-жақты зерттеп, зерделеген [2].

Елдің өткен өмірі, тарихымен тығыз байланысты осындай жерлеу орындары өте көп. Ғасырлардан ғасырларға келіп жеткен мазарлар, қорымдар, олардың орналасуы, сақталуы, ата-бабаны қастерлеу, оларға құрметпен қарау көрінісі деуге болады.

РЕЗЮМЕ

В статье повествуется о средневековых погребальных религиозно-архитектурных памятниках Туркестанского региона. Рассказывается об их видах и особенностях.

The article tells about the medieval burial religious and architectural monuments of the Turkestan region. Describes about their types and features.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қожа М. Ортағасырлық Отырар тарихы. –Нұр-Сұлтан: «Өрнек баспасы», 2019. -424 бет.

2. Ажигали С.Е. Архитектура кочевников- феномен истории и культуры Евразии. (Памятники Арало-Каспийского региона).-

Алматы: НИЦ «Ғылым», 2002. -654 с.

3. Кастанье И.А. Надгробные сооружения киргизских степей//Труды Оренбургской ученой Архивной комиссии. Вып, 26. –Оренбург: Типография Тургайского областного правления, 1911.-188 с.

4. Пугаченкова Г.А. Зодчество Центральной Азии. XVвек: Ведущие тенденции и черты.-Ташкент: изд-во. Литер. И искусства.1976. -65 с.

5. Маньковская Л.Ю. Типологические основы зодчества Средней Азии (IX-начало XXв.).-Ташкент: Фан, 1980. 183 с.

6. Байтанаев Б.А., Елгин Ю.А. Культовая архитектура Казахстана. Архитектурно-археологические исследования памятников позднего ислама. –Алматы,2013. -302 с.

7. Қожа Ахмет Ясауи есімімен байланысты аңыз, әпсана, хикаялар . –А., 2009.; Ясауи тағылымы. –Түркістан,1996.; Смағұлов Е.А., Тұяқбаев М.Қ., Өсеров Т., Күмісбаева Ұ., Мұсабаев Қ., Мұташев Е. Ескі Түркістан қаласының Жеті ата қақпасының тарихи орнында 2009 ж. жүргізілген археологиялық зерттеу жұмысының есебі. –Түркістан, 2009.

8. Мемлекеттік «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорық музейі. Сақтау қоры. Жұма мешіт, Түркістан тарихы экспозициясы. Этнография бөлімі. Эсми. Кк-127,128,129, кк 27, кк 29.; Сапабекұлы С. Түркістандағы тарихи зиярат//Ясауи тағылымы. –Түркістан, 1996.; Свод памятников Южного Казахстана. Южно-Казахстанская область. Алматы. 1994.; Хашимов М.А. Религиозные памятники Центральной Азии. Алматы, 2001; Бейсембаева Л.С. Архитектурные особенности мавзолея Жунус-Ата //Тұран-Түркістан: тарихи-мәдени сабақтастық мәселелері. Ежелгі дәуір және ортағасырлар. Түркістан археологиялық экспедициясының 10 жылдығына арналған ғылыми конференция материалдары. Түркістан, 2006.

9. Свод памятников Южного Казахстана. Южно-Казахстанская область.Алматы. 1994.

10. Жақсымбетов Е. Әзіреті Қаратау, әулиенің кені еді: танымдық еңбек, Шымкент, 2000.; Қазыналы Оңтүстік. Т.22.: 5-кітап: Әз-әулиелер / Құраст. Қ.Т.Тәжиев. Алматы, 2011.

АРХЕОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АҚСУАТ ӨҢІРІНІҢ КӨНЕ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Әйгерім ҚҰМАШ,
Семей қаласының Шәкәрім атындағы
университетінің 2-курс магистранты

Ұлан байтақ қазақ жері ерте заманнан бері түркі тайпаларының құтты орны, атамекені болды. Қазақстанның әрбір өңірі мыңжылдықтар тарихымен ұштасып келеді. Шығыс өңірінің Тарбағатай өлкесі де талай сырға толы тарихты таңбалап жатыр. Адамзат дамуының ерте кезеңінен бастап, бүгінгі жаңа ғасырдың іргесі бекігенге дейін бұл өңір адамзат үшін қолайлы аймақ болды. Тарбағатай өлкесі скиф-сақ археологиясының тарихынан, ерте көшпелілер мәдени кешенінің пайда болуынан, қалыптасу орны мен уақытынан сыр шертеді. Мақалада Шығыс Қазақстан облысындағы Тарбағатай өлкесінде жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары қарастырылады.

Таулы, далалы, жартылай шөлейт сан алуан сипаттағы аймақтардың тоғысында орналасқан Шығыс Қазақстан облысын археологтар көбіне-көп Ертістің

жоғарғы жағындағы аймақ (Верхнее Прииртышье) деп атайды. Шығыс Қазақстан қашан да адамның өмірі үшін өте қолайлы жер болған. Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Сібір мен Алтайды Жетісумен және Орта Азиямен байланыстыратын аумақ болғандықтан, барлық уақыттарда Батыс Азияның далалық белдеуінің тайпалары мен халықтарының тарихи дамуында маңызды рөл атқарған [1, 7-б.].

Тарихи-географиялық жағдайы әрқилы болып келетін Шығыс Қазақстан өлкесінде, әрбір тарихи кезеңдерде тұрмыс тіршілігі әртүрлі халықтар өмір сүргендігі белгілі. Олардың көбі дерлік Тарбағатай өлкесінде қоныстанған. Сол себепті де, Шығыс Қазақстан өңіріндегі көне дәуірлерден мәлімет беретін тарихи орындардың бірі – Тарбағатай өлкесі екендігінде күмәніміз жоқ.

Қола дәуірінің бас кезінде Тарбағатай бойын мекендеген адамдардың тұрмыстық-шаруашылық нысандары біршама дами түсіп, нәтижесінде таптық-рулық қарым-қатынастар дамыған. Тарихи мәліметтерге тоқталатын болсақ Қазақстанның Шығыс бөлігінде орналасқан Алтай-Тарбағатай тауларын алғашқы адамдар көрнекті тарихшы-археолог З.С.Самашевтің айтуына қарағанда бұдан 4 мың жыл бұрын мекендеген. Ғалымдардың еңбектерінде: «...Осыдан төрт мың жыл бұрын, қола ғасыры дәуірінің өзінде-ақ Қазақстан аумағында тарихқа андронов және беғазы-дәндібай мәдениеті деген атпен енген тайпалар мекендеген. Күн күйдірген қара жартастардың беттеріне адамдар би көріністерін, күн сияқты басы бар құдайлардың, ежелгі құдай бейнелерін көрсететін алып түйелер мен өгіздердің бейнелерін қашап салған», – деп, адамдардың тұрмыс-тіршілігі жөнінде сипаттама беріледі [2, 12-б, 68-б.].

Тарбағатай өңірі алуан түрлі жайылымдарға, соның ішінде қысқы жайылымдарға, топырағы құнарлы өзен аңғарларына, алуан түрлі терісі бағалы аңдарға, жер қойнауы әртүрлі металдардың кендеріне бай. Міне, осы физикалық-географиялық ерекшеліктер осыдан 140 мың жылдай уақыт бұрын келген адамдардың өмірі үшін қолайлы жағдайлар туғызған деп айтуға болады [3, 154-б.].

Сонымен қатар Тарбағатай өңірінде адамдардың тұрмыс-тіршілігінен сыр шертетін қоныстар мен тұрақтар да бар. Оларды зерттеу үшін 1989 жылдан 1998 жылға дейін Ақсуат және Тарбағатай аудандарында Қазақ мемлекеттік университетінің Ө.Төлеубаев және Ғ.Омаров жетекшілік еткен археологиялық экспедициясы жұмыс істеді.

Нәтижесінде Тарбағатай ауданынан 40-тан астам қорғандар анықталып, төлқұжаттандырылды, Масалы мен Ескеалмастағы қола дәуірінің қорғандарында қазба жұмыстары жүргізілді. Ғ.Омаров Ақсуат ауданынан, Тарбағатайдың тау беткейлерінен ерте темір дәуіріне жататын екі қорған – Ашылы I және Ақтүбек I обаларын қазды. Қазба жұмыстары олардың біздің дәуіріміздің III ғасырларына жататынын көрсетті. Зерттеушілердің пікірінше, бейіт үстіндегі ғимараттардың сипаты, жерлеу камераларының құрылысы, жерлеу рәсімі бұларды Жетісудағы сақ-үйсін ескерткіштеріне жақындатады.

Облысымыздың басқа аудандарын зерттеушілер де жерлеу рәсімдерінде бір-біріне ұқсамайтын ерекшеліктер бар екенін атап көрсеткен. Археологтар Ақсуат ауданында қазба жұмыстарын жүргізген кезде шойтастардан салынып, жерге көмілген алты қоршауға ерекше назар аударды. Бір қоршаудан басқаларында ақ түсті кварц шойтастар пайдаланылған. Ал қара сланецтан тұратын соңғысы батыс қапталға орналасып, қоршаудың кірер есігіне жол сілтегендей [4, 14-б.].

Бұл кешендегі барлық қоршаудың батыс қабырғасындағы бір тастың басқа түспен ерекшеленіп, ірі дөңгелек қоршаулардың басқа қалау қатарларынан жоғары тұрғанын атап айтқан жөн. Археологтар (А.М.Оразбаев, А.Т.Төлеубаев) бұл ескерткіштерді Ашылы 1-3, Ақтүбек 1-4, Масалы қорғандарын Федоров кезеңінің соңы және Андронов мәдениетіндегі алакөл кезеңімен, басқаша айтқанда б.э.д 16-14 ғғ. жатқызады.

Жалпы, Тарбағатай өңірінің археологиялық мұра ескерткіштерін есепке алу, тіркеу, зерттеу жұмыстарымен өткен ғасырдың орта тұсында ленинградтық ғалым, С.С.Черников басқарған Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясының қызметімен тығыз бай-

ланысты. С.С.Черников зерттеулері негізінен Шілікті жазығында шоғырланған «Патшалы оба» қорымдарын зерттеуге бағытталған еді. 1989 жылдан бастап, ҚазҰУ профессоры, т.ғ.д. Ө.Т.Төлеубаев басқаратын археологиялық экспедиция зерттеу жұмыстарын жүргізіп келе жатыр.

Сондай-ақ, Ө.Т.Төлеубаевтің жетекшілігімен жүргізілген экспедициясының археологиялық барлау жұмыстары нәтижесінде бұрындары ғылыми ортаға беймәлім болып келген Шілікті жазығымен Қызылкесік ауылына дейінгі аралықтағы қола ғасыры мен ерте түркі дәуіріне дейінгі 52 қорым мен бірнеше қонысты тіркеуге алып, ескерткіштердің топографиялық картасы, жоспарлары сызылып, фотоматериалдары мен нақты координаттары анықталып, ескерткіштердің төлқұжаты жасалды [5, 52-63-б.].

Дала және теориялық зерттеулер нәтижесінде ежелгі Тарбағатай көшпелілерінің материалдық және рухани мәдениетінің деңгейін сипаттайтын өнер, көркемдік мәдениет, әскери істер туралы жаңа материалдар алынды.

Соның бір көрінісі ретінде Елеке сазынан табылған қорғандар кешенін атап өтуге болады. Елеке сазы ерте көшпенділер дәуірі мен ежелгі түркі дәуіріндегі қорғандар кешені. Ескерткіш Ақсуат ауылынан оңтүстікке қарай 80 км жерде, Елеке сазы жазығында орналасқан. Көшпенділердің бірнеше мыңжылдықтар бойына жерлеу-атаулы ескерткіштері салынған ерекше жер: ерте сақтардан бастап ежелгі түріктерге дейін.

Тарбағатай құбылысы Алтайға да, Жетісуға да тән табиғи ландшафтық ерекшеліктерді бейнелейтін скиф-сібір континуумының мәдениеттерінің белгілі бір орталығы.

Елеке сазынан табылған заттардың Шілікті алқабындағы ерте сақ жерлерінен табылған заттармен ұқсастығы, біздің дәуірге дейінгі 1 мыңжылдықтың басынан бастап, аймақтың саяси және культтік орталығы рөлін атқарды деп ойлауға толық негіз бар [6, 107-б.].

1989 жылы профессор, тарих ғылымдарының доценті Ө.Т.Төлеубаевтың ұйымдастыруымен құрылған Семей археологиялық экспедициясы теріскей Тарбағатайдың тарихи ескерткіштерін зерттеу ісін жүргізіп келеді. Осы зерттеулер барысында Жетісу өлкесінде қалыптасқан үйсін мәдениетінің солтүстік-шығыс шекарасы Тарбағатай өңіріне дейін таралғандығы заттай және қытай жазба деректерімен өзара дәлелденеді.

Сондай-ақ, Ө.Т.Төлеубаевтың Шілікті жазығында 2003 жылдан бастап жүргізіп келе жатқан зерттеулері Еуразия даласында сақтардың мәдени феноменінің қалыптасуы мен ерте темір дәуіріндегі протомемлекеттік құрылымның алғышарттары туралы дискуссиялық мәселелерді жаңаша пайымдауға негіз болатын деректерді айналымға енгізді. 2010 жылдан бастап, Тарбағатай аймағының Ақсуат ауылдық округінің әкімшілік шекарасында орналасқан ерте темір дәуірі ескерткіштері Астана қаласындағы Ө.Х.Марғұлан атындағы Археологиялық институт филиалының Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясының Ақсуат археологиялық тобы (жетекшісі Е.Оралбай) тарапынан зерттеліп келеді.

«Рухани жаңғыру» жалпыұлттық бағдарламасының жаңа компоненттері ата-бабаларымыздың көп ғасырлық мұрасының цифрлық өркениет жағдайында түсінікті әрі сұранысқа ие болуын қамтамасыз ете отырып, оны жаңғыртуға мүмкіндік береді. Осы орайда, ерте көшпелілер дәуірінде жүрген тарихи-мәдени үдерістердің қайнаған ор-

тасында болған Тарбағатай өңірінде жаңадан ашылған, ерекше архитектуралық құрылымдары бар ескерткіштерді зерттеудің маңыздылығы арта түсуде. Қорытындылай келгенде, археолог ғалымдардың зерттеулерінің нәтижесі бізге өз еліміздің тарихын білуге, дәуірлердің арасындағы байланысты сезінуге және Отанға деген махаббатты арттыра түсуде. Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы.

РЕЗЮМЕ

Написано об изучении древних памятников бывшего Аксуатского района Тарбагатайского района.

It is written about the study of ancient monuments of the former Aksuat district of the Tarbagatai district.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Төлеубаев А.Т.** Раннесакская шиликтинская культура.- Алматы.-2018.-528 с.
2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Төрт томдық. I том.-А: Атамұра, 1996, -544 бет.
3. **Бенкевич В.** Киргизское степное скотоводство и меры к его улучшению // Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела ИРГО. – Семипалатинск, 1903. – Вып. 1. – С. 45-52.
4. **Төлеубаев А.Т.** Раннесакская шиликтинская культура.- Алматы.-2018.-528 с.
5. **Төлеубаев Ә.Т., Омаров Ғ.Қ.** Тарбағатай теріскейінің жаңадан ашылған археологиялық ескерткіштері // «Бұзылып жатқан тарихи-мәдени ескерткіштерді зерттеу және оларды туристік нысандарға енгізудің өзекті мәселелері» атты далалық-семинардың материалдары. — Алматы: Қазақ университеті, 2011. 52–63 бет.
6. Сакральная география Казахстана: реестр объектов природы, археологии, этнографии и культовой архитектуры/ под общей редакцией академика НАН РК Байтанаева Б.А.- Алматы: Институт археологии им.А.Х.Маргулана, 2017.-Вып.1.- 233-264 с.

ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР

ОМАР ХАЙЯМ – ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕ ТАНЫЛҒАН ТҰЛҒА

Нәзия ТӘСІЛОВА,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің Қазақстан тарихы кафедрасының
қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к.
Меруерт БАТЫРБАЕВА,
Азаматтық авиация академиясының
аға оқытушысы, магистр. Қазақстан, Алматы

«Әділетті болу үшін алдымен мейрбан болу керек. Мейрбан болу деген сүрінбейтін тұяқтың болмайтынын түсіну. Адамның бәрі қателеседі...», – осы бір дана сөздердің авторы атақты философ Омар Хайям Нишапури, парсыдан шыққан философ-ғалым. Өз заманының көреген ойшылы, математик, дарынды ақын, астроном әрі шайыр болған. Омар Хайямның ғылыми мұрасы математика мен астрономия саласын жаңа сапалы деңгейге көтеріп, философиялық еңбектері ұрпақ тәрбиесінде таптырмас құралға, ал айтқан нақыл сөздері кейінгі ұрпаққа насихатқа айналды [1]. Оның толық аты – Ғиясаддин Әбу әл-Фатх Омар ибн Ибраһим Хайям Нишапури. Омар Хайям хижра шәмси жыл санағы бойынша 427 (бір мәліметтер бойынша біздің жыл санауымыз бойынша 1040 жылы туылған десе, кейбір еңбектерде 1048 жыл деп көрсетіледі) жылы Селжүктер әулеті билік еткен тұста дүниеге келген. Әкесі Ибраһим сол кезеңде лашық үй жасаумен шұғылданған, сондықтан “Хайям” – осы кәсіпке байланысты берілген атау. Араб тілінде «хейям» - «шатыр» немесе «тоқушы» деген мағынаны береді екен. Ал Нишапур Омардың туған жерінің аты. Бұл қала Иранның солтүстігіндегі Хорасан өлкесінде ірі сауда-саттық орталығы болған, Қытай, Үндістан мен Орталық Азия, Араб елдерімен түрлі байланыстар жүргізген атақты қала болатын [2].

Омар Хайямның ұстазы Нишапурдың белгілі

ғалымы Насыреддин шайх Мұхаммед Мансұр деп есептелді. Ғұмыры Балх, Самарқанд, Мерв, Исфahan, Рей, т.б. ортағасырларда білім мен ғылымның орталығы болған қалаларда өткен. Ол математика, физика, астрономия, философия, дін негіздері мен тарих ілімдерін Балх қаласында жетік меңгерген болатын.

Омар әйгілі ғұламалардан дәріс алып, Аристотель мен Ибн Синаның философиялық көзқарастарын қолдаған. Хорезми, Фараби, Бируни, Рудаки, Фердауси, Қысыраудың еңбектерімен сусындап, өзіндік көзқарасын қалыптастырған. Нишапурда бай кітапхана, жоғары және орта білім беретін медреселері көп болыпты. Омардың балалық шағы осы қалада өткен. Омар алғашқы білімді медреседен алып, әрі қарай Балх пен Самарқандта білім алған. «Ақиқат қажысы» деген лақап атымен танылған Хайямның ғылыми еңбектері әдеби шығармаларынан гөрі маңыздырақ болғанымен, оған жаһандық атақ әкелген де дәл сол рубаилері (рубаи – қос тармақты, төрт жолдан тұратын өлең, лирикалық поэзияның формасы) [3]. Оның үстіне ақынның рубаилері әлемнің көптеген тілдеріне аударылған.

Селжүктер әулеті билік еткен тұстағы ғалымдардың мүшкіл жағдайы туралы Омар Хайям: «Біз ғалымдардың қырғынға ұшырауының куәсі болдық, олардан тек ауыр азапқа шыдаған бірен-

сарандары ғана қалды. Бұл тірі қалған ғалымдарға түгелінен беріліп өз ғылымын жетілдіруге және тереңдетуге қатыгез тағдыр мүмкіндік бермеді. Осы күні ғалым түрінде жүргендердің көпшілігі болар-болмас білгендерін зұлымдық мақсаттарға ғана пайдаланып, алдамшылық пен екіжүзділіктің шеңберінде қалып жүр, шындыққа өтірікті кигізіп жүр», – деген болатын өзінің «Алгебра мен әлмүкәбәла есептерінің дәлелдемелері» деген еңбегінде [4].

Селжүк сұлтандары ірі ғалымдарды сарай жанында ұстап, көптеген кеңестер алып отыратын болған. 1074 жылы Омар Хайямды Селжүк билеушісі Мәлікшаһ сарайына шақыртып, Исфахан қаласында қызметке алынады. Осы қалада салынған обсерваторияның жетекшісі болып 17 жыл қызмет етеді. Астрономиялық зерттеулердің **нәтижесінде «Мәлікшаһтың астрономиялық таблицасы»** деп аталатын селжүктер күнтізбесін жасап шығарады. 1079 жылы ресми түрде «Джалали» деп аталған күнтізбені дайындап шығарғанда оның ғалымдар арасында беделі өседі. Бұл сол кездегі юлиан және григориан күнтізбесінен анағұрлым дәл көрсететін күнтізбе ретінде мойындалған болатын [5].

Хайям да сұлтандар үшін жұлдыз бойынша таһлихнама (гороскоп) жасаумен шұғылданғаны мәлім. Ол, мәселен, ауа райын алдын ала болжауға әрекеттенген [6]. Бірақ та Хайям мұнда астрологиядан көрі азды-көпті тәжірибе жүзінде тексерілген белгі-нышандарға сүйенуі ғажап емес. Өйткені Хайямды өте жақсы білген Низами Самарқанди: *«Мен Омардың алдын ала жұлдызға қарап болжауының бірнеше рет куәсі болдым. Алайда ол өз айтқандарына ешбір сенбейтін еді. Ұлы адамдар арасынан астрологиялық болжауларға сеніпті деген ешкімді көрген де, естіген де емеспін»*, – дейді. Бұған қарағанда Хайям жалған ғылым – астрологияны мансұқ еткені байқалады. Бұл жөнінде Хайям ұлы ұстаздары Фараби, Бируни, ибн Синалармен пікірлес болғанын көреміз. Заманның көптеген ірі оқымыстылары сияқты Омар Хайям да жан-жақты білімді, ғылымның көп саласында жемісті еңбек еткен ғалым. Оның жаратылыстану жөнінде жазылған бірсыпыра шығармалары бізге жеткен жоқ. Бізге мәлім еңбектері ішінде календарь реформасына байланысты жүргізген астрономиялық зерттеулерінің мәні зор. Хайямның кезінде Орта Азия мен Иранда Күн календары мен Ай календары қатар пайдаланылатын. Күн календары бойынша бір жылда 365 тәулік, ал Ай календары бойынша бір жылдағы тәулік саны одан 11 күн кем, яғни 354 тәулік бар деп алынған. Шынында, бұл санаулар тек жуық түрде ғана дұрыс. Осының салдарынан азаматтық немесе діни мейрамдар (наурыз, айт, т.б.), түрлі маусымдардан басталып, аяқталу мерзімдері шатасып кетіп отырған. Міне, осы келіспеушілікті жою астрономдарға жүктеледі. Омар Хайям белгілі бір жүйемен високос жылдар қоя отырып, мүмкін болатын қатені барынша жоқ етуге тырысады. Хайямның календарының дәлдігін бағалауда ғылым тарихында бірнеше топшылаулар бар. Соның бірі бойынша, Омар Хайям әрбір 33 жылда 8 високос (кібісе) жыл қоюға тиіс болған, 7 рет әрбір 4 жылдан кейін, 1 рет 5 жылдан кейін. Сонда 5 мың жылда барып жинақталған қате бір тәулік болады екен. Ал қазір біз қолданып жүрген григорьян календары бойынша мұндай қате 3333 жылда жиналады.

Тарихта Омар Хайямның аты діни заңдар мен медицинаның білгірі, математика мен астрономия ілімінің негізін жасап, жаңалық енгізген ғалым ретінде емес, ақын, өлеңдері мен нақыл сөздері ел аузында мәңгі сақталған тұлға ретінде қалды.

Ақын өмір мен өлім, жақсы мен жаман, жұмақ пен тозақ, қанағат пен обырлық, жастық пен көрілік, махаббат пен зұлымдық, құштарлық пен тақуалық парқын төрт жолдан тұратын өлеңге сыйғызды. Оның рубайлары адамгершілік ұстанымдарға негізделген, ол әділетсіздікке қарсылық білдірді, қоршаған ортаға сын көзімен қарап, озық ойларын батыл айта білді. Өз ойын жеткізу үшін белгілі дәрежеде бейнелеу тәсілдерін қолданды. Мысалы, құмыра, пиала, дүкен, шеберхананы жырлау арқылы жаратушы мен әлемнің, адамның арақатынасын сипаттаса, адам мүрдесі топыраққа айналған жерден өсіп шыққан гүлді өмір мен материяның мәңгілік құбылысы ретінде бейнеледі. Ақын өлеңдерінде махаббатты жырлау арқылы метафоралық терең ой тұжырымдалды. Оның өлеңдерінен ақиқатқа талпыныс, тіршіліктің мәнін парықтау мен енжарлықты, екіжүзділікті әжуәлау сарыны байқалады. Омар Хайям өлеңдері аз сөзбен келелі ой айтуымен, қарапайым сөздердің өзара жарасымды үйлесім тауып, әуезді болып келуімен ерекшеленді.

XIX ғасырда Э.Фидджеральд ақын өлеңдерін ағылшын тіліне аударды (1859 ж.). Бұл аударманы ғалым Теннисон **“жаңадан ашылған планетаға”** теңесе, кей ғалымдар тақырып әуендерін өзінше өзгертіп, кейде қосымшалар енгізіп жіберген деген пікір де айтады [7]. Міне, осы аударма кітап парсы-тәжіктің ұлы ақынын Еуропаға алғаш рет алып келіп, оны Батыстың оқушы қауымымен қауыштырған еді. Осыдан кейін Омар Хайям туралы, оның поэзиясы жайлы біріне-бірі қайшы, шым-шытырық пікірлер айтыла бастады. Онын ойлы, мұңлы өлеңдері көп көңіліне жол тапты. Дәл осы қарсаңда, атап айтқанда 1851 жылы Неміс математигі Франц Вепке Парижде «Омар әл-Хайямидің алгебрасы» деген еңбек жариялады. Мұнда бұрын еуропа ғылымына бүтіндей мәлімсіз орта ғасыр ғұламасының алгебралық трактатының арабша тексті мен французша аудармасы келтірілген. Тарихтағы аса көрнекті алгебрашылардың бірі Еуропа ғалымдарымен алыс заманнан аса таяғын ұстап келіп осылай табысып еді.

Омар Хайям рубайларының Қ.Шаңғытбаев аударған нұсқасы (325 рубай) 1965 жылы жеке кітап болып шықты. Ө.Күмісбаев **“Иранбақтың бұлбұлдары”** атты жинағында бірнеше шығыс ақындарымен қатар Омар Хайям өлеңдерін 2004 жылы аударды. Омар Хайямның кесенесі Нишапур қаласында орналасқан. Бұл адам тіршілігін математика мен астрономияға бағыштады, өзін Әбу-әли Ибн Синаның шәкіртімін деп есептеді және поэзиямен қолы бос кезде ғана айналысты. Бірақ оның есімін өлмес даңққа бөлеген поэзиясы болды. Фирдоусиден кейін өзін ақынмын деп атауға жүрексінген адам үшін бұл нағыз ақындық бақыт қой!

Омар Хайям «Болмыс және болатын істер туралы трактат» деп аталатын алғашқы философиялық еңбегінен кейін «Үш сұраққа жауап: мәңгілік және детерменизм», «Жалпы ғылымның пәні туралы ақыл жорығы». «Ғұмыр туралы трактат». «Қажетті кітап (бар нәрселер хақында)» деген еңбектерін де жариялаған болатын. Бұлар өте қысқа, кейбіреулері бірнеше беттен ғана тұрды.

Омар Хайямның математикадан жазған 2 ірі еңбегі белгілі. Олар: **«Алгебра мен әлмүкәбәла есептерінің дәлелдемелері туралы»**, **«Евклид кітабындағы қиын постулаттарға түсіндірмелер»** деп аталады. Бұл еңбектердің алдыңғысында алгебра, соңғысында геометрия мәселелері қозғалады. Хайям өз тақырыбына байланысты Аристотельдің, Фарабидің, Птоломейдің, Евклидтің еңбектерін басшылыққа алып отырды және математика, алгебра мен геометриялық

есептерді шешудің шебері болған.

Омар Хайям «Алтын мен күмістен тұратын заттардағы алтын, күмістің мөлшерін анықтау өнері жөнінде» физикалық трактат жазған. Осымен қатар ол медицина тәуіптік өнерімен де көп шұғылданды. Бір нұсқада Омар Хайям сұлтан Санжар жас шағында шешекпен ауырған кезде оны емдеп жазды деген дерек бар. Омар Хайямның ғылыми еңбектерінің салмақты жағы оның математикалық жетістіктерінде жатыр. Жоғарыда айтылған календарь формасы жөніндегі жұмыстары мен математикадағы күрделі табыстары Омар Хайямды орта ғасырлардағы дүние жүзілік ғылымының ең көрнекті өкілдерінің бірі деп айтуға мүмкіндік береді. **Омар Хайям Фарабидің пікірін дамыта келіп, алгебраны дербес математикалық ғылым ретінде қарап, математика тарихында алгебра пәнін алғаш анықтаған ғалымдар қатарына жатады. Оның концепциясы бойынша: алгебра және әлмукабала өнері – ғылыми өнер. Мұның мәні – белгісіз бола тұра басқа бір белгілі нәрсеге байланыстырып анықталатын абсолют сан немесе кесінді, алгебралық есептеулер теңдеу арқылы шешіледі.** Егер Хорезми бірінші және екінші дәрежелі (квадрат) теңдеулерді бес түрге келтірген болса, Омар Хайям

оларға үшінші дәрежелі (куб) теңдеулер түрін қосып, барлығы 25 түрлі теңдеулерді қарастырады. Үшінші дәрежелі теңдеулердің геометриялық шешуін табуда ол ескі грек математиктерінің дәстүріне сүйенгенімен, олардан әлдеқайда ілгері кетеді.

Омар Хайямның өшпес мұрасы математика, астрономия, философия, шәкірт тәрбиелеген ұстаз ретінде ұрпақтан ұрпаққа жалғаса беретіні хаһ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сөнбес жұлдыздар. – Алматы, 1996. - 194-215 бб.
2. **Омар Хайям.** Самые мудрые притчи и афоризмы. - Москва: АСТ, 2016.
3. Омар Хайям и персидские поэты X-XI веков. - Москва: Белый город, 2006.
4. **Ақпанбек Г.** Қазақтардың дүниетанымы. - Алматы: Қазақ университеті, 1989.
5. Звездный каталог ал-Бируни с приложением каталогов Хайяма и ат-Туси. - Историко-астрономические исследования. - Вып. VIII. - 1962. - С.83-192.
6. **Климишин И. А.** Календарь и хронология. - Москва: Наука, 1981.
7. **Идрис Шах.** Суфизм. - М., 1994. - 193 – 201 б.

ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ПЕН МҰХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИ

**Самат ӨТЕНИЯЗОВ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және
Мадрид университетінің профессоры**

Осы күндері Қазақстанның гуманитар ғылымын зерттеушілер арасында Мұхамед Хайдар Дулатиды білмейтіндер жоқ болар деп есептейміз. М.Х.Дулати ХҮІ ғасырдың бірінші жартысындағы түркі халықтарынан шыққан ірі тарихшы және шығыстанушы. Соңғы жылдары Қазақстанда ол туралы аз жазылған жоқ, көптеген ғылыми-практикалық конференциялардың тақырыбы болды. Сондықтан осынау ұлы тарихшының өмір жолы мен оның еңбектеріне (мысалы «Тарихи Рашидиге») тоқталмас бұрын негізгі тақырыбымызды бастағанымыз жөн болар.

Қазақстан тарихы библиографиясында «Тарихи Рашиди» атты М.Х.Дулатидың кітабын зерттеу Ш.Ш.Уәлихановтан басталған еді. Шоқан бастаған игілікті істен соң Қазақстан тарихшылары «Тарихи Рашидидің» қазақ елі тарихына қатысты бөліктеріне ХХ ғасырдың басында көңіл бөле бастады. Мысалы, сонау 30-жылдары Қазақстан тарихын жан-жақты жазуға алғаш рет құлшына кіріскен профессор Санжар Асфендияров бұл кітапқа аса көп көңіл бөлген еді [1]. Сондай-ақ 40-жылдары В.Л.Вяткин өзінің қыруар зерттеулерінде [2] «Тарихи Рашиди» атты кітапты кеңінен пайдаланған еді.

Ал, 60-жылдары жарқырап шыққан шығыстанушы, иранист С.Ибрагимов бастаған игілікті істерді бұл күнде мақтанышпен еске аламыз. С.Ибрагимовтың басшылығымен бұл күндегі әйгілі шығыстанушы тарихшыларымыз Н.Н.Мингулов, К.А.Пищулина және басқалары МИКХ-ны дүниеге келтірді [3]. Міне осы кітаптағы Мұхамед Хайдардың Қазақ тарихына қатысты бөлімдерінің бәрі белгілі тарихшыларымыз. Н.Мингулов пен К.А.Пищулинаның аудармасы бойынша жарық көруі шын мәнінде Қазақстан тарихшыларының үлкен табы-

сы болатын. С.Петербургтегі жерлесіміз Т.Сұлтанов өзінің аса құнды зерттеулерінде М.Хайдар Дулатидың еңбектерін жан-жақты пайдаланды...

Қорыта айтқанда тарих зерттеушілері үшін осы ұлы тарихшының әйгілі кітабы «Тарихи Рашиди» жаңалық емес. Алайда көпшілік қауымға әлі жете қойған жоқ. Әрине, бұған таңдануға болмайды... Ол түгілі Ш.Ш.Уәлихановтың еңбектері де көпшілік оқырманға әлі күнге дейін толық жете қоймады.

Алайда 1996 жылы Ташкенттегі Өзбекстан Ғылым Академиясының «Фан» баспасы осы «Тарихи Рашиди» кітабының толық нұсқасын жарыққа шығарғанда біздің елдің көпшілігі елең еткендей болды. Бұл кітапты біздің республикамызда неге шығармайды? – деген секілді наразылық білдірген әр түрлі әңгімелер де айтылып жатты. Әрине, жағдай болса барлық республикаларда ондай құнды кітаптардың шығып жатқаны артық болмас еді. Дегенмен, біздің айтарымыз жоғарыдағыдай тарих зерттеушілері үшін Қазақстанға тікелей қатысты аса қажетті бөлімдері әлдеқашан жарық көргендігі. Алайда, сол Ташкентте жарық көрген нұсқаны 1999 жылы Алматыда «Санат» баспасы көптеген комментарийлерін біраз толықтырып қайта басып шығарып, Қазақстан жұртшылығын үлкен қуанышқа бөледі.

Ташкентте жарық көрген М.Х.Дулатидың кітабына арнап жазылған алғы сөзде: «*Русских востоковедов сочинения «Тарихи Рашиди» Мирзы Хайдара привлекло еще задолго до появления его английского издания. Впервые как основной и ценный источник его использовал в своем труде В.В.Веляминов – Зернов*», – деп жазып, оның 1864 жылы шыққан «Исследования о Касымовских царях и царевичах» атты кітабына сілтеме беріліпті.

Әрине, осындай сөйлемдер біздің санымызды мықтап соқтырды. Себебі Ресейде М.Х.Дулати еңбектерімен алғаш айналысқан Веляминов-Зернов емес, қазақ ғалымы Ш.Ш.Уәлиханов екенін сол кездегі және қазіргі Петербургтегі ғылыми орталықтар өте жақсы біледі. Ал «английского издания» туралы айтылғаны нақты емес. Себебі Эрскинның «Индия тарихы» туралы кітабында (1854 ж.) М.Хайдарға соқпай өткен жоқ еді.

Мұндай қисыны келмейтін «*Впервые как основной и ценной...*», – деген сөз тіркестерін Ташкент ғалымдары қолдануына Петербургтегі белгілі қазақ ғалымы Тұрсын Сұлтановтың: «*Изучение сочинения Мирзы Хайдара отечественными востоковедами блестяще открывает широко известная работа В.В.Веляминова-Зернова «Исследование о касымовских царях и царевичах» (1864) [4], – деген атүсті ойы мұрындық болған сияқты. Әрине, біз бұл жерде Т.Сұлтанов сынды майталман тарихшыны (Тараздан шыққан жерлесіміз) мұқатқымыз келіп отырған жоқ. Себебі, оның М.Хайдар еңбектерін зерттеп Қазақстан тарихына сіңірген еңбегі ұшан теңіз. Қысқаша айтқанда Т.Сұлтанов бұл күнде Ресей Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі, тарих ғылымдарының докторы. Оның үстіне Мұхамед Хайдар еңбектерінің осы замандағы үлкен білгірлерінің бірі белгілі иранист екенін біз мақтанышпен айтамыз.*

Ол сондай-ақ осынау ұлы тарихшы М.Хайдар кітабының құндылығын қанша көрсетсе, кемшіліктерін де сонша көрсетіп дәлелдеген ғалым... Мысалы, М.Хайдар Қасым хан тұсында, яғни ХҮІ ғасырдың I ширегінде Қазақ хандығының аса күшейіп, халқының саны миллионға жеткенін айтса, 1537 – 1538 жылдардан соң осынау күшті мемлекеттен дым қалмай ыдырап кеткенін айтып тарихқа кереғар келетін мәлімет береді... Міне осындай қате мәліметті Т.Сұлтанов былай түсіндіреді:

«Мирза Хайдар Дуғлат заблуждался. У каждого заблуждения своя причина. Причина заблуждения автора «Тарихи Рашиди» легко устанавливается. Судьба Мирзы Хайдара сложилась таким образом, что в 1533 г. Он вынужденно покинул родину и переселился в Кашмир, где и написал свою знаменитую историю. Так что автор наблюдал события в Средней Азии и Казахстане после 1533 года издали, часто пользуясь информацией из вторых и третьих рук, а подчас и просто передавал непроверенные слухи» [4-226 бет] – деп ұлы тарихшының кітабындағы кейбір нақты емес жағдайларды анықтайды.

Ташкент басылымы туралы және бір айта кететін жәйт «Тарихи – Рашиди» кітабының авторын «Мирза Мухамед Хайдар» деп қысқаша жазғандығы. Бұған дейін дүние жүзінде қанша рет басылым көрсе де, оның авторын «Мирза Мухамед Дуғлат» деп толық, яғни оның шыққан елінің аты барлық жерде жазылған болатын. Мысалы, Батыс Еуропа ғалымдары В.Эрскин, Ш.Уәлиханов, В.В.Веляминов-Зернов, Е.Д.Росс, В.В.Бартольд және оның шәкірті Заки Уәлиди Тоған яғни барлық зерттеушілер оның руының атымен берілген фамилиясын қалдырған жоқ еді. Ал, Ташкент басылымында тек бірақ жерде (7-бетте) «Мирза Мухамед Хайдар Дулати» деп кіші әріппен жазылған. Әрине, бұл жағдай да көптеген тарихшыларға ұнамай қалғаны рас еді. Алайда бұл жерде З.У.Тоған туралы айта кететін бір тарихи жағдай, «Жаханнаме» атты түрік тілінде елеңмен жазылған географиялық құнды шығарманы ол М.Хайдар Дулатидікі деп дәлелдеген еді.

Жоғарыда атап айтқанымыздай ХҮІ ғасырдың 1-жартысына дейін өмір сүрген ұлы тарихшы Мухамед Хайдар Дулатидың еңбектерін алғаш рет Ресей ғылымында зерттеп, ғылыми айналымға кіргізген

қазақ ғалымы Ш.Ш.Уәлиханов еді. Оның әйгілі ғылыми еңбегі «Очерки Джунгарии» Петербургтегі ЗРГО-ның (Записки Русского Географического Общества) 1861 жылы 1 кітабында 184-200-беттерде, 2-кітабында 35-58-беттерде басылып шыққан еді.

Міне, осындай аса құнды ғылыми басылымның 2-3 беті М.Хайдардың «Тарихи Рашиди» кітабына арналған болатын. Сонда Ш.Ш.Уәлиханов осындай аса құнды тарихи кітаптың сол уақытқа дейін Ресей ғылымында белгісіз болып келгенін айтады. Сол кезде Ғылым Академия музейінде оның түрікше аудармасы, ал Петербург университетінде түпнұсқасы, яғни парсы тіліндегі нұсқасының сақтаулы екенін көрсетеді де: «*К сожалению, академический экземпляр не полон, а университетский изобилует ошибками и очевидно скопирован человеком не знавшего персидского языка» [5-403 бет], – деп сол қолжазбалардың кемшіліктерінің көп екенін атап айтады. Осындай жағдайлар қазақ ғалымы Ш.Ш.Уәлиханов Петербургтегі М.Хайдар кітабының нұсқасымен өте жақсы таныс болғанын және жан-жақты зерттегенін көрсетеді.*

Одан әрі қарай қазақ ғалымы «Тарихи Рашиди» кітабын қысқаша талдап, оның екі бөлімнен тұратынын, бірінші бөлім Қашғар хандығы Тоғылық Темірден, яғни 1362 жылы Шыңғыс хан ұрпағынан Рашид ханға дейінгі (1554 ж.) тарихты қамтитынын, ал, екінші бөлім мемуар түрінде автор естеліктерінен тұратынын көрсетеді. М.Хайдар өз басындағы қиын қыстау жағдайларды жаза отырып, оған қоса аса қажетті географиялық (Тянь-Шань, Болор, Тибет, Куэн-Лун, т.б. жерлер туралы) және тарихи мәліметтер бергенін Ш.Ш.Уәлиханов тебірене жазыпты. Ал автордың өзі туралы: «*Сам автор принадлежал к знаменитой фамилии Дуғлат, предки его под именем улусбеков иарали в Могул-улуса такую же роль, как мажордомы при Меровинговых франков» [5-403 бет], – деп М.Хайдардың хан тұқымына жатпайтын дулат руының адамы болса да әкесінің Моғолстан мемлекетінде шешуші роль атқарған тарихи тұлға екенін көрсетіп, оларды V-VII ғасырлардағы Францияда шексіз билікке ие болған Мирвингтермен салыстырады.*

1554 жылға дейін Орталық Азия тарихынан көп мәлімет беретін осынау аса құнды кітап Еуропада тек аты ғана белгілі екенін айта келіп С.Петербургтегі оның қолжазбаларының әлі күнге дейін игерілмегенін қынжыла жазыпты.

Одан ары қарай өзінің Қашғардан «Тазкирян Ходжаган» (Қожалар тарихы) атты кітапты алып келгенін, оның ХҮІ ғасырдың ақырындағы тарихтан бастап 1758 жылға дейін мәлімет беретінін айта келіп: «*Таким образом «История ходжей» служит продолжением «Тарихи – Рашиди», – деп баяндап оған қоса және өте құнды 4 кітап алып келгенін жазады: «Из книг, приобретенных мною в Кашгаре еще заслуживают внимания:*

1. «*Тазкирян султан Суток-Буғра хан Гази» жизнеописание хана Султан Буғра из династии Илеков, который первый принял ислам и распространил его в Кашгаре.*

2. «*Тазкирян Туғлук Темир хан (жизнь Туғлук Темирхана из джагатаевичей который первым из монгольских ханов Могул улуса принял ислам).*

3. «*Ришахат» или известия среднеазиатских законоучителей и чудотворца.*

4. «*Абу Муслим Марузи» – героический роман, замечательный потому, что вошло много местных исторических преданий» [5-404 бет], – деп қысқаша баяндайды.*

Сол сияқты Ш.Ш.Уәлиханов өзі алып келген осын-

дай құнды кітаптардың авторларын да таныстырған. Мысалы, «Тазкирян Ходжаган» авторы Махмуд Садық Қашғари бұл кітапты 1766 жылы жазған және **М.Хайдардың кітабын алғаш рет түрік тіліне аударған адам** – екенін тасқа басқандай етіп көрсетеді.

Біз жоғарыда тек Ш.Ш.Уәлихановтың 1861 жылы С.Петербургте жарық көрген «Очерки Джунгарии» атты әйгілі еңбектеріндегі М.Хайдардың «Тарихи – Рашиди» кітабына берілген қысқаша шолуын ғана қарадық. Енді оның «**Из Тарихи Рашиди**» деп аталатын аса құнды зерттеуіне тоқталайық. Аталған зерттеу Шоқан қолымен жазылған 22 беттен тұрады. Мұнда «Тарихи – Рашиди» кітабының қысқаша мазмұны мен Қашғардан өзі алып келген кітаптардың авторлары туралы мәліметтер берілген. Сол Шоқан жазған қолжазба 1860 бері талай ғалымдардың қолынан өткен екен. Бірақ дәл осы күйінде жарыққа шықпай қалған. Оған негізгі себеп, біріншіден 1865 жылы Шоқанның қайтыс болуы; екіншіден К.К.Гутковскийдің 1867 жылы қайтыс болғаны.

Мұндағы айтылған мәліметтердің негізі 1864 жылы шыққан В.В.Веляминов-Зернов кітабында айтылған. Сондықтан Ш.Ш.Уәлиханов еңбектерімен толық таныспаған адамдар үшін «Веляминов алғашқы зерттеуші болып» жүр.

Жалпы Ш.Ш.Уәлихановпен С.Петербургте талай ғалымдармен ғылыми байланыста болды. Әрине, соның бірі В.В.Веляминов-Зернов. Мысалы, қазақ ғалымы өзінің алғаш рет «Тарихи – Рашиди» туралы қысқаша жазған «Очерки Джунгарии» атты көлемді зерттеуінде Қашғардан әкелген кітаптарына қоса аса құнды ғылыми заттар әкелгенін айтады: «...сверх поименованных приобретения, я собрал во время путешествия небольшую нумизматическую коллекцию, которая уже описана в «Бюллетенах» Академии Наук (см. *Melanges asiatiques, IV, librasion*) коллекцию горных пород, встречающихся на пути, также куски нефрита, добываемого в горах Мирджей, около Яркенда и в реке Кара-Каиш, болорские яшмы, мрамор, хрусталь, песочные золото из реки Керия; я привез с собою также произведения туземных мануфактур и образчики английских товаров, встречающихся на кашгарском рынке». [5-404 бет], – деп осылай әкелген құнды заттардың тізімін келтіреді. Міне оның сол жинаған нумизматикалық коллекциясын Академия журналына 1861 жылы француз тілінде шығарған В.В.Веляминов-Зернов еді. Осы тарихи жағдайлар қазақ ғалымымен оның қандай ғылыми қатынаста болғанын білдіреді.

Ш.Ш.Уәлиханов «Тарихи – Рашиди» туралы зерттеулерін 1860 жылы жазған болса, В.В.Веляминов-Зернов 1864 жылы жарыққа шығарған «Исследование о касымовских царях и царевичах» атты кітабында ол Шоқанның зерттеуі «Извлечение из Тарихи Рашидиден» үзінділер берген.

Ш.Ш.Уәлиханов «Тарихи – Рашиди» кітабын Ресейде алғаш зерттеп ғылыми айналымға кіргізген ғалым екенін жоғарыда айттық. Әттең, оны, қысқаша шолуынан (Очерки Джунгарии) басқа зерттеулері Петербург ғалымдарының олжасы болғанмен кітап болып басылып шыққан жоқ еді. Сондықтан оның М.Хайдар туралы көлемді зерттеулері Алматыда 1961 жылы шыққан 5 томдық жинаққа кіргізіліп халықтың игілігіне жарады. Мысалы 1-томда 437-451-беттер, яғни толық күйінде бір ғасырдан соң жарық көрді. Демек Ресей ғылымының тарихында Ш.Ш.Уәлиханов М.Хайдар Дулати мұрасының алғашқы зерттеушісі екеніне Еуропа-ның ешқандай ғылыми орталығы қарсы тұра алмайды.

Ш.Ш.Уәлиханов «Тарихи- Рашиди» кітабының негізгі мазмұнын қысқаша баяндай отырып авторы туралы: «Он происходил из фамилии Дулат от эмира Булачи,

которая была в родстве с ханом, ханы брали жен из этого рода...» [5-437-бет], – деп жазады. Сондай-ақ олардың шежірелерін схема жасап көрсеткен.

«Тарихи – Рашиди» материалдары бойынша Ш.Ш.Уәлиханов «Тоғылық Темір хан Жүніс хан шежірелерін жасаумен қатар аса құнды ХҮІ ғасыр карталарын жасапты. М.Хайдар кітабының материалдары Ш.Ш.Уәлиханов жасаған «Моғолстан картасы» және Моғолстанның батыс бөлігінің картасы аса бағалы дүниелер болғандықтан С.Петербург ғалымдары, соның ішінде Орыс Географиялық Қоғамы және өзі қызмет атқарған Азия Департаментінде жоғары дәрежеде бағаланды.

Ш.Ш.Уәлихановтың 1860 жылғы С.Петербургтегі қыруар және аса құнды әрі жемісті қызметтері туралы Н.М.Ядринцев: «...В Петербурге я встретил Чокана Валиханова офицером как раз в ту пору его славы, он только что совершил путешествие в Кашгар, ориенталисты с ним заводили знакомство и я его застававал с разными восточными манускриптами и картами...» [7], – деп тебірене еске алған еді. Міне сол кезде ол «Тарихи Рашиди» мен Қашғардан алып келген 5 кітаптың үстінде зерттеу жұмысын жүргізіп жатқан еді. Сол мәселелер оның «Очерки Джунгарии» (1861) атты зерттеуінде қысқаша баяндалды. Ал, «Тарихи Рашиди» туралы зерттеулері ең болмағанда Н.И.Веселовскийдің (Петербург университетінің проректоры) қолына түскенде, 1904 жылғы жинағына кіретін еді. Әттең тағдырдың төлкегімен олай болмады...

«Тарихи Рашидиде» Жүніс ханның шежіресінде оның әйгілі баласы Сұлтан Ахмед ханды «по прозвище Алача» – деп жазыпты. Сондай-ақ сол бетте төменде «Алача – по калмыцкий – убийца» – деп түсініктеме берген. Қазақ еліндегі аты аңызға айналған осынау терминді алғаш рет М.Хайдар кітабынан Ш.Уәлиханов көрген еді. Себебі оған «Алаш» тақырыбына қатысты барлық мәліметтер қажет болатын... [8].

Қалай айтсақ та бұл күнде М.Хайдар еңбектерін алғаш зерттеп, ғылыми айналымға кіргізген қазақ ғалымы Ш.Ш.Уәлиханов екені бұл күнде баршаға аян. Бұл күндегі қазақ елі Мұхамед Хайдар Дулати еңбектерінің энциклопедиясын асыға күтіп жүр. Себебі ХҮІ ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген әйгілі шығыстанушының еңбегі Қазақстанда тек қазақ тілінде үш рет жарық көрді. Әрбір басылымы бірін бірі толықтырып жарық көрді. Ең толықтырылып жарық көргені 2015 жылы. Соңғысын жарыққа шығарғандар белгілі аудармашылар М.Қазыбеков пен Ә.Нұралиев...

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сборник (У в. до н.э. – ХҮІІІ в. н.э.). Под редакцией С.Д.Асфендиярова и проф.М.А.Кунте. А. 1935.
2. **Вяткин В.Л.** Очерки по истории Казахской ССР. М. 1941. Стр. 108.
3. Материалы по истории казахских ханств (МИКХ). ХҮ – ХҮІІІ вв. Наука, А.1969.
4. **Кляшторный С.Г., Турсунов С.И.,** Казахстан – летопись трех тысячелетий. А. 1992. Стр.226.
5. **Валиханов Ч.Ч.** ССв 5-ти томах. Т. 1961. А. Стр. 404.
6. **Валиханов Ч.Ч.** Из «Тарихи Рашиди» Т.1, 1961. А. Стр. 437.
7. **Ядринцев Н.М.** Воспоминание о Чокане Валиханове. // в кн: Валиханов Ч.Ч.СС. С.Петербург. 1904. Стр. XXXY.
8. **Утениязов С.К.** Ш.Ш.Уәлиханов зерттеулеріндегі М.Х.Дулатидың гуманистік көзқарастары. В кн. СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ международной научно-практической конференции: «Мультикультурный мир проблемы гуманитарных рефлексив». Алматы, 30 апреля 2014.06.10.2020: қаралды, өңделді.

ҚАЗАҚ ӨНЕРІНІҢ КӨНЕСІ – КҮЙ ЖАНРЫ

Д. БАЙҒҰНОВА (Байгунова),
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік университетінің магистрі,
Шымкент, Қазақстан

Ұлтымыздың көптеген жанрлы музыка мәдениеті мен оның туу, қалыптасу кезеңін қарастырғанда музыка зерттеушілердің айтатын шындығы бар. Ол – осы уақыттағы қазақ музыкасы халықтың қаншама заман жасаған ән-күй шығармашылығының негізінде дамиды деген тұжырымға тоқталуы.

Ұрпақтан ұрпаққа мирас болған халықтың таусылмас ән-күй байлығы бар жерде керемет музыка өнері өсіп, даму жолында. Бабалардан қалған мұраның бір айғағы – қазақ ұлтының қазіргі көп жанрлы музыка мәдениеті. Қазақ музыка тарихын зерттеу қашанда сынын жоғалтпайтын тақырып. Халықтың әдет-ғұрпын, мәдениетін зерттеуде этнографтар, тарихшылар үшін қазақтың ауыз әдебиетімен қатар оның күй жанрының тарихи және ғылымдық мәні ерекше.

Қазан төңкерісіне дейінгі орыс және шетел саяхатшылары мен этнографтарының, зерттеулерінің халық музыкасы жайлы жазып кеткендері қазақ музыкасымен шұғылданушылар үшін бүгінде ғылымдық мәнін жойған жоқ. Әр халық өз музыка өнер тарихын әр түрлі жолдармен белгілейтін болған. Арабтар көне тарихын алып тас мүсіндерге түсірген, қытайлар ескі жазу тәсілімен сақтаған. Үнділерде би өнерінің тілімен бейнелесе, еуропалықтар зәулім храмдар мен қорғандар салып қалдырған. Қазақ халқы, өз тарихын аса бай ауыз әдебиетімен жырлап, саз өнерімен суреттеген. Соның бірі – күй сазы.

Тарихи деректер мен әдеби дүниелерге көз жүгіртсек, күй арқауы негізінен табиғат құбылыстары болған дегенді меңзейді. Кез келген күйді тыңдасаң, сол жаратылыс үні естіледі. Өйткені табиғат құбылыстарының жаратылыс үнінің күйшіге де, күй шығарушыларға да, шабыт берері анық. Күй көне жанр болғандықтан, оның көп ғасырлық тарихымен қалыптасқан дәстүрлері мен мектептері бар. Аталған жанр мазмұны халықтың өмір тылсымын суреттеген. Сондықтан күйдің түр-түрінен, тілінен, ұлттық сипатынан айырылып калмау үшін ХХ ғасырдың 30-жылдары Құдайберген Жұбановтан бастап Ахмет Байтұрсынов, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Өлкей Марғұлан, Ахмет Жұбанов тағы басқа қазақтың біртуар азаматтары жиі айтып және жазып кетті. Осы мәселе бойынша ғылыми тұрғыдан дәлелдегендері де бар. Әр күйдің мазмұны, өзіндік тілі, әуен ырғағына сай екпіні бар екендігін тыңдаушылар терең сезінеді, әрі жақсы түсінеді.

Сан ғасырлар бойы жеткен әуен-саздары әр ұрпақ жадында сақталып келеді. Сол күйлерді шығарған халық сазгерлері жайлы академик А.Жұбанов: *«Не бір аруақты, дарынды дала перзенттерінің аты*

ұмытылып кетсе де, сары алтындай шығармалары тот баспай бізге аман жетті. Олардың бәрі де әліпті таяқ деп білмейтін, нота дегеннен тіпті бейхабар болса да, өз халқының өзегін өртеген мұңын мұңдап, жоғын жоқтап, көптеген тамаша музыкалық шығармалар қалдырып кеткені және айқын. Олар халық аспаптарына арнап шығармаларын, яғни, домбыра мен қобыз, сыбызғыға арналған бір-ақ сөзбен атаған»,– дейді [1].

Өткен замандарда аспаптарда орындалатын әуен саздардың жалпы аталуы «Күй» деп аталуы себептерін ашып берген Құдайберген Жұбанов өзінің «Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы жайлы» очеркінде «Күй» сөзінің арғы тегі «Көк» пен байланыста болғаны айтылған.

Қазақ халқының өткені, тұрмыс-тіршілігі, болмыс-бітімі мен ой-сана арманы туралы небір сүбелі деректерді көне аңыз күйлерден танып білуге болады. Олар аққудың сұңқылы, нардың боздауы, құланның дүбірі, жорғаның жүрісі сияқты небір суреттерді көз алдыға әкеледі.

Бұл күйлердің күмбірлеген сырлы сазымен бірге егіздің сыңарындай болып ауызша айтылатын терең мағыналы аңыз-әңгімелері бар. Олар музыкадан бөлінбейтін синкретикалық бір тұтас форманы құрайды.

Ал күй сарындары болса аңызға айналған оқиғаны бейнелейтін шағын эпизодтардан немесе формасы жағынан кішігірім күйлер тобынан құрылады. Күй құрылымы шағын әуендік формуланы қайталап орындау арқылы қалыптасқан. Күйлер теріс бұрауда орындалып, көбінесе бурдонды екі дауыс болып келеді.

Аңыз-күйлердің ең көне үлгілеріне аң-құстардың атымен аталатын, сонымен қатар аң аулауда болған оқиғалар мен жан-жануарлар туралы күйлерді жатқызуға болады. Мысалы, «Аққу», «Қаз», «Нар» сияқты күйлерді қазақ халқы жан-жануарларды киелі санаған тотемдік ой-сенімдерге байланысты туған. «Ақсақ қыз», «Ақсақ құлан», «Ақсақ аю», «Ақсақ қаз», «Ақсақ киік», «Ақсақ қой» атты күйлер халық ұғымындағы ақсақ аруақтар культімен тығыз байланысты екенін байқауға болады. «Қос келіншектің зары», «Жетім қыз», «Арбиян қоңыр» сияқты жоқтау күйлерде халықтың өзен суларының екі дүниені бөліп тұратындығы жайындағы ескі діни ұғым-түсінігі сақталған. «Аңшының зары», «Бөкен жарғақ» атты күйлерге де тотемдік наным-сенімдер арқау болған. Бұл шығармаларда аң аулаудың қасиетті заңдылығын бұзғаны үшін қатал жаза алған [2].

Жоғарыда аталған шығу тегі өнердің әлеумет-

тік функцияларының бірі тұрмыстық магия болған тарихи кезеңдерді қамтиды. Бізге жеткен көне күйердің сырлы саздарында магиялық қасиеттердің кейбір жұрнақтары сақталған. Уақыт өткен сайын ескі наным-сенімдер де ұмытыла бастады. Қазіргі уақытта аңыз-күйлердің көпшілігі ертегі-әңгіме тәрізді болып қалады. Осындай ұзақ мерзім ішінде қазақ күйлері уақыт таңбасын салған өзгеріске түскені анық. Осындай құбылысты сапалық жаңару деп атайды. Күйлер сапа жағынан бұлайша жаңарғанымен, күйшілік дәстүр өзгермей, заман талабына сай өзінің жалғасын тауып отырады. Күйлердің бұлайша жаңаруы күй тарихындағы үш дәуірді көрсетеді. Біріншісі – ежелгі дәуір, екіншісі – орта дәуір, үшіншісі – кейінгі дәуір [3].

Қазақ халқының күй аспаптарында «сыбызғы, қобыз, домбыра және т.б.» тартылатын алуан түрлі байырғы күйлерді бірінен кейін бірін қатар қойып тыңдаса, олардың саз-сарынының әртүрлі екеніне көз жетеді. Сол күйлердің сазынан ат тұяғының дүрсілі,

қаздың қаңқылы естіледі. Ұлттық өнердің негізін қалаушы, күй жанрын жеткізуші халық арасынан шыққан дарынды орындаушылар мен сазгерлер болған. Күй атасы Қорқыттың есімі тек қазақта ғана емес, жалпы түркі тілдес халықтардың көбіне аңыз болып таралған. Қорқыттан бері келе жатқан күй сазы ғасырлар үшін, өмір тынысын күй тілімен сөйлетіп кеткен халық сазгерлерінің есімдері мен мұраларының ел арасында сақталып келуі халқымыздың өнер мұрасының молдығын көрсетеді. Осы күнімізге бұйырып, ұрпақтан-ұрпаққа көшіп келген халықтық күй өнері бүгінде жаңа орындаушы, сазгерлердің шығармашылығымен ұштасып, даму үстінде және төл мұрамыздың өлі күнге дейін ашылмаған сырлары бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жұбанов А. Ғасырлар пернесі.-Алматы:Жазушы.1975.
2. Мерғалиев Т., Бүркіт С., Дүйсен О. Қазақ күйлерінің тарихы.-Алматы:-2000
3. Есенұлы А. Күй тәңірдің күбірі.-Алматы: «Дайк пресс» 1996.

ҚОБЫЗ – АТА-БАБА МҰРАМЫЗ

Л.Ш.АРИПБАЕВА,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік университетінің доценті, п.ғ.к.,
Шымкент, Қазақстан,
М.А.МҰРЗАБАЕВА,
Silkway халықаралық университетінің аға оқытушысы
Шымкент, Қазақстан

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласындағы «Тарихи сананы жаңғырту» атты екінші бөлімі «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» атты бесінші тармағында: «Дала фольклорының антологиясын жасау керек», – деп атап өтті. Мұнда Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілері – ертегілері, аңыз-әфсаналары, қиссалары мен эпостары жинақталады.

Сонымен қатар қазақтың қобыз, домбыра, сыбызғы, сазсырнай және басқа да дәстүрлі музыкалық аспаптарымен орындауға арналған маңызды туындылар топтамасын – «Ұлы даланың көне сарындары» жинағын басып шығару қажет», – деп атап көрсетті Елбасы.

Ұлы Даланың фольклоры мен әуендері заманауи цифрлық форматта «жаңа тыныс» алуға тиіс. Бұл жобаларды жүзеге асыру үшін көшпенділердің бай мұрасын жүйелеуге қабілетті ғана емес, сондай-ақ оның өзектілігін арттыра алатын отандық және шетелдік кәсіби мамандарды тарту маңызды.

Сонымен қатар фольклорлық дәстүрдің ортақ тарихи негіздерін іздеу үшін «Қазақстанның түрлі өңірлері мен өзге елдерге бірнеше іздеу-зерттеу экспедицияларын ұйымдастыру қажет», – деп атап өтті Елбасы Н.А.Назарбаев [1].

Саяхатшы П.С.Паллас 1769 жылғы 17 тамызда Орал бойы маршрутымен кетіп бара жатып, қазақ ауылы тұсына жеткенін естісімен сонда

бұрылады. Көп қиындықпен Орал өзенінен өтіп, ауылға кіреді. XVIII ғасырдың екінші жартысында, қазақтар әлі Оралдың арғы бетін жайламаған. Осы қазақтармен кездесу туралы жазғаны: «Кешке қарай біз сол кезде үлкен киіз үйлермен кең сахарада көшіп жүретін қырғыздарға келдік. Дала халықтары көшіп-қонатын жерді тез таңдап, бір орыннан екіншісіне алмасудың рахатын сезіне біледі. Мырзалар мен олардың құралдары жиналып, бізге жылы шырай білдірді және бізге бие сүтінен әзірлеген қышқыл қымыз берді. Қырғыздар бізді өте сыпайы қарсы алғанымен, біздің онда қонуға батылымыз бармады. Олардың үй шаруасын көріп, өздерімен қоштасып, кешке бекініске қайта оралдық». Осы сапарда экспедиция мүшелері тұңғыш рет бақсыны кездестіреді. «Үш жыл сиқыршылық жасаған, – деп жазды П.С.Паллас, – бақсы деп аталады және қырғыздар оларға ерекше сенеді. Олардан ақыл-кеңес сұрайтындар да бар. Мұндайда олар әуелі жақсы ат, қой немесе ешкі сұрайды. Одан соң бақсы сиқырлы сарынмен сарнай бастайды, қобыз деп аталатын сақиналармен құрсалған сиқырлы барабанын соққылайды, секіріп бұлғақтайды».

П.С.Паллас қобызды Семей қорғаны маңына қара жұмысқа айдалып барғандардың қолынан екінші рет кездестіреді. Олардың бірі музыкант екен. Бұл туралы мақаласында жазғаны: «...ағаш тиеуге мұнда жүз қазақ әкелінген, олар әрбір үш жылда алмасып отырады. Осы жұмыс үшін мұнда казарма, жұмысшыларға арналып, бірнеше үй салынған.

Солардың арасында орфей табылды. Ол қырғыз аспабында ойнап, аса бір шеберлік көрсетпесе де біздің көңілімізді едәуір көтерді. Оның қолындағы ысқыш аспаптың ішегі жылқының қылынан жасалған еді. Бұл аспаптың дыбысы мен сыртқы көрінісі аққуды елестетеді».

П.С.Палластың қобыз даусын «аққу үніне» балауының мәні де осыдан туса керек. «Аққу» күйін орындаушы аққудың қимыл-қозғалысын бар ынта-сымен бейнелеуге тырысқан. Аталған күйден басқа да табиғатты суреттейтін шығармалар болған, олар: «Жез киік», «Қасқырдың ұлуы», «Қоңыр күйі», «Қорқыттың күйі» және т.б. атауға болады.

П.С.Паллас пен И.Георги және XVIII ғасырдағы басқа саяхатшылар өздерінің ғылыми жазбаларында қобыз бен сыбызғыны бәрінен көп суреттеген [2].

Саяхатшы И.Гмелин Астрахань маңынан кездестірген қобызын суретпен бейнелеген. Қобыз суретін И.Гмелин экспедициясының мүшесі суретші Иван Борисов қолмен салған. Бұл қобыздың алғашқы түрі аса бағалы суреттердің бірі. Саяхатшының сөзіне қарағанда, сол ысқыш аспап пен соңғы кезге дейін келген бақсылардың қобзының арасында ешқандай өзгешелігі жоқ. И.Гмелин аспапты былай сипаттайды: «...қобыз дөңгелек, шұңғыл және бос ыдыс сияқты. Үстіңгі жағында ағаш сабы бар, басы жүрек бейнелес. Оған күміс теңге сияқты ұсақ теңгешелер ілінген. Төменгі жағынан тізеге тіреу үшін ұзын таяққа бекітілген. Қобыздың қуыс беті біздегі аспаптарға ұқсамайды. Жылқының қылынан екі ішек тартылған. Егер оның үстінен ысқыш жүргізсе си-бемоль тонына ұқсас қайғылы дыбыс шығады. Қобызбен ойнағанда, басындағы теңгешелердің үні шығу үшін оны жиі селкілдетіп отырады...» [3].

Иван Борисовтың салған суреті, қобыздың алғашқы үлгілерінің бірі. Бақсылар қобызды тойда және басқа жиын-кештерде пайдалануға мүлде тыйым салған. Олар қобызды халық музыкасының бір аспабы ретінде пайдалануына қарсы болды. Бақсылар қобызды халықтан жасырып, құпиялы, құдіретті күш ретінде өз қара басының пайдасына пайдаланды. Аспапты сілкігенде, оның ұшындағы сақина теңгешелер сылдырлап, қосымша дыбыс береді. Бақсылар сылдырмақ үнін күшейту арқылы жұртты қорқыту үшін пайдаланған. Имек ысқыш жасап, тері мен жылқы қылын пайдалану сол кездегі басқа аспаптарға тән құбылыс.

XVIII ғасырда өлең-жырлармен қатар, аңыз-әңгімелер мен ертегілер қобыз сүйемелімен айту дәстүрі жақсы дамыған. Ертегі пен аңызды аспаппен сүйемелдеген кезде табиғаттың түрлі дыбыстарына еліктеуге үлкен мән берілген [4].

Қазақ халқының тарихы мен әдет-ғұрпын зерттеуге көп көңіл бөлген этнограф Алексей Левшин: «...қырғыздардың ең басты музыкалық аспабы қобыз бен сыбызғы», – деп жазды [5].

Қобыз – біріншіден, ішегі қыл, екіншіден, ол ішектің тұтқырлығын арттыру үшін қарағайдың шайырын жағады.

Қорқыт – қобызшы, қобыз аспабының негізін қалаушы, шебер, халық композиторы, философ, ақын. Сыр бойында туған. Қорқыт оғыз-қыпшақ тайпаларының VIII-IX ғасырда ғұмыр кешкен ұлы ойшылы, батагөй ақыны, дәулескер күйшісі, келер күнді болжайтын көріпкел бақсысы. Ата жағынан Қорқыт оғыз тайпасынан белгілі Қарақожа деген болған. «Қорқыт – батыр емес, абыз (патриарх), халық даналығын бас болып паш етуші және

сақтаушы, оның парасатына дүйім жұрт ден қояды», – дейді В.В.Бартольд. Қорқыт қазақ үшін ең алдымен күй атасы, қобызда күй шалу дәстүрін алғаш орындаушы [6].

Қазақ күйлерінде көп ұшырасатын бір жай – дыбыстарға еліктеу әдісі. Мәселен құстардың сайрағанын, аңдардың ақырып-шақыруын дыбысқа еліктеу арқылы дәл беру («Аққу», «Қасқырдың ұлығаны», «Бұлбұл»), бұл да адамның образын аша түсу үшін қолданылады. Дыбысқа еліктеу деген – еріккеннің ермегі емес, ол күйдің бейнелеу мүмкіндігін байыта түсіп, адамның жан-дүниесін терең көрсетуге жәрдемдеседі.

Ш.Уәлиханов қылқобыз бен домбырада орындалатын «Шаңды жорық», «Қоржын қақпай» сияқты музыкалық пьесаларды бейнелеп жазады. Олардың мазмұны Абылай хан кезіндегі жорықтарға байланысты. Сол заманғы батырлардың ерлігін музыканттар әнге қосып, оны «Дудка» және «Хонбе» деп атаған аспаптармен сүйемелдеген.

Шоқан Уәлиханов «Дала жыршыларының бәрі әдетте қобыздың сүйемелдеуімен ән салған», – деп жазған. Семей қаласындағы Абайдың республикалық әдеби мемориалдық мұражайында үш ішекті екі домбыра, қияғы қарапайым қылқобыз, сыбызғы және асатаяқ сақтаулы [7].

Қазақ даласына ән және күй жанрларының музыкалық тін (средство) ретінде салалануы қазақ ұлтының қазақ этнонимін иемденіп тарих сахнасына шығуынан көп бұрын қалыптасып үлгерген. Қазақ даласындағы мәдени-рухани дәстүрдің тегеурінді сабақтастығының күштілігі соншалық қазіргі түркі халықтарының біразына ортақ Қорқыт (IX ғ.), Кертбұға (XIII ғғ.), Сары Салтық (XIII-XIV ғғ.), Асанқайғы (XV ғ.), Қазтуған (XV ғ.) сияқты тарихи тұлғалардың музыкалық мұрасын бүгінгі күнге дейін жеткізге алған бірден-бір халық қазақтар болып тұр. Бүгінгі күйлердің өзі соңғы мың жылдан астам уақыт аясын қамтиды. Музыка зерттеушілері бүгінгі таңда қазақтың 5 мыңдай күй және 5 мыңдай ән мұрасын тіркеуге алған. Қазақ күйлеріне арқау болған тақырыптар соңғы екі-үш мың жыл аясында Еуразия қос құрлығында өткен шежірелі тарихты паш етеді. Мәселен, «Көк бөрі», «Аққу», «Қорқыт», «Ақсақ құлан», «Заманай», «Космонавт» күйлеріне арқау болған тарихи оқиғалар мыңжылдықтар аясын қамтып жатыр [8].

Қазақстанның болашағы жастар болғандықтан, біз оларға үлкен сенім артамыз. Жастардың сол сенімді орындауы үшін біз үлкен жол көрсетуіміз керек. Әрбір оқытушы өз ісімен, шеберлігімен жастарға сапалы білім мен саналы тәрбие беріп, елдің өткенін, ұлттың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, табиғат ерекшеліктерін етене таныстырып, оны жан-жақты тәрбиелеп, санасына құйып отырса, сонда қазақтың туын көкте желбіретіп, биіктерге асқақтатады және де білімді де білікті жастар саны артады деп сенеміз.

АННОТАЦИЯ

В этой статье упоминается, что казахи являются наследниками вездесущей культуры великой степной кочевой культуры великих степных кочевников, и что они продолжают нести эту великую культуру и по сей день. До сих пор традиционная казахская музыка и музыкальные инструменты не были научно изучены как единое культурное и духовное явление. В результате сообщается, что казахская музыка изучалась только как культурное и духовное свидетельство в контексте истории Казахстана. Музыкальный инструмент является ключевым фактором

в полном понимании музыкальной терминологии и музыки, как единственного документа и материала. Это ценно, потому что отражает древнюю историю, культуру и многовековую музыку людей. Русские и европейские этнографы и путешественники о казахской народной музыке, музыкальных инструментах, певцах и легендах оставили много деталей в печатных СМИ до Великой Октябрьской революции. Все они единодушно выражают богатство и содержание музыки казахского народа, глубину и разнообразие видов, присутствие многих талантливых исполнителей, народных композиторов, хотя инструменты ручной работы могут быть запрограммированы в большое событие, такое как домбра, кобыз, сыбызгы.

This article mentions that the Kazakhs are the inheritors of the ubiquitous culture of the great steppe nomads, and that they continue to carry this great culture to this day. Until now, traditional Kazakh music and musical instruments have not been scientifically studied as a single cultural and spiritual phenomenon. As a result, it is reported that Kazakh music was studied only as a cultural and spiritual evidence in the context of the history of Kazakhstan. A musical instrument is a key factor in fully understanding musical terminology and music as a single document and material. This is valuable because it reflects the ancient history, culture, and many centuries of music of people. Russian and

European ethnographers and travelers about Kazakh folk music, musical instruments, singers and legends left many details in the print media before the great October revolution. All of them unanimously Express the richness and content of the music of the Kazakh people, the depth and variety of types, the presence of many talented performers, folk composers, although handmade instruments can be programmed in a big event such as dombra, kobyz, sybyzgy.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Ұлы даланың жеті қыры». Егемен Қазақстан // 21 қараша, 2018 ж.
2. Паллас П.С. Россия империясының әр қилы провинцияларына саяхат. СПб, 1809, 1-бөлім, 566-бет.
3. Гмелин И. Россия мемлекетін мекендеуші барлық халықтарды баяндап жазу. СПб. 1776, 2-бөлім, 42-бет.
4. Сарыбаев Б. «Қазақтың музыкалық аспаптары» Алматы: «Өнер» 1981, 208 б.
5. Левшин А. Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен далалары хақындағы жазба. СПб. 1832, 3-бөлім, 140 б.
6. Бартольд В.В. Избранные произведения по истории кыргызов и Кыргызстана: Составление и дополнительные комментарии и предисловие О.Караева. – Бишкек: Шам, 1996, 608 с.
7. Ядринцев Н.М. Шоқан Уәлиханов туралы естеліктер // Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. – 1-т. / 2-бас. – Алматы: Толағай групп, 2018, 81–84 б.
8. Турсынов Е. Возникновение баксы, акынов, сери и жырау. Астана: ИКФ Фолиант, 1999, 252 с.

ҚАЗАҚ ЕЛІ ЖӘНЕ КӨРШІ МЕМЛЕКЕТТЕР

БАТЫС СІБІРДІҢ САУДА ЖОЛДАРЫНЫҢ ДАМУЫ – өңірдің даму факторы

Әсел АБДРАХМАНОВА,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
Ұлттық университетінің докторанты,
Қайрат БАТТАЛОВ,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
Ұлттық университетінің доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты

Қазақ өлкесінің бірте-бірте нарықтық қатынастар өрісіне тартылуы халықтың экономикалық өміріне, атап айтқанда, жәрмеңкелердің, сауда жолдарының, өнеркәсіп орындары мен банк-ақша қатынастарына өзгеріс енгізді [1].

Қазақтардың сауда байланысы Қытай және Ресей мемлекеттерімен тығыз жүріп жатты. Сонымен қатар, хиуалықтар, бұхарлықтар, ташкенттіктер, қоқандықтар, Шығыс Түркістанның солтүстік өңірінің халқы да қазақтармен саудаласады. Алайда, алғашқы екі ірі империямен басым түрде сауда дамыды. Бұны бірнеше себеппен түсіндіруге болады. Біріншіден, Ресей мен Қытай қазақтарға бірқатар мануфактуралық тауарлардың алуан түрлілігі мен басқа

шетелдік аймақтарға шығарылмайтын өнімдерді тасымалдайды. Екіншіден, Ресей мен Қытайда аталған тауарларды арзан шикізат көзіне айырбастау қажеттілігі туындаған болатын. Үшіншіден, Үкіметтің осы өңірде сауда ісінің кеңеюіне байланысты жүргізіп жатқан іс-шаралары да маңызды. Төртіншіден, аталған екі мемлекетпен сауда қатынастарынан пайда көретін адамдардың көп болуы да әсер етеді. Бесіншіден, Орынбор мен Сібір шекараларында халықтың сауда жасауы [2].

Сауда кәсібінің дамуы көшпелі халықтың арасында инфрақұрылым ретінде жол байланысының да дамуына септігін тигізді. Алайда, далалы өңірлердің табиғи жағдайы бұл аймақтағы

жолдардың салынуына кедергі туындатты. Далалы жердің тағы бір ерекшелігі – шөлді аймақтардың көп болуы халықтың көшпелі өмір салтына тікелей тәуелді болып тұруы. Соның салдарынан белгілі сауда далалы жолдардың басым бөлігі қазақтардың жергілікті жазғы уақытта тұрақтары арқылы өтеді. Яғни барлық байланыс пошта жолдары, керуен мен мал айдау жолдары көшпелілер мекендемейтін аймақтар арқылы өтіп жатты. Пошта жолдары бекініс пен станцияларды байланыстыратын жол болса, екіншісі далалы өнімдердің көршілес елдердің тауарларына айырбас жүргізудің жолы ретінде пайдаланылды [3].

Ішкі сауда жолдары дала нарығын өзара байланыстыра отырып өзінің қысқа ұзындығымен және жүріп өтуге қолайлы жағдайымен ерекшеленді. Ал, көшпелілер жүріп өткен жолдары ұзақтығы және қолайлығымен емес, өзінің жайылым жерлердің молшылығымен және күзеу мезгілінде өзге көрші ауылдардың жайылымдарын ескеріп өтетін. Сонымен қатар, аталған себептерден басқа жолдардың бағытын белгілі бір өңірдегі сауда нарығының орналасуы бойынша да анықтауға болады [4].

Қыста көшіп-қонып жүрген қазақ ауылдары мен отбасылары көктемде бір немесе кейде бірнеше болысқа бірігіп, өз тауарын өткізуге қолайлы нарыққа жақын қоныстанып, кейін өз жайылымдарына басқа жолмен қайтып оралатын. Демек, далалы жерде көшпелілердің өткізген жолдарының басым бөлігі сауда нарығы орналасқан аймақтан жайылымға қарай бағытталатын.

Қазақстанның облыстарын кесіп өткен жолдар пошталы, сауда, керуендік, кәсіптік және көшпелі болып бөлінеді [5]. Пошталы жолдар ішкі байланыс жолдарына жатқызылады және әкімшілік аймақтарды байланыстыратын. Мысалы, Көкшетау-Петропавл, Баянауыл-Павлодар өңірлерін шептік жол ретінде жол орнатылды. Омбыдан Сібір қырғыздарының (қазақтарының) аймағына екі бекеттік жол апарды: батыс – Петропавл, Көкшетау, Атбасар арқылы Ақмолаға; шығыс – Павлодар, Баянауыл арқылы Қарқаралыға апаратын және Ақмоланы Ақтау бекіністерімен және Атбасарды Ұлытау әскери бекетімен байланыстыратын.

Ішкі далалы өңірде сауда жолдарының қалыптасуы орыс тауарларын Орта Азия және Қытай өнімдеріне айырбас жүргізумен тұспа-тұс келді. Ресей капиталының енуіне дейін-ақ көшпелілер дала арқылы шекаралас транзиттік аймақтарға шығып, керуен саудагерлеріне кезігетін. Орыс саудагерлерінің далаға ене бастауы ескі керуен бағытына өзгеріс енгізді [1].

Сыртқы сауда жолдары. Орыс тауарларын азиялық өнімдерге айырбастау үшін қазақтардың облыстары арқылы аса маңызды сауда бекеттері, яғни **Петропавл мен Семей арқылы өтіп Ташкентке дейін келесі жол арқылы жететін:**

1) Петропавл арқылы шығып Есіл аңғарымен Қорғалжын өзені арқылы немесе Ұлытау таулары бойымен Сырдарияның төменгі ағысына жетіп, әрі қарай Арыс құмдарымен Ақмешітке жетіп Бұқараға бағыт алатын. Бұл көне жолдардың бірі.

2) Петропавлдан шығып Есіл бойымен Тасөткел арқылы Нұраның ағысына жетіп, Құлтан жартастарын өтіп Сарыкөңгір, Қаракөңгір, Сарысу аңғарлары арқылы өтіп Айнакөл өзеніне жеткен кезде жол екі сілемге бөлінеді: батыс тармағы Перовск арқылы

Бұқараға апарды, ал екі шығыс жолдың біреуі Қараөткел арқылы Созаққа апарса, екіншісі де сол өңірге Бишқұлан арқылы.

3) Ташкентке апаратын тағы бір жол петропавлдық айырбас сауда орнынан шығып оңтүстікке қарай бекет жолымен басталатын және Қаратомар орманы арқылы оңтүстік-шығысқа қарай бұрылады, содан кейін Шағалалы өзенін кесіп өтетін. Бұдан кейін жол Есерке жалтыр көлі, Шұңқыркөлді батыс жақтан айналып өтетін және Базорбай мен Малдыбай көлдеріне жетіп, Тасшолқар арқылы оңтүстік жолмен бұрынғы Үшбұлақ аймағына баратын. Осы жерден Құрткөл арқылы Ақмола қаласына жететін. Петропавлдан Ақмолаға дейінгі жол ұзындығы 430 шақырымды қамтитын [3].

Петропавлдан Ақмолаға арбаға тиеліп әкелінген тауар түйелерде жүк артылады. Жалпы керуенге ташкенттіктермен және татарлармен сауда жүргізетін бірі кісілік түйе жүк артылған түйелер қосылған. Ақмола нарығынан қажетті тауарларды алған керуен саудагерлері Ташкентке қарай келесі жолдың біреуін таңдап, жолға шығатын:

Бірінші жол бойынша Ақмоладан 5 шақырымдық жолды бекеттер арқылы өтіп Нұра өзенін өткізіп оңтүстік-батыс жолмен Құлтанөтпес аймағы мен Қарағаш орманы арқылы Сарысуға жететін. Осы жерден керуен саудагерлері Саз шатқалына түсіп, жүк артылған малдарға бірнеше күндік демалыс береді. Әрі қарай саудагерлер Жиделіқоңыр арқылы өткен соң Шу өңіріне қарай шығатын.

Екінші жол бойынша Ақмоладан Есіл арқылы жоғары қарай Қараөткелге көтеріліп оңтүстікке бағыт алып ақтаулық бекеттік жолмен Нұраға шығатын. Бұдан кейін Ақмоладан 120 шақырымдық жерден кейін оңтүстік-батысқа бағыттап Қарағаш орманына жететін. Әрі қарай Атасу өзені арқылы өткен соң керуенге қатысушылар аздаған бөліктерімен жолды жалғастыратын. Қаратөбеге жетіп, Арқарлы-қарасу арқылы өтіп Жиделі, Сарыбұлаққа қол жеткізетін. Осы жерден оңтүстікке қарай жол тартып Шуға қарай жететін. Осыдан Созаққа жетіп, оңтүстіктегі соңғы керуен нүктесіне қол жеткізетін. Жалпы Петропавлдан Шуға дейінгі жол ұзындығы 1175 шақырымнан асатын. Бұл жолмен шептердің ішкі аудандарынан Орта Азияға барлығына жуық транзиттік тауар өтетін. Қазақ даласы арқылы мамыр айынан қазанға дейінгі уақыт аралығында осы жол арқылы жүк тиелген түйелер үшін көпестер шамамен алты ай үшін 20 рубль төлейтін, ал айлық мерзімге бір басты жалға алғаны үшін 4 рубль өтейтін. Бір жылқы үшін айына 3 рубль, ал мамырдан қазанға дейінгі аралықта 15 р. төлейтін. Әрбір жылқыны сау түрінде қайтару және әрбір өлген жылқының жауапкершілігі 15 рубльден 20 рубльге дейін өтелетін [4].

Семейден Ташкентке апаратын керуен жолы Ірбіт жәрмеңкесінен алшақ орналасқандықтан маңыздылығы жағынан екінші орында. Дегенмен, бұл жол арқылы Қытайдың басым тауарлары Орта Азияға тасымалданады. Бекеттің жалпы бағыты солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай апарды. Оның Шудан Семейге қарай ұзындығы 1050 шақырымды алады.

Қытай тауарлары Петропавлға және Ірбіттен Шәуешекке үш керуен жолымен жететін: 1) *Петропавл-Алматы керуен бекеті*; 2) *Петропавлдан Шәуешек пен Құлжаға дейінгі жол*; 3) *Петропавлдан Ақмолаға жетіп, бұдан кейін Қарқаралы-Сергиополь жолына шығатын.*

Ташкенттік өнімдерді қытайлық тауарларға айыр-бастау үшін керуендер ұзақ уақыт бойы Сайрам мен Әулиеатаны, Меркені Тоқмақпен және Алматымен байланыстырған жолды пайдаланды. Саудагерлердің кейбіреуі ғана Шолақорған арқылы өтіп семейлік керуен жолымен Қарқаралы-Аягөзге дейін жетіп, Шәуешек шекарасына қол жеткізетін [2].

Орынбор аудандарына апарылатын ташкенттік тауарлар сібір қазақтарының далалы аймақтары арқылы Қараөткел арқылы Айнакөлге шығатын. Осы жерден орынборлық ведомствалардың өңірлеріне шығатын. Ал, Петропавлдан орынборлық керуен жолдарына шыққан сауда жолдары:

1) *Петропавлдан батысқа қарай Горькая шебі арқылы шекараға дейін жетіп орынборлық бекіністерге түсетін;*

2) *бұрынғы Құсмұрын бекінісі арқылы төмен түсетін;*

3) *Есіл аңғарымен Жарқынағашқа түсіп, әрі қарай көшпелілер басып өткен керуен жолдары өткізілген.*

Сібір өңірінде әкелінген орыс тауарларының құны тауар әкелінген қаланың Ірбіт нарығынан қашықтығын және де берілген аймақтың Петропавл қаласынан алшақ орналасуына да байланысты болған [4]. Мәселен, төмендегі кесте 5 ішкі далалы нарықтың Петропавл қаласынан арақашықтығын көрсетеді:

	Шақырым қашықтығы	1863 ж. жүк өткізу төлемі
Көкшетау	189	20 тиын
Атбасар	357	30 тиын
Ақмола	430	30 тиын
Баянауыл	700	65 тиын
Қарқаралы	782	70 тиын

Яғни, кестеден көргеніміздей Көкшетау Петропавлға ең жақын орналасқан өңір болғандықтан саудагерлер үшін ішкі нарықта салық көлемі небәрі 20 тиынды құрайтын, ал Қарқаралы болса керісінше, алшақ орналасқаннан төлемақысы да жоғары.

Ішкі сауда жолдары. Бұған далалы аудандардың бір-бірімен байланыстыратын немесе шекарада орналасқан өңірлермен қатынайтын жолдарды жатқызуға болады. Ішкі даланың пошта жолдарынан басқа Ақмоланы Ұлытаумен және Баянауылмен, Қарқаралыны Ақтаумен және Аягөзбен ішкі аймақтарын байланыстыратын бекеттері де қызмет етті [5].

Ұлытау-Ақмола жолы. Ақмолдан шыққан керуен оңтүстік-батысқа қарай Қозыкөш арқылы бағыт алып Нұраның оң жағасына жетіп, Ақкөл жайылмасы арқылы Құләнөтпес өзеніне жақындайтын. Әрі қарай оңтүстікке қарай жылжып Қаракеңгірге қол жеткізеді. Жол көп жүрілгендіктен керуен саудагерлері үшін қолайлы болатын. Ұлытау-Ақмола жолының ұзындығы 430 шақырымды құрайтын. Ұлытауға Ақмоладан нан әкелінетін, ал Орталық Қазақстаннан солтүстікке қарай оңтүстік-батыс көшпелілердің малдары айдалып әкелінетін.

Ақмоладан Баянауылға (300 шақырым) апаратын жол Ерейментау таулары арқылы өтіп, Сілеті өзенінің жоғарғы ағысына жеткен соң әрі қарай Өлеңті, Шідерті мен Ащысуға жететін. Осы жолмен

Қарқаралы пошта бекетінің жолымен жүрген кезде оңтүстікке қарай 10 шақырымдық қашықтықта Баянауыл орналасқан.

Қарқаралы-Ақтау жолы солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай бағыт алатын. Бұл жол кез келген жыл мезгілінде ауыр жүкті тасымалдауға қолайлы болатын. Оның жалпы ұзындығы 335 шақырым қашықтықты құрайтын.

Қарқаралы-Сергиополь жолы солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай созылатын. Қарқаралыдан Аягөзге дейінгі барлық жолдың ұзындығы 412 шақырымды құрайтын. Қарқаралыдан 165 шақырымда Семейдің керуен сауда жолы кесіп өтеді.

Ақмола-Черлак жолы қаладан шығып Сілеті өзенінің жоғарғы ағысына түскен соң солтүстікке қарай бағытта Көкпекті өзенін өткен соң Қараөзенге қарай шығады. Осы жерде Омбыға апаратын 129 шақырымды алатын өткел арқылы өту қажет. Демек, Ақмоладан Омбыға дейінгі сауда жолы 380 шақырымды алады. Бұл жолмен Ақмола тұрғындарына нан тасымалданатын [4].

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда капиталистік қатынастардың дамуы – Қазақстанның жалпыресейлік экономикаға тартылуы. Бұның айқын нышаны сауда инфрақұрылымның дамуы болды. Алайда, сауда ісінде Қазақстан шаруашылық жағынан тек шикізат көзі тұрғысынан ғана игерілді. Бұл жағдай өз кезегінде ресейлік өнеркәсіп орындары шығарған дайын өнімді өткізетін нарыққа айналды. Сонымен қатар, Орталық Ресейдің сауда-өнеркәсіп және монополистік буржуазиясының капиталы салынатын аймаққа айналуына әкелді.

РЕЗЮМЕ

В статье анализируется место и роль торговых путей казахов Западной Сибири во второй половине XIX в. Развитие торговых и почтовых путей рассматривается в качестве одной из сфер развития инфраструктуры Казахстана в вышеуказанный период времени. В статье сравниваются торговые пути внутренней и внешней торговли, связующие Петропавловск и Акмолинск с Средней Азией, Китаем, сибирскими и оренбургскими пунктами торговли России.

The article analyzes the place and role of trade routes of the Kazakhs of Western Siberia in the second half of the XIX century. The development of trade and postal routes is considered as one of the areas of infrastructure development in Kazakhstan in the above-mentioned period of time. The article compares the trade routes of domestic and foreign trade connecting Petropavlovsk and Akmolinsk with Central Asia, China, Siberian and Orenburg points of trade in Russia.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық, 3-том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 768 б.
2. Левшин А.И. Описание киргиз-кайсацких орд и степей. Ч.3 – Санкт-Петербург, 1832 г. 321-б.
3. Завалишин И. Описание Западной Сибири. – Москва, 1867 г. 160 с.
4. Красовский М. Материалы географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Область Сибирских киргизов. Часть 1. Санкт-Петербург, 1868 г.
5. Памятная книжка Акмолинской области на 1887 // Издание Акмолинского областного правления. – Омск, 1887.

ТҮРКІСТАН-СІБІР ТЕМІР ЖОЛЫ ҚҰРЫЛЫСЫ және ондағы жұмысшылардың әлеуметтік жағдайы

Гүлжан ТІЛЕУБЕКОВА,
тарих ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы,
Лашын ӘБДІЛДИНОВА (Абдильдинова),
гуманитарлық ғылымдар магистрі, оқытушы,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

XX ғасыр қазақ халқы үшін ауыр сынаққа толы болды. Жиырма жыл аралығында мемлекеттің шаруашылық құрылысы ғана емес, сонымен қатар оның әлеуметтік құрылымы да өзгерістерден өтті. Түркістан-Сібір темір жолының жобасы Франция мен Италияны бірге алғандағы аумақты алып жатты. Оның шекаралары Батыста – Батыс Сібірге, Алтайдың ең жақсы жерлерімен байланыстырып, Оңтүстікте – Түркістанға, бұл екі бағыт КСРО-ның інжу-маржанына айналады. Шығыстағы шекарасы ұзындығынан 1200 км-ға Синь-Цзянь провинциясының шекарасына дейінгі аралықта жобаланды. Болашақ жол торабы қарама-қарсы бағытта болды, яғни, қар басқан әлемдегі ең ірі шыңдардан басталып, ыстық, аптаған жартылай шөлді жерлерді басып өтететін аймақтарды қамтыды. Балқаш өңірінің сексеуілді ормандарынан бастап Алтайдың самырсындарына дейінгі аралықта орналасты. Біз білетін XX ғасырдың басындағы Сібір нанға және орманға бай, алайда үлкен нарықтан алшақтықтың нәтижесінде, егіншілік және орман шаруашылығын дамытуда қиыншылықтар болды.

1926 жылы ҚазАКСР-де 6,5 миллион адам есепте тұрған, оның 57 %-ын қазақтар, қалғандары орыстар мен украиндықтар болды. Осы құрамның 18200 үлкен құрылыс тораптарында жұмыс істеді, сондай-ақ, 20600 жұмысшы транспортта, 4800 құрылыста істеді. 7210 жұмысшы, яғни 38%-ын қазақтар құрды [1, 15-б.]. Осы жылғы санақ бойынша, европалықтардың (орыстардың) Қазақстандағы үлесі 35 %-ды құрады. Егер 1920 жылдары словян шаруалары жыл сайын 2,98 %-ға өсіп отырса, еуропалықтардың қалалық бөлігіндегі санақ көрсеткіші 4,5%-ды көрсетті, жергілікті қазақтардың саны (көшпелі, отырықшы) жыл сайынғы өсімі 1,79 %-ды құрды [1, 30-б.].

Темір жол құрылысы индустрияландырудың үлкен жетістігі болғанымен де, ұйымдастырылуы жағынан кемшіліктер кездесті. Оның қатарына, біріншіден құрылыс материалдары, оны іске асыратын кәсіби даярланған маман, баспана, азық-түлік, медициналық қызметтің уақтылы ұйымдастырылуы. Алайда, бұл аталған жұмыстар темір жол құрылысының бөлімшелерінде біркелкі іске асырылмаған [2, 92-б.].

Түркістан-Сібір темір жолы құрылысындағы жұмысшылардың жағдайы былай көрсетілген: «*Жұмысшылардың жағдайы тым нашар. Жұмысты таң сәріден бастап, ымырт жабылған кезде аяқтайды. «Неге сегіз сағаттан артық жұмыс істейді?»*, – деген сұраққа: «*Тапқан ақысы ішер асына жетпейді*», – деген жауап береді. Ең қиыны жұмысшылардың еңбек ақысының уақтылы төленбеуі. Қазақ жұ-

мысшылары бірнеше ай бойы жұмысшы кітапшасын ала алмаған. Десятниктер жұмысшылар құқығын қорғауға міндетті болса да, қазақ жұмысшыларының шағымдарын тыңдамайды... Дәрігер де, фельдшер де жоқ...», – деп шағымдарын білдірген [2, 160-б.].

Байқағанымыздай, Түріксібте жұмысшыларға ең қажеттісі баспана еді. Түріксібтің бірінші партия съезінде ең маңызды сұрақ баспана мәселесі болды. Осыған байланысты әкімшілік 1928-1929 және 1929-1930 жылдары қаржыны баспана қорына салады, осылайша баспана мәселесін шешуді ойластырады. Темір жол бойындағы Іле, Шу, Луговой және т.б. қалашықтарда мектептер, клубтар, қызыл бұрыштар (красные уголки) және денсаулық сақтау бөлімдері болды. 1930 жылдың көктемінде Түріксіб 429 баспана, 723 барак және 67 моншамен қамтамасыз етілді. Құрылыс соңында жоспарланған 630000 шаршы метрдің тек 146000 шаршы метріне ғана баспана салынады [1, 309-б.]. 1927-1928 жылдарда Түріксібтегі отбасылы жұмысшыларға арналған пәтерлердің жетіспеушілігі байқалды. Пәтермен уақтылы қамтамасыз етілмеуі, соның ішінде Жаңа-Семейде көптеген Депо жұмысшылары пәтерлерінің болмауына байланысты олар Семейде тұрақтауға мәжбүр болған, сондықтан олардың жұмысқа кешігіп келуі байқалды, сондай-ақ, көптеген отбасылы жұмысшылардың Жаңаөзенде пәтерлерінің мүлдем болмауы себепті – Түріксіб және Түріксіб Басқармасының бірлескен Комитеті Жаңа-Семейдегі пәтер мәселесіне байланысты сұрақты тез арада қарастыруды сұраған.

Рыков станциясының жұмыс барысымен танысқан Түркістан-Сібір темір жолының Оңтүстік бөлімінің бастығы инспектор Березин, Еңбек Инспекциясымен бірлесе отырып келесі шешімді шығарған: «*Жұмысшылардың қалашығында орналасқан баспаналарда тазалық сақталмаған. Ескірген, дұрыс жабдықталмаған, жылытылмаған, бір вагонда 11-ден 24 адамға дейін орналастырылған. Ұйықтауға қатарынан тізіліп жатады және мұздай жерде жатуға тура келеді. Вагондардың едені жуылмаған, себебі 24 вагонға бір ғана тазалаушы болды, ол жерді тазалауды міндетті деп есептемеген. Вагондарда жуынатын орын, сабын да, орамалда болмады. Монша жоқ, судың жетіспеушілігінен тіпті ішерге де су табылмайтын жағдайлар кездескен. Мардымсыз және дұрыс даярланбаған тамақ, сұйық тамақ не пиязы жоқ, т.б. қажетті заттары қосылмаған. Арнайы киімдер жұмысшылардың барлығына бірдей бөлінбеген. Жұмысшылар қатты аяздарда жырттық аяқ киіммен жұмыс істеуге мәжбүр болған,*

нәтижесінде аяқтары үсіп қалған жағдайлар кездескен. Рельсті төсеу жұмыстары ешқандай құрал-жабдықтардың көмегінсіз жасалында, ал олар болған жағдайда жұмысты жеңілдететін еді. Мысалға, рельс төсеу жұмыстарында ең қауіптісі рельспен жүргізіп жүк таситын кішкене вагондардан рельстарды лақтыру болып табылады, оның барлығы 9 адам бірлесіп қолмен істейді және санына қарамастан оларды қауіпсіз жағдайда деп айтуға болмайды. Арнайы құрал-жабдықтармен жабдықталған жағдайда вагондардағы мұндай жұмыстарды 4 жұмысшымен де атқаруға болатын еді» [3, 164-п.]. Аталған жағдайлар белгілі бір эпидемияның және төтенше жағдайлардың көбеюіне әкелуі мүмкін еді.

Қыс айларында темір жол төсеу қиынға түскен, себебі, үсіктің жүруіне байланысты және қатты дауыл кездерінде баспанамен қамтамасыз етілмеуі, құрылыс қалашықтарындағы жұмысшылар (көбінесе ұсталар мен қызметкерлер) ауа-райы бір қалыпты жылығанға дейін қиыншылықтар кездескен [3, 17-п.]. Жұмысшылардың толыққанды жұмысқа қажетті заттармен қамтамасыз етілмеуінен наразылықтар жиі ұйымдастырылды, ал бұл өз жағынан жұмыстың жоспар бойынша жұмыс істеуіне кедергі келтірді.

РКФСР-дің Еңбек Халық Комиссариаты өкілі Алферевтің 1928 жылғы 3 мамырдағы Еңбек коллегиясының отырысында Түркістан-Сібір темір жолы құрылысының Оңтүстік бөліміне жұмыс күшін жалдау туралы жағдай қарастырылды. Алферевтің айтуы бойынша, Оңтүстік бөлімнің 1-бөлімшесіндегі жұмысшылардың 13 мамырдағы саны төмендегідей болған: қызметкерлер – 131, кәсіби мамандандырылған жұмысшылар – 628, қара жұмысшылар – 318 құраған. Ал, жергілікті халықтан құралған жұмысшылардың саны туралы мәліметтер жоқ. Жұмысшылар 10-15 адамнан вагондарға, 7 палаткада және 10 киіз үйде орналастырылған. Бірінші бөлімшеде жұмысшылары баспанамен қамтамасыз етілсе, азық-түлік тапшылығы жетпеген. Медициналық көмек көрсетуде де қиыншылықтар кездескен. Тасымал көліктерінің болмауынан, медициналық көмектер уақытылы көрсетілмеген.

Екінші бөлімнің наурыз айындағы жалақы мөлшері: кәсіби мамандандырылғандарға 1 р. 92 т. – 2 р. 18 т. дейін және 2 р. 50 т. – 3 р. 63 т., жер қазушылардың айлығы – 1 р. 52 т. дейінгі аралықта төленді. Орташа есеппен алғанда құрылыстағы айлықтың мөлшері – 2 р. 32 т. құрады [4, 171-п.]. Қара жұмыста жүрген жұмысшылардың айлығы 4 рубльді құраған. 1927 жылдың соңында айлық көрсеткіші 1,80 рубльден 11,60 рубльге дейін көтерілгені көрсетілген [5, 123-б].

Екінші бөлімде бірінші кезекте жерді тегістеу жұмыстары жүргізіледі. Құрылысқа 550 жұмысшы тартылған, оның 200 жергілікті тұрғындар, 310 Украинадан әкелінді, ол жерде 160 жұмысшы қызмет ететін болады. Бұл жердің де басты мәселесі баспана болды. Жұмысшылар баспанамен қамтамасыз етілмеген, тек бірнеше тұруға жарамсыз жер кепелер қойылған. Жергілікті тұрғындардан алынған 200 жұмысшының киіз үйлері болған.

Баспаналардың жеткіліксіздігі жұмыстың ары қарай тоқтаусыз жұмыс істеуіне кедергі келтірген жағдайлар жиі кездескен. Сонымен қатар, жұмысшылардың айлық жалақысы да төмен болды. Жер қазушылардың күнделікті айлығы 1 р. 49 т. құрады. Жұмысшылардың айлық жалақысын көрсететін нақты құжат болмады. Тазалық сақтау жағы да төмен ұйымдастырылған. Қайнатылған су жоқ, дайын су

қайнатқыш құрылғылар жарамсыз. Су Шу өзенінен алынды, суды жұмысшылар өздері қайнатты. Су таситын машинамен жабдықталмаған. Жаңа су қайнатқыш құрылғыларға тапсырыс берілді [4, 171-п.].

1928 жылы Түріксібтегі жұмысшылардың көпшілігін жер қазушылар құрды. Құрлыс басына келген еуропалықтардың көпшілігі жер қазу жұмыстарымен бұрын-соңды істемегендер болды, 50-60 %-ын бұрын темір жол бойында істеген шаруалар құрды. Негізгі топ жергілікті халықтан тұрды, олар бұрын Жетісу темір жолында істегендер болды.

Осы жылы 1-3-бөлімнің маусым және шілде айларындағы жер қазушылардың артель бойынша айлығы:

1-кесте: 1928 жылғы маусым және шілде айларындағы жер қазушылардың артель бойынша айлық есебі [3, 9-п.].

1-ші бөлім						
	Шаршы шақырым бойынша атқарған жұмыстар			Жалақы		
	Миним.	Макс.	Орта	Миним.	Макс.	Орта
Еуропалықтар	3,66	10,9	5,83	2-20	6-56	3-50
Жергілікті халық	3,2	5,98	4,05	1-92	3-59	2-43
2-ші бөлім						
	Шаршы шақырым бойынша атқарған жұмыстар.			Жалақы		
	Миним.	Макс.	Орта	Миним.	Макс.	Орта
Еуропалықтар	3,07	10,5	5,73	1-63	6-30	3-44
Жергілікті халық	2,98	8,04	5,4	1-79	5-04	3-25
3-ші бөлім						
	Шаршы шақырым бойынша атқарған жұмыстар			Жалақы		
	Миним.	Макс.	Орта	Миним.	Макс.	Орта
Еуропалықтар	2,87	6,83	5,52	2-00	4-70	3-84
Жергілікті халық	1,27	3,29	1,91	0-89	2-30	1-34

1-кестеде көрсетілгендей, 1,2 және 3-бөлімшелер бойынша құрылыс жұмыстарының қамтылған уақыты және айлық жалақы мөлшері көрсетілген. Кәсіби мамандандырылмаған деген сылтаумен жергілікті жерден алынған жұмысшыларға айлық жалақы аз мөлшерде берілген. Сондай-ақ, 1928 жылдың маусым айындағы негізгі мамандықтар бойынша келесідей айлық мөлшерлері келтірілген:

2-кесте: 1928 жылғы мамыр-маусымдағы мамандық бойынша айлық мөлшері [6, 92-п.]

1-ші бөлім										
Бөлім-шелер	Жер қазушылар		Плотниктер		Қалаушылар		Қара жұмысшылар		Қызметкерлер	
	Ай-лық	%	Ай-лық	%	Ай-лық	%	Ай-лық	%	Ай-лық	%
1	2-41	100	3-37	100	2-00	100	1-77	100	7-03	100
2	-	-	2-77	100	4-05	100	2-05	100	6-55	100
3	1-93	100	2-93	100	-	-	1-24	100	7-83	100
4	-	-	1-58	100	-	-	1-82	100	9-52	100
5	-	-	2-20	100	-	-	1-32	100	7-12	100
6	-	-	2-14	100	-	-	-	-	8-54	100
және 7 бөлімше	2-21	100	2-73	100	2-12	100	2-18	100	8-94	100
2-ші бөлім										

1	2-58	109	4-77	141	4-97	248	1-72	7	6-60	90
2	3-30	-	3-97	143	-	-	2-15	105	6-20	95
3	2-01	105	2-18	84	3-79	-	1-88	151	6-20	79
4	2-66	-	2-09	132	-	-	1-80	99	8-03	84
5	-	-	2-40	109	2-40	-	1-30	98	1-50	105
6	-	-	2-12	99	-	-	1-99	-	8-00	89
және 7 бөлімше	2-39	108	2-69	98	2-32	100	2-02	93	7-84	88

2-кестеде келтірілген 1 және 2-бөлімдегі айлық жалақының әр түрлі болуының себебі, 1 бөлімде тас қалаушылар мерзім бойынша жұмыс жасады, ал 2-бөлімшеде ұдайы құрылыс жұмыстары жүргізілді. Ал айлық жалақысы аз көрсетілгендер мерзім бойынша жалданғандар болды.

ЖКО-ның кеңесінде Түркістан-Сібір темір жол құрылысының есеп-қисаптарының алғашқы нұсқасы ұсынылады, ол бойынша жалпы құрылыстың бағасы 196500500 рубльді құрайды. Осы сомманың 5040000 рубль жұмысшылардың айлық жалақысы, 780000 – басқарушы аппараттың және 5100000 рубль әкімшілік-техникалық бөлім қызметкерлеріне бөлінді. Сондай-ақ, солтүстік бөлімнің 1 разрядты қызметкерлеріне 14 рубль 50 т. және Оңтүстік бөлімдікі 16 рубль 25 т. құрады.

Айлық төлеу 2 кезеңнен тұрды. Бірінші топқа сумен қамтамасыз ететіндер, барақтарды жөндейтіндер (қара жұмысшылардан басқасы) орта есеппен 24,6 % айлық алды, яғни 150 күндік айлық 2 рубль 50 т. құрады. Екінші топтағылардың 7% – әлеуметтік сақтандыру, 2 % – кезекті демалыс күндеріне, 1,75 % – демалыс күндеріне жәрдемақы, 1,25 % – арнайы киімдерге, 1% – мәдени шараларға, 0,4 % – оқыту ісіне, 0,25 – техникалық құрамға, 0,10 % – жұмысшылар қорына, барлығы 12,75 % жалақы мөлшерін құрды [4, 171-п].

1929 жылдың 1 шілдесінде берілген мәлеметтерде еуропалықтар (орыстар, украиндар, беларустар) мен қазақтардың қыркүйек айындағы орта есеппен, адам басына алғандағы айлығы еуропалықтарда – 2 р 45 к. болса, қазақтардыкі – 1 р. 48 т. болған [10, 3-б.]. Осындай мардымсыз жалақының арқасында қазақтар нашар жағдайда тұруға мәжбүр болған.

Құрылыс басындағы жұмысшылар барлық бөлімшелерде бірдей қажетті жабдықтармен қамтамасыз етпеді, бір бөлімшеде азық-түлік әкелінсе, бір бөлімше баспанамен, келесісі арнайы киімдермен қамтамасыз етіліп жатты, кейбіреулері тіпті қыстың қытымыр уақытында аяқ-киімге зар болған уақыттар ұдайы кездесіп отырған. Бірінші және екінші бөлімдегі жұмысшылар арнайы киімдермен де қамтамасыз етілмеген. Тамақпен қамтамасыз ету деңгейі нашар болған. Нан, ет тағамдары уақтылы жеткізілмеген. Нан ұдайы суланып тұрды, арнайы нан пештерде пісірілмеген. Енді 150 пұт нанды пісіру үшін пеш салынып жатыр. Азық-түліктің уақтылы жеткізілмеуі, еңбекақының аз болуы 2 бөлімдегі жұмысшылар санының азаюына әкелген [7, 171-п.].

1928 жылдың 25 маусымында ОАК-ның төрағасына Түріксіб құрылысшылары тарапынан хат жолданады. Ол хатта да Түріксіб басындағы жұмысшылардың жағдайы баяндалады. Басты мәселе, азық-түліктің жетіспеушілігі, отбасыларымен көшіп келген жұмысшылардың кішкене балаларына сүт алудың өзі қиындық тудырған, бар болғанның өзінде жұмысшыларға қымбатқа түсетін [8, 35-36-пп.]. Құрылыс басында жұмысшылардың барлығы арнайы киімдермен қамтамасыз етілмеді. Біреуінде аяқ киім

болса, келесісі жалаң аяққа жұмыс жасауға мәжбүр болған. Кейбір құрылыс бөлімдерінде барлық жұмысшылар арнайы киімдермен қамтамасыз етілсе, кейбір бөлімдерге мүлдем жеткізілмеген [3, 45-п.]. Бұл кемшіліктердің барлығы елдегі болып жатқан оқиғалардан болуы мүмкін еді. Себебі, Қазақстандағы ұжымдастыру саясатымен тұспа-тұс келген индустрияландыру саясаты қоғамға үлкен зардабын тигізен болатын.

Сондай-ақ, жұмысшылардың келесі бөлімшелерінде 1928 жылдың 7 желтоқсанында Семейде өткен Линотдел отырысында жұмысшыларды жылы киіммен және азық-түлікпен қамтамасыз ету қажеттігі баяндалады. Себебі, құрылыс басындағы жұмысшылар азық-түлік, жылы киім мен аяқ киіммен уақтылы қамтамасыз етілмейтіндігін қанағаттандырмаған. Сондай-ақ, түскі ас құнарсыз және ақысы да жоғары болған [13, 8-п.]. Құрылыстағы 300-ге жуық жұмысшылар киіз үйдің ішінде ағаш керуеттердің (тапшан) үстінде тамақтанды және көбінесе құрғақ тамақтарды азық етті. Ал, асханасы бар бөлімдер түскі астың дәмсіз дайындалатынына ұдайы шағым жасаумен болған [9, 3-с.]. Газет беттерінде жұмысшылардың жағдайы туралы мүлдем айтылмаған. Шындығына келгенде, жұмысшылар құрылыс басында мерзім бойынша, ауа-райына қойлайлы киімдердің болмағандығына шағымданған. Қысқы мерзім келе жатса да қажетті аяқ-киімдермен қамтамасыз етілмеген [9, 3-с.]. Бұл мәселелер жөнінде мақаланың жоғарғы жағында қарастырып өтілді.

1927 жылдың екінші жартысында Түркістан-Сібір темір жолы құрылысындағы Денсаулық сақтау бөлімінің жұмыс жоспары ұйымдастырылды. Ол бойынша, Оңтүстік бөлімнің Денсаулық сақтау бөлімі 1927 жылдың желтоқсан айында Ташкент темір жолынан: Фрунзе қаласынан 4 дәрігерден құрылған 1 амбулатория бөлімін қабылдайды; Алматы қаласынан 4 дәрігерден 1 амбулатория бөлімін, Ұзынағаш пен Ілеге Фрунзедегі сияқты 2 фельдшер пунктін ауысады. Бірақ келген дәрігерлік амбулаториялар толығымен жабдықталмаған болатын. Келтірілген дәрігерлік бөлімдер мен фельдшер пунктері бастапқыда жұмысшылар мен қызметкерлерді дәрігерлік көмекпен толығымен қамтамасыз ете алмады. Бастапқыда 100-120 жұмысшы, 200-300 қызметкерден ғана қызмет көрсетілді. Кейіннен жұмысшылардың саны 600 жетеді. Аталған амбулатория бөлімдерінен басқа, желтоқсан айында фельдшер амбулаториясы және сәуір айында Шоқпар мен Шуда 1 фельдшерлік амбулатория ашылады. 1928 жылғы құрылған 2 дәрігерлік амбулатория мен 2 фельдшерлік пункттерден 7760 адам қаралады. Сондай-ақ, Рыков станциясындағы ауруханаларда 5-10 дейін төсегі бар денсаулық сақтау орындарын ашаңыз деп уәде береді, бірақ 1928 жылға дейін ешқандай шара қолданылмады [3, 61-п.].

Аталған кемшіліктердің алдын алу үшін Денсаулық сақтау бөлімі Шу станциясында 25 төсектен тұратын аурухана ашуға, сондай-ақ, Луговой мен Шоқпар станциясының жұмысшыларына дәрігерлік көмек көрсету үшін Шуда дәрігерлік амбулаториялар мен тіс дәрігерлеріне кабинеттер ашуды ұйымдастырады [3, 61-п.]. Тек Шу станциясында ғана емес, Алматыда да тура осылай дәрігерлік көмек көрсету орталықтарын ашу қолға алынады [3, 62-п.].

Құрылыс жұмыстары басталған уақытта ешқандай қиындықтар туындамас үшін Денсаулық сақтау бөлімі келесі жағдайларды жүзеге асырады:

1) Рыков бекетіндегі амбулаторияға жиһазбен

құрал-жабдықтар алады және 10 төсектен жабдықтады;

2) 60 сеткалы темір төсек, 100 құс төсек, жастықтарымен, 15 төсекке тыс, Алматыдағы ауруханаға 75 тігілген және қалғандары жұқпалы ауру тараған жағдайда ауыстырғанға сақталып қойды;

3) 100 қысқы және 80 жазғы көрпе, сондай-ақ, қысқы және жазғы мерзімге арналған аурухана халаттарын алады;

4) амбулаторияларға және жаңадан құрылған амбулатория бөлімдері, 2 тіс емдеу кабинеттері құрал-жабдықтармен толықтырылды;

5) 1928 жылдың қазанына артығымен 8000 адамға қызмет көрсететін мед қызметкерлер алады;

6) Шу, Алматы және Ұзынағаш дәрігерлік амбулатория бөлімдеріне қатты жиһаз алынады [3, 62-п.].

Алматыдағы амбулатория бөлімі бұдан бұрын жабдықталған болатын, онда тек әкелінген құрал-жабдықтардың жартысы болды, ал жарты бөлігі Фрунзеде болды.

Жұмысшыларды санитарлық жағынан қамтамасыз ету шаралары кешеуілдейді, себебі, құрылыс жұмысы басталған уақытта қараша айында берілетін қаржы ақпанда бірақ беріледі, сондай-ақ, жұмысшылардың баспаналары және тағы басқаларына санитарлық қадағалаусыз жүргізіледі. 1928 жылы Денсаулық сақтау бөлімі Оңтүстік құрылыс бөліміндегі санитарлық жағдайды басынан аяқ бақылау үшін санитарлық дәрігер жібереді, ол құрылыс бөліміндегі баспана жағдайын, сумен, уақытылы азық-түлікпен қамтамасыз етілуін, жұмыс орындарындағы санитарлық тазалық, монша және киімдердің дезинфекциялау және жатын орындарының тазалығын қадағалайды. Санитарлық дәрігердің жұмыстарын жүзеге асыру үшін жылжымалы лабораториялық кабинет құрылуы керек және жақын арадағы лаборатория бөлімдерінде зерттеу жүргізіледі [3, 63-п.]. Аталған дәрігерлік көмектерді жүзеге асыру үшін Денсаулық сақтау бөліміне қаржы бөлінуі қажет болды. 1927 жылғы ХКК-нің қаулысы бойынша медицинаға тек 1% көмек көрсетілетіндігі айтылады. Денсаулық сақтау бөлімі осы қаулыдан кейін шарасыз жағдайда қалады. *«Көмекке Түріксіб құрылысының басшысы Шатов Мәскеуге жіберілген тапсырысты алуға қол ұшын бермегенде, қазіргі күні сынық тегеште болмас еді»*, – деген Денсаулық сақтау бөлімінен баяндама түседі [3, 64-п.].

Айтылған қарардан кейін Оңтүстік құрылыс бөліміндегі емдік және санитарлық жүйені қалпына келтіру үшін Одақ қажетті амбулатория мен ауруханалардың ашылуына, сырқаттанғандарды тасымалдау, азық-түліктің жеуге жарамды жарамсыздығын, су мен санитарлық тазалық жағдайын қолға алу ұсынылады [3, 65-п.].

Құрылыс басындағы денсаулық басты мәселе болды. Осы жағдайдың алдын-алу үшін әкімшілік медициналық жабдықтарды жабдықтауға кіріседі. Түріксібтегі құрылыс жұмыстарының соңғы жылдарында Денсаулық сақтау бөлімі госпитальдардың санын 6-дан 12-ге дейін, ал жатын орындарын 320-дан 640 дейін көбейтеді. Сондай-ақ, денсаулық сақтау бөлімі бюджетке 720979 рубль көлемінде көмек алады және оның негізгі қорын медициналық сақтандыру үшін жұмысшылардан алынған қаржы құрады. Түріксіб темір жолының құрылысы аяқталғанда басшылық құрылыс жұмыстарындағы медициналық бағдарламаны қаржыландыру құпталып, оған 3,5 млн рубльге жуық қаржы бөлінеді [1, 310-б.]. 1928 жылдың шілдесінде Денсаулық сақтау бөлімі 1,2 және

3-ші бөлімдерге тіс дәрігерлеріне арналған ВЧ-5 амбулаториялық кабинеттерін ашады, 4 және 5-ші бөлімдерде (Алматы) фельдшерлік пункт ашылады. 60 аптечкаға тапсырыс беріліп, олар бөлімдерге таратылған болатын [3, 94-п.].

Осы жылдың қазан айында Оңтүстік құрылыс бөлімінің 1 бөлімшесінде (Луговой) бір айдан астам уақыт дәрігер болмаған. 1500 жұмысшыға бір маманданған медицина қызметкерін жіберуін сұраған. Дәрігер кеткен уақыттан бастап емханада тазалық жоғалған. Шаң-тозаң, ешкім бір-біріне бағынбайтын дәрежеге жеткен [65, 3-б.]. Еңбек нарығының шешімі бойынша Жетісу губерниясының – Алма-Ата қаласындағы жұмыссыздардың саны 2852 құраған, Ұзынағашта 1700 адам, олардың ішінде азшылықты ауылды жерлерден келгендер құрды [10, 171-п.].

1927-1928 жылдарға қарағанда, 1930 жылдың жаз айларында басталған құрылыс жұмыстары қысқы мерзімге қарағанда, баспанамен қамтамасыз ету ұйымдастырылды, дегенменде жеткіліксіз болды, желтоқсанда жұмысшыларды баспанамен қамтамасыз ету көлемді мәселеге айналады [1, 35-б.]. Аяғөз, Таңсық, Лепсі, Ақсу сияқты құрылыс орындарында баспана жетіспеушілігі байқалған.

1928 жылдың қазанында Аяғөз станциясында 300 жұмысшы болды, қыс айы келе жатыр, ал жұмысшылардың тұратын жылы тұрғын жайлары болмады. Станция басындағы жұмысшылар киіз үйлер мен шатырларды баспана еткен. Киіз үйлерде 14 адамға дейін тұрған. Сондай-ақ, станция жотада орналасқандықтан, ол жерде ауа-райы суық, тіпті қазан айының өзінде ызғарлы болған. Жұмысшыларға киіздер берілген, олар одан қап жасап, соның ішіне кіріп ұйықтауға мәжбүр болған. Себебі, жаңбыр уақытында киіз үйлердің төбесінен су ағатын болған. Аяғөз станциясындағы құрылыс жұмыстары қыс айларында жүргізілетін болғандықтан, жұмысшыларға жылы тұрғын жайлар қажет болды. Жылы тұрғын жайлардың уақытылы дайын болмауына себеп болғаны құрылыс жұмыстарының қыркүйек айында кеш басталғандығы болды. Ал, Алтын-Қалақ асуындағы құрылыс маусым айында басталды, тұрғын жайлар тек 28 қыркүйекте салына бастайды.

Сондай-ақ, 2 тұрғын жайды салуға тек 6 балташы жұмыс істеді, бұл қарқынмен жұмыс 1 желтоқсанда бітпейтіндігі айқын болды. Мұндай жағдайлар басқа бөлімдерден де көрініс берген. 131 шақырымдағы № 6 тұрғын жайда 34 ағаш төсек, 5-6 қатардан орналасты. Салынған үйде жұмысшылар қысқы құрылыс мерзімін өткізуге мәжбүр болды және жауынды күндері тұрғын жайлардың төбелерінен су ағатын. Ал, сынған терезелердің жасалынбағанына 2 аптадан асып кеткен. Сондай-ақ, Аяғөз станциясының басқа да киіз үйлерінде үстел болмаған. 36 шақырымдағы тұрғын жайлар жарықпен қамтамасыз етілмеген, етілгеннің өзінде шамдарды жұмысшылар қолды қылатын [5, 3-б.].

1929 жылы Оңтүстік бөлімде жұмысшыларды баспанамен қамтамасыз ету көңіл толтырарлықтай болмады. Жұмысшылар қамыстан жасалған жер үйлерде тұруға мәжбүр болды. Ал кейбіреулері қыстақтарда бөлме жалдап тұрған, ол үшін 10-15 рубль төлеген. Қазан айында тек 6 үй дайын болған. Қалғандары әлі салынуда. Ауа-райының жайсыздығы салынып жатқан үйлердің қабырғалары дым болып, қолдануға жарамсыз болатын жағдайға жетеді. Ал, Шу станциясындағы пәтер мәселесі соңғы қатарға қойылды [5, 3-б.]. Бұл жағдайға жұмысшылар наразы болады, әсіресе, отбасылылар. Себебі, пәтерлердің қолайсыздығының нәтижесінде отбасында балалары

қайтыс болып жатқан жағдайлар жиі кездескен.

Мәдени шара аясында ұдайы кемшіліктер болды. Кітап жетіспеушілігі ұдайы байқалатын. Кейбір құрылыс бөлімдерінде тек қазақ тілінде кітаптар болса, кейбір бөлімдерде мүлдем, не қазақ тілінде, не орыс тілінде де кітаптар әкелінбеген [12, 44-п.]. Ал, жұмысшылардың бос уақытын мәдени шараларға өткізгісі келген басшылық бұл нәтижеге бірден жете алмайды. Әкімшілік Қызыл бұрыштарды ұйымдастырады, театрлар, клубтар мен кітапханаларды жабдықтауды бастайды. 1929 жылы профсоюздың мәдени шараларға жұмсаған қаржы көлемі 22000 рубльге теңестірілді [1, 316-б.]. Клубтарда ең көп ұйымдастырылғаны кинофильмдер болды. Оны 37 рет ұйымдастырады және барлық сеанстарға 5225 жұмысшы қатысқан. Осы аралықта кітапханада 19 рет қана тапсырыс берілген [1, 317-б.]. Жұмысшылардың мәдени шараларға қызығушылық арттыру үшін жақын арада оқымыстылар, әңгіме жүргізушілер және тағы да басқа мәдени шараларға қатысы бар қызметкерлерді даярлау үшін арнайы курс жұмыстарын ұйымдастыру тапсырылады. Мәдени шара ұйымдастырушы кадрларды даярлау арқылы жұмысшылардың бос уақыттарын мәдени істерге арнау арқылы оларды тәрбиелеуді қарастырады. Мәдени шара аясында клубтарда әр түрлі спектаклдер, музыкалық үйірмелер, қолөнермен, кітап оқумен, газет-журналдар оқумен, шахмат, шашки ойнаумен өткізгендерін қалайды. Сондай-ақ, құрылыс басындағы жұмысшылардың балаларына да арнап мектептер мен интернаттар ашуды ұйымдастырады, оларда бос уақыттарын тиімді өткізулері үшін Қызыл бұрыштар қолға алынады [13, 54-п.].

Кеңес өкіметі бес жылдық жоспар бойынша 3 жылдың ішінде 544000 қожалықтарды отырықтандырмақшы болған. Тек осы жылдардың ішінде 84 мың қожалық отырықтануы керек болды, бірақ бұл енді ғана басталғандықтан 84 мыңның оннан бірі де отырықтана алмаған. Сонымен қатар, бес жылдық жоспар бойынша Қазақстанға, дәлірек айтқанда, Түріксіб темір жолына өтетін бөлімге 400 мың орыс шаруаларын әкеледі. Түріксібте түгелімен есептесе 16786 жұмысшы жұмыс істеген. Олардың 19500 қазақ жұмысшылары деп көрсетілген [6, 139-б.].

Бесжылдық жоспар бойынша өнеркәсіп жұмыстарына қазақ жұмысшы тобын Түріксіб құрылыстарына дайындаудың 1930/31, 31/32, 32/33 жылғы жобасы 1930 жылы 16 қаңтарда Өнеркәсіп пен транспортты қазақтандыру бойынша комитет отырысында мақұлданады [14, 38-п.]. Соның негізінде Бірінші бесжылдықтың 1929/30-32/33 жылдарында Түріксіб-Сібір темір жол құрылысына қазақ жұмысшыларын

дайындаудың арнайы жоспары даярланады [15, 42-п.]. Осы қиыншылықтарға қарамастан, бірінші бесжылдықта темір жол бойымен басқа республикаларға жүк тасымалдау 3 есеге өсті, 1928 жылы 2901 мыңнан – 1932 жылы 8843,5 мыңға өсті. Әсіресе, өндірістік өнімдерді тасымалдау 8 есеге артқан болатын.

Дегенмен, темір жол құрылысындағы жұмысшылардың жағдайы құрылыс жұмыстары басталған сәттен бастап ұйымдастырылу деңгейі төмен болды және жоғарыда аталған қиыншылықтар құрылыс жұмыстары аяқталған уақытқа дейін шешімі табылмады. Осыған қарамастан Түріксіб-Сібір темір жолының құрылысы ХХ ғасырдың бірінші жарты жылдығының ең ірі жетістігіне айналды. Батыс пен Шығысты байланыстыратын басты жолға айналған темір жол қазіргі таңға дейін өз қызметін атқаруда.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается социальное положение рабочих Туркестана-Сибирской железной дороги на основе архивных материалов.

In the article is devoted to the social situation of the workers of the Turkistan-Siberian railway on the basis of archival materials.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Пайн М. Дж. Сталинская железная дорога. Турксиб и строительство социализма. – Алматы: Санат, 2006. – 347 б.
2. Қазақстанның қазіргі заман тарихы бойынша хрестоматия (1917-1939). 1 том. / Ред. басқарған Қ.С. Қаражан. Алматы: Қазақ университеті, 2007. – С. 160.
3. ҚР ОМА. Қ-131, 1 т., 109 іс, 164 п.
4. ҚР ОМА. Қ-962, 1 т., 362 іс, 72 п.
5. Есенғарин Н.Қ. Қазақстанның темір жолдары. Қалыптасу кезеңі. – Алматы, 2004. – 123 б.
6. ҚР ОМА. Қ-131, 1 т., 109 іс, 9 п.
7. С постройки Туркестано-Сибирской. О чем говорят строители // Советская степь №230 (1455) вторник, 30 октября, 1929 г. – С. 3.
8. ҚР ОМА. Қ-30, 1 т., 761 іс, 35-36 пп.
9. О чем говорят строители // Советская степь № 248 (1453) воскресенье, 28 октября, 1928 г. – С. 3.
10. На стройке Турксиба // Советская степь №241 (1446) пятница, 19 октября, 1928г. – С. 3.
11. Очерки с Турксиба // Советская степь №282 (1487) воскресенье, 9 декабря, 1928 г. – С. 3.
12. Письма с Турксиба // Советская степь №202 (1708) пятница, 4 октября, 1929 г. – 3 с.
13. Алаш көсемсөзі. 10 томдық. 3 том. Алматы: Өнер. 2010. – 344 б.
14. ҚР ОМА. Қ-962, 5 т., 49 іс, 92 п.
15. ҚР ОМА. Қ-30, 1 т., 88 іс, 89 п.

ӨЗ КАФЕДРАҢЫЗДЫ РЕСПУБЛИКАҒА ТАНЫТЫҢЫЗ!

“Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл”, “Қазақ тарихы” журналдарында «Тарих (не Әдебиет, Тіл) кафедрасы сөз алады» айдарымен **ЖОО-дағы Қазақ тілі, Әдебиет не Тарих (Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы, т.б.) кафедраларының іс-тәжірибесі жарияланады.**

Шарт: әр кафедрадан кемінде 5 адам (не оқытушы-профессорлар құрамы) 1 жылға толық жазылып, 1) барлығының түбіртегін, 2) барлық кафедра мүшелерінің бірігіп түскен сапалы фотосын және 3) кафедраның соңғы 2-3 жылдағы

жетістіктері туралы 0.5–1 беттік мәлімет, 4) қанша адам жазылса, сонша оқытушының 2–2.5 (1 жылға жазылса, 4 бет) беттен аспайтын шағын зерттеу не танымдық мақаласын жіберуі тиіс.

Ал жазылушылар саны 12-ден асқан жағдайда журнал мұқабасының ішкі 2-3-беттеріне кафедраның (не факультеттің) тыныс-тіршілігін көрсететін түрлі-түсті 5-6 фотосурет қоса жарияланады.

Редакция алқасы.

ГЕРМАНИЯҒА ОҚУҒА ЖІБЕРІЛГЕН ТҮРКІСТАНДЫҚТАР (1922-1923 жылдары)

Асылжан ҚАДЫРОВ (Кадиров),
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
мемлекеттік университетінің магистранты

Жастарды Германияға оқуға жіберу мәселесі. 1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін үкімет басына келген большевиктер Түркістандағы ұлттық мемлекетті құлатып, орнына отарлық мемлекетті орнатады. Сол кездегі Түркістан Автономиялық Кеңестік Республикасының басшылары Тұрар Рысқұлов, Абдулла Рахимбаевтың Бұхара Халық Республикасының басшысы Файзулла Қожаевтар бұл отаршылдықтан құтылудың бірден бір жолы, елдің білімі мен мәдениетін көтеру деп түсінеді. Өздері коммунистік идеологияның шырмауында отырса да, ұлттық мүддені жоғары қоя білді. Елдің келешегін ойлаған қайраткерлеріміз, Түркістан Республикасында шетелге аса қажетті мамандықтар бойынша студенттер жіберу мәселесін алға қояды. Мұндағы мақсаты: елдің білімді жастарын көтеріп, болашақ елдің мықты мамандарын даярлау еді. Осы мақсатта 1921 жылы 7 майда өткен Түркістан АКСР-ның білім комиссариятының шешімімен өзбектерден 10, қырғыздардан (қазақтардан) 10, түрікмендерден 5 адамды жіберуге сұрау жөнінде шешім шығарылады [3]. Түркістан АКСР шетелге аса қажетті мамандықтар бойынша студенттер жіберу, Халық ағарту халкомында тағы бірнеше рет көтеріледі. Нәтижесінде бұл мәселе оң шешімін тауып, 1922-23 жылдары орталықпен келісіліп, Кеңес Үкіметінің сыртқы істер министрі А.В.Луначарскийдің рұқсаты алынады [2].

Осылайша 1922 соңына таман Түркістан мен Бұхарадан 70 ке жуық әр түрлі жастағы студенттер Германияның түрлі жоғары және арнайы оқу орындарына оқуға аттанады. Олардың таңдаған мамандықтары елдің болашағы үшін маңызды салаларын қамтыды. Атап айтар болсақ химия, электротехника, былғары өңдеу, пәлсафа, педагогика секілді маңызды мамандықтар еді. Қолда бар деректерді зерделей келе Түркістанға жіберілген жетпістен аса студенттердің қай ұлттан екені жөнінде әр түрлі мәліметтер кездеседі. Мысалы Көшім Есмағамбетовтың «Күреспен өткен ғұмыр» атты Мұстафа Шоқай шығармаларының 12 томдығында «1922 жылдың аяғында Бұхарадан Германияға қырық алты адамның, кейін Хиуадан бес, Қазақстаннан – он бес, Башкирия мен Татарстаннан әр қайсысынан он адамнан келгені көрсетіледі». Кеңес үкіметінің бұл студенттерді жіберудегі мақсаты енді құрылып келе жатқан жас мемлекет үшін білікті мамандардың тапшылығы еді. Германия жерінде тек Түркістандықтар ғана емес басқа мемлекеттерден де студенттер көп еді. Мысалы орыстардың өзінен 10 мыңға жуық студенттер болған. Сол кездегі әлемнің дамыған елдерінің қатарына кіретін Германияда студенттер әр түрлі салада білімдерін жалғастырды. Кейін Түркістандықтардың саны 11 ден, кейбір деректерде 15 адамға дейін барады. Мұның себебі мемлекеттің ғана емес өз қаражатымен барып оқушылар да болуы мүмкін. Олардың есімдеріне келетін болсақ: Ташкенттен, Хиуа, Бұхара, Ферғана, Самарқанд, Ходженттен барған: Абдулақап Оқтай, Тахир Шағатай, Сайдали Османи, Саттар Жаббар,

Ахмеджан Ибрагимов, Салих Мұхаммед, Мариям Сұлтанмұрадова, Хайринисо Маджидханова, Сайда Шерахмедова, Шамсулбанат Идриси, Ахмат Шукри, Билал Фатхулла, Бахоулдин Амин және тағы басқалар [2].

Оқуға жіберілген жастар туралы деректер. Қолда бар деректерге сүйенсек Германияға оқуға аттанған қазақ студенттердің саны – 5. Ұлттық Қауіпсіздік комитеті мұрағаттарының құжаттарында қазақ студенттері Ғазымбек Бірімжанов, Дамолла Битілеуов, Әбдірахман Мұңайтпасов, Темірбек Қазыбеков, Сабыр Танашевтың есімдері айтылады [2]. Сол уақытта Ташкенттен шығып тұрған «Қазақ» газетінің жалғасы іспетті «Ақ жол» газетіндегі мақалаларда да олардың саны бесеу екендігі жазылған.

1921 жылы Германияға оқуға кеткен Ташкенттік Абдувахоб Муродий «Берлинге хат» мақаласында 1921 жылдан бері Германияда Түркістаннан жалғыз өзі оқып жатқандығы, егер «Кумак» қоғамы өздері европаға студенттер жібергісі келсе, оларды Германияға жібергені дұрыс, себебі немістердің бүгінгі күнгі ілімі, білім беруде бүкіл европаға үлгі екендігі, мұнан бөлек Германиямен Советтік Россия арасында жақсы көршілік қарым-қатынас орнатылғаны жайлы баяндайды.

Ол өз хатында: *«Бір жыл болды Германияда өмір сүріп жатырмын. Ғылым және білім беруде европаның алдында тұрған Германия мемлекетінде бүкіл әлемнен, тіпті татарлар мен Түріктерден мыңдаған студенттер оқыса, Түркістаннан менен басқа студенттің болмауы жүрегімді ауыртады, басқаларға қарап қызғаныш сезімін оятады екен. Сіздердің бұл аса қайырымды дұрыс бастамаларыңызды көріп, көңілім көтеріліп рухым асқақтады. Германияға келген сол европа халқын жақыннан тануды мақсат еттім»* [3].

Германиядағы студенттердің жай күйі. 1923 жылы қыркүйек-қазан айларында Студенттердің жағдайымен танысып қайту үшін Германияда Т.Рысқұловтың басшылығымен үкімет делегациясы болып қайтады. Германиядан келген бойда 1923 жылы 30 қазанда Халық комиссарлары кеңесінің отырысында Т.Рысқұловтың Германияға іссапарының нәтижелері туралы мәселе тыңдалады, және осы іссапар жайында «Туркестанская правда» газетінің 1923 жылғы 23 желтоқсан санында «Наши студенты в Германии» атты Тұрар Рысқұловтың үлкен көлемде мақаласы жарық көреді [1]. Бұл мақалада Германияда оқып жатқан студент жастардың жай күйі, олардың оқып жатқан жері және саны жөнінде көп мағлұмат беріледі.

Т.Рысқұлов өз баяндамасында *«Біздің Германиядағы студенттер, Кеңес үкіметіне аса қажетті мамандықтар бойынша білім алып жатқандығын, олар өз Отандарына оралғаннан кейін, сөз жоқ елдің өндіріс саласына үлкен пайда алып келеді. Біздің міндетіміз – олардың оқуларын ойдағыдай аяқтауларына қолдан келгенше мүмкіндік жасау. Ал кейінгі студенттерді оқуға жіберу туралы алдағы*

уақыт еншісінде», – деп аяқтайды.

Иә, бұл жастар сол заманның озық ойлы азаматтары, жалынды да жайдарлы азаматтары еді. Өздері қалаған мамандықтарын алып, еліме қызмет қылсам деген армандары орындалмады. Өз Отандары өздерін сатты. Немесе керісінше «сатқын» деп айыптады. Отанын сатқандар, қызыл террор, пантүрікшіл ұйымдармен байланысты деген түрлі сылтаумен оларды ату жазасына кесті. Оларға қойылған ең үлкен айып, сол кезде шет елде эмиграцияда жүрген Мұстафа Шоқаймен байланысты деген айыптар еді. Түлектер Германиядан орала салысымен оларды қызмет емес, темір тор күтіп тұрды. Кейбірі жер аударылды. Түркістандықтардың көпшілігі осы айыптаулардан қорқып елге оралмай қалды. Олар шын мәнінде М Шоқаймен байланысып өз ұлтының тәуелсіздігі үшін жанын қиған эмигранттық күрескерлерге айналды. Біздің мақсатымыз осы ерлеріміздің ерлік істерін болашақ ұрпаққа ұлықтау.

РЕЗЮМЕ

В начале 20-х годов прошлого века на обучение в Германию были направлены много молодежи из числа Туркестанцев, впоследствии судьбы которых складывались неоднозначно, порой трагически по той простой причине, что они в Германии встретились и

общались политическими эмигрантами как М.Чокай и З.Валиди. В статье рассматриваются политическая и профессиональная судьба многих Туркестанцев вернувшихся на родину.

In the early 20s of the last century, many Turkestan youths were sent to Germany to study, subsequently the fate of which was mixed ambiguously, sometimes tragically, for the simple reason that they met and communicated with pogromic political émigrés like M.Chokai and Z.Validi. The article discusses the political and professional fate of many Turkestans who returned to their homeland.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Тұрсын Ғазіретәлі.** Тұғыры Биік Тұлғалар.. Т.Рысқұловтың Германияға саларының себептері. 146-147-бб.
2. **К.Есмағамбетов.** Мұстафа Шоқай шығармаларының толық жинағы. Он екі томдық. 1-том. «Күреспен өткен өмір» Алматы: Дайк-Пресс, 2012 ж. 264-265-бб, 266-267-бет.
3. **Турдиев Шералидің** «Улар Германияда укиган едилар» Т: 2006.-256-б.
4. **Абдуқап Қара.** Мұстафа Шоқай. Өмірі, Күресі, Шығармашылығы Түрік тілінен ауд. Г.Шадиева-Алматы: Арыс, 2004.302 б.

ГОЛОЩЕКИННИҢ ЖЕТІСУДАҒЫ ҚУДАЛАУЫ (XX ғасырдың 20-30-жылдары)

Күлімкөз САНТАЕВА,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,
Мейрам БЕЙСЕНБЕКОВ,
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік
университетінің 2-курс магистранты

Мемлекет басына келген Голощекин Қазақстанда «кіші қазан» идеясымен бірге тоталитарлық саясатты бастады. 1925 жыл Қазақстан халқы үшін саяси жаңалықтардан басталды. Республикамызда көптеген өзгерістердің болуының бір себептері Сырдария мен Жетісу облыстарының Қазақстан құрамына кіруі және Орынбор қаласы мен губерниясының бөлініп шығуы.

Мемлекетті басқаруға келген шолақ белсенділер өздері шала туған балаға ұқсаған жоспарларын іске асырдық деді. Қатеге толы жүйелер, реформалар социализм орнату жоспарына да ешқандай қатысы жоқ. Біздің сол кездегі оқымыстыларымыздың жалған саясатқа сенгендері де болды. Сенбегендері ауыз-бірліксіз, өркім өз әлінше күресіп жүрді. Жоғарыдағы көрсетілген жылдармен жер, су реформалары ұлттың дәстүрлі табиғи шаруашылығын жоюға тырысты.

Қазақстан халқының жағдайы күрт төмендеп, халық қолындағысының барынан айырылып, құр тақырға отыра бастады. Елдің хал-ахуалы мүлде төмендеді. Өкімет қазақ ауылдарының жағдайын ескермей, күштеп ұжымдастыруды жасады. Сондықтан қаншама отандасымыз бас сауғалап, шетелге қашып кетті. Халықтың қатты ашығып жатқанына қарамастан, билік солақай саясаттарын жалғастыра берді. Міне, Қазақстан сияқты көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықта өмір сүріп отырған халықты жаппай отырықшылыққа көшіру осы науқанмен бір мезгілде

жүргізілетін болды.

Елдің қолындағы барынан айыру миға кірмейтін дүние. Халықтың неше жылғы дәстүрлі қалыптасқан шаруашылығын бұзып, қолдан ұжымшарлар жасады. Күнкерісі жоқ халықтың болашағын ойлаған көзі ашық бөлігі сыртқа кетті.

Сыртқа кетіп қаңғыған қазақтың жағдайы да өте қиын болды. Ең бірінші 1928 жылы жазда 28 тамыздағы үкімет декреті бойынша, мал-мүлкі тәркіленген байлар мен жартылай феодалдар жер аударылып, басқа жаққа қашып кетті. Ол аздай орта шаруалардың, онан соң кедей шаруалардың да тамақтарын, соның ішінде ет, сүт сияқты күн көріс көзін тартып алған. Ақыры осының арты ашаршылық нәубетіне алып келді. Сол кездегі бұқаралық ақпарат құралдары қазақ даласында қырылып, миллиондап өліп жатқан адамдар және шетелге қашып, қайыршыға айналған халықтың жан айқайы туралы ауыз ашпаған. Себебі олардың еркіндігі болмаған. Халық аштан қырылып, кісі етін жеп жатса да, сол кездегі газет-журнал беттерінде республиканың әр түпкірінен тек колхоздастыру науқанының жетістіктері жөнінде рапорттар үздіксіз жарияланып жатты [1, 50-70-бб.]. Сөйтіп, 30-жылдардағы ашаршылық трагедиясы кеңестік тарихнамада 1988 ж. дейін айтылған жоқ. Ол кездегі ресми тарихнамада ол тек ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру

кезінде асыра сілтеушіліктердің зардаптары, немесе Сталиннің түсіндіруі бойынша «табыстан бас айналу» деп қана түсіндіріліп келді. Көтеріліске шығып, аш болып, қаңғып босып кеткен халықтың жағдайына қалам тартып, бұқара бетіне сол кезде шындықты жазбақ тұрмақ, ауыз ашуға зиялылар әлсіз еді.

Ал Ф.Голощекин тек малмен күн көріп отырған қазақтың алдымен байларына, онан соң орташаларына, ең соңынан астық екпейтін малшыға астық салығын салып, астық тауып бере алмағандарының малын тартып алып, өздерін қаңғып кетуге мәжбүр етті. Жағдайдың қиындығы соншалықты ауыр болса да еңсесін түсірмей күресіп жанталасты. Бізді осы кезде ауыз біршілігімізден айырып жан-жаққа тентіретті. Малынан айырылған қазақ мұндай күнді дұшпанына да тілемейтін еді. Ф.Голощекин 1933 жылдың 21 қаңтарына дейін Қазақстанды сегіз жыл бойы сергелдеңге түсіріп, ақыры қызметтен босатылды. Өлкенің бірінші адамы болып келгеннен бастап қазақтың басынан екінші «ақтабан шұбырынды» оқиғасын өткізді.

Голощекин туралы алғашқы көлемді зерттеу мақала «Қазақ әдебиеті» газетінің 1988 жылғы желтоқсан айының 9-шы жұлдызында жарияланды. Авторы – ҚР ҰҒА академигі М.Қозыбаев. Голощекиннің саяси портретін ашуға арналған бұл материалда оның ленинизмді бұрмалап, сталинизм жолына түсу бағыты көрсетіледі [2, 80-б.].

Автордың айтуынша: **«Біріншіден, Ф.Голощекин «Октябрь қазақ ауылының тұсынан құйындап өтіп кетті. Сондықтан, қазақ даласында «Кіші Октябрь» жасау керек деген қайшылықты пікірден, сегіз жыл бойы танабады. Екіншіден, қазақ шаруаларының көшпенділігінің – оның бойына сіңген, әдеттегі тұрмыстық құбылыс деп, сергелдеңге түскен елдің болмысын теориялық тұрғыдан дәлелдемек болды.**

Үшіншіден, көшпелі елді социалистік жолға түсіру құрбандықсыз болмайды деген теорияны тұжырымдады.

Төртіншіден, экстенсивті мал шаруашылығын қоғам дамуының жоғары сатысына көтеруде мал басының кемуі объективтілік заңдылық дегенді шығарды.

Бесіншіден, Қазақстанның негізгі ерекшеліктері 1925-33 жылдарда, басқаша айтқанда Ф.Голощекиннің кезінде жойылды. Ол Қазақстанның осы қазіргі жағдайда бүкіл Одақпен терезесі тең деген пікірді қалыптастырды. Ал, «теориялық» база ұжымдандырудың дамуы жағынан жоғары аудандармен қатар деңгейде өткізу үшін керек болды.

Алтыншыдан, Ф.Голощекин «өте жоғарғы дәрежеде», әсіресе, ауылды тап тартысының шиеленісуі жартылай феодалдық қисынсыз деп қорытынды жасады. Жетіншіден, Голощекин қазақ коммунистерінің бір тобын ешбір тәрбиеге көнбейтін, пайдалануға мүмкін емес ұлтшыл уклонистер қатарына жатқызды. Екінші категориясын жағдайға қарай терісін өңгеріп отыратын хамелеонға теңеді, – олардың үшінші тобы, – деді ол – орын алған қателіктер үшін барлық жауапкершіліктерді бір ғана Голощекинге аударғысы келетіндер. Бұл пікірді Ф.Голощекин Қазақстан өлкелік партия ұйымының басында сегіз жыл еңбек етіп, қоштасар сөзінде айтқан еді. Басқаша айтқанда, ол басылыққа бүкіл республикада бірде-бір лайықты адам – қазақ коммунисті жоқ деген пікірде болып келді».

«Қызыл империя» тұсында коллективтендіру жылдары деп аталған бұл тарихи кезеңге деген көзқарас оң болды. 1982 жылдары осы тарихи

тақырып айналасында монография және ғылыми көп бағыттағы еңбектер, кандидаттық диссертациялық жұмыстар мен жарияланымдар жарыққа шықты [3, 100-103-бб.].

Осы елде болған тәркілеу қазақ ауылдарын біріктіру деген мәселелермен тарихшы мамандармен қоса экономист біліктілігі бар мамандарда айналысты. Г.Ф.Дахшлейгердің, Б.А.Төлепбаев сияқты көрнекті, белгілі мамандардың жазған еңбектері тек бір қырынан ғана берілді.

Жоғарыда келтірілген зерттеулермен басқа да көптеген деректер халықтың ұжымдастыруға, тарихи шындыққа деген көзқарас, сұранымдарын қанағаттандырмай келді. Өр түрлі құпия құжаттар сақтаулы тұратын органдар ақтандақ кезеңдерінің шындығын ашуда мәлімет беруге дайын болды дейді. Енді осыны жария ететін журналдар, газеттер бетінде тек адамның қырылуын ал, сырттағы жерлес қазақтарымыз туралы тек шолып бетін сүртіп қана өтті. Осы сұрту әлі де сол қазақтардың шаруашылығы оның қазіргі кезде дәстүрлерді сақтаған ба, жоқ па соны ғана айтуда. Республикалық баспасөз осы кезден бастап Орталық басылымдардың үлгісімен ауыл шаруашылығын ұжымдастыру, тәркілеудегі мал басын жазды. Міне, осындай тұрғыда жазудың алғашқы қадамдарын жасады. Ұжымдастырудың төңірегіндегі проблемалар ауқымы кең. Себебі оны қозғасаң барлық болған дүниені айту керек.

М.Қозыбаевтың ұжымдастыру барысындағы асыра сілтеушілік туралы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған алғашқы ғылыми-зерттеу мақаласы осы істің басы болды. Авторға методологиялық, ғылыми және фактологиялық жағынан алғанда оқиғаның мән-мазмұнын ашуға мүмкіндік туған. Мақалада Лениннің кооперативті шаруашылық жөніндегі ғылыми мұраларына жан-жақты талдау жасалған. Мұнда Қазақстанда жүргізілген ұжымдастырудың әкімшілік-өміршілік, бюрократтық тәсілмен жүргізілгендігі архивтік деректер негізінде дәлелденген. Мақалада Ә.Жангелдин, Т.Рысқұлов, А.Розыбакиев, З.Төрегожин сынды адал қоғам қайраткерлері мен Ф.Мүсірепов ұйымдастырған «Бесеудің хаты» туралы деректер бар. Осындай халық басына түскен ауыртпашылықпен қайғы-қасіреттің ақ-қарасы Ф.Голощекиннің Қазақстан өлкелік партия комитетін басқарған кезінде қабылданған құжаттар негізінде ажыратылған [2, 50-б.].

Осыған орай М.Қозыбаев сол кездегі жағдайды Ш.Мұртазаның «Сталинге хат» трагедиясына рецензия ретінде бұл пьесаны талдау барысында ұжымдастырудағы асыра сілтеушілікке өз көзқарасын білдіріп, Ф.Голощекин басқарған Қазақстан өлкелік комитетінің қызметіне баға береді [4, 55-б.].

Ғалым Т.Омарбеков «Кооперативтендіру» төңірегінде кооперативтендіру ісіндегі мұраларға ой жіберіп, ұжымдастыру барысындағы асыра сілтеушіліктің түп тамырын ашып көрсетуге тырысқан. Авторлар ұжымдастыру идеясының ұжымдық шаруашылықтар құруға ынталы болған адамдардың мақсат-мүддесінен бөлініп қалғандығы жайлы қорытынды жасайды. Шын мағынасындағы халықтық кооперативтік жоспардың басты принципі еріктілік ұмытылып, күш көрсету, мәжбүр ету тәсілі қолданылған [5, 65-б.].

Жергілікті баспасөз орындары қазақ даласында кооперацияның төменгі қарапайым түрлерінің дамуына бекерге көңіл бөлген жоқ. Жергілікті баспасөз өкілдері ол кооперативтердің ауылдар мен селолар тұрғындарына мәдени және шаруашылық тұрғыдан көмек көрсете алатындарына көміл көздері жетті.

РЕЗЮМЕ

В своей статье автор описал приход к власти Голощекина внутреннюю политику и его геноцид казахского народа Семиреченском области в XX века 20-30 годах и мнения труды других историков. Голощекин, не сумевший правильно вести кампанию “малый Казан”, стал придерживаться нового, прямого силового направления конфискации, который, используя власть, подвергает ограблению населения. Эта идея была также злым направлением. В своих исследованиях, в полной мере раскрывая политику репрессированных в 20-30-е годы, автор, проанализировав явку Ф.Голощекина к власти, последствия насильственной коллективизации, показал, что объем смерти был страшен.

In his article, the author described the coming to power of Goloshchekin in modern politics and his genocide of the Kazakh people in the Semirechensk region in the XX century 20-30 years and the opinions

of other historians. Goloshchekin, who failed to properly conduct the campaign “small Kazan”, began to adhere to a new, direct forceful direction of confiscation, which, using the power, exposes the population to robbery. This idea was also an evil direction. In his research, fully revealing the policy of the repressed in the 20-30s, the author, analyzing the appearance of F. Goloshchekin to power, the consequences of forced collectivization, showed that the volume of death was terrible.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **С.Аспендияров** «Қазақстан тарихының очерктері» 1936-120-б.
2. **Тәтімов М.** Қазақ әлемі. Қазақтың саны қанша- Алматы: Атамұра, 1993.-105-бет.
3. **Қозыбаев М.** Ақтандақтар ақиқаты: Оқу құралы.- Алматы. 1992-272-б.
4. **Қозыбаев М., Ф.И.Голощекин.** Саяси портрет. // Қазақ әдебиеті.-1988. 9-желтоқсан.
5. **Омарбеков Т.** 20 жылдардағы Қазақстан қасіреті.- Алматы: Санат, 1997-320-бет.

ӨМІР ЖОЛЫ ӨНЕГЕЛІ ТҰЛҒА

Досалы САЛҚЫНБЕК,
ҚазҰлтАгрУ-дың кафедра меңгерушісі,
профессор, Қазақстан педагогикалық
ғылымдар академиясының академигі,
Гүлжанар ШУЛАНБЕКОВА,
Қазақстан-Ресей медицина университетінің
кафедра меңгерушісі, доцент

Биылғы жылы «31 мамыр – саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу» күніне орай жасаған үндеуінде еліміздің Президенті Қ.Тоқаев 1930-жылдары әкімшіл-әміршіл жүйенің өз халқына жасаған зорлық-зомбылығы мен қылмысынан жазықсыз жапа шеккендерді ақтау үшін арнайы комиссия құруды тапсырып, осы кезеңнің тарихи шындығын, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жолындағы жұмыстарды одан әрі жандандыру мәселелеріне тоқталған болатын.

Аласапыран XX ғасырдың 20-30-жылдарында өз тағдырын кеңестік жүйемен байланыстырған және бұл жүйе халқымыздың тауқыметті тағдырын жарқын болашаққа жетелейді деп сенген қаншама арыстарымыздың өздері сол сенімнің құрбанына айналды. Әдетте біз әкімшіл-әміршіл зұлмат кезеңнің ірі мемлекет, партия қайраткерлерін көбірек айтамыз. Бұл – дұрыс та. Ал сол қайраткерлермен үзеңгілес, ниеттес болып, қойын-қолтық жұмыс істеген уездік, губерниялық және тағы да басқа деңгейдегі қайраткерлер де аз болмады.

Кеңестік құрылыстың алғашқы кезеңінде әртүрлі жауапты қызметтерді атқара жүріп, қазақ жерінде өзінің жеке билігін орнатқан Голощекиннің қуғындауына ұшыраған тұлғалардың бірі – Иса Ахымбекұлы Ахымбеков.

Мұрағат қойнауынан табылған өз қолымен жазған өмірбаяндық жазбасында Иса Ахымбекұлы былай (төте жазудан қаз-қалпында аударып бердік) деп жазыпты (қазіргі орфографияға ауыстырмай, қысқартпай, сол күйі берілді – ред.): «Мен Ахымбекұлы Иса 1898 жылы туғанмын, ата-бабамыз мал баққан шаруа. Қыс көмір сатып, жаз науқан қылып күнелткен. Шаруасының нашарлығынан тұрмысын кедейшілікпен көпке дейін со-

зып жұрып 17 жылдың алдында ғана бір үйден шыққан жұмыс адамдарының көбеюімен ғана кедейшіліктен құтылғандай болғансып жүргенде, 1917 жылы Түркістан аймағында ашаршылық болып, қолдағы мал-мүліктен айрылып, бір ағаммен, бір өзіннен кіші інім және өзім Арыста темір жолда жұмыскер болып, 4-5 жыл жұмыскер болып артынан ағаларым бір-екілі мал алып бұрынғы шаруашылығын қылып кетті. Мен 1919-жылдан бері партияға кіріп, қоғам белсенділік қызыметін атқарып, сайлаумен қызыметін атқарып келе жатырмын. 20-21-жылдары партия комитетінің ұйғаруымен алты айлық аймақтық кеңес партия мектебінде оқып жүргенде төрт айдан кейін Түркістан орталық партия комитеті еріксіз екінді науқанға жегіп жібергендіктен бітірмедім. Сонда да партия түрлі саяси шаруашылық кітаптарын өзім оқып, даярланып жүрдім.

27-28 жылы Орта азиялық коммунистік университетінің даярлау курсін бітіріп, бірінші негізгі курсіне түстім. Осы күні екінші курсіне даярланып жүрмін. 1919-жылы партияға кірдім. Бұл жылдарда төңкеріс дұшпандарының араны ашылған қауыптың үлкен кезі еді. Түркістанның бір жағындағы басмашылардың күшейіп тұрған кезі, күн батыс жағынан Калшактың әскерлерінің Түркістан мен ішкі Ресейдің ортасын бөліп тұрған уақыты. Ленинградқа Бүденшіннің шабуылдап тұрған кезі, ақтардың әрекетімен мемлекеттің шаруашылық жағы күйзеліп паравоз, параход заводтарға отын болмай тоқтап тұрған кезі. Осымен қабат сыртқы жаудан қатар, ірі қалаларда да еңбекшілердің жауы көтерілген уақыты еді. Тұрмыстың күйін кешіп еңбектің ерлері еңбегінің игілігін көрмей, жатып ішер, арам тамақтарға жем болып жүрген бауырларымыз еңбексіз құзғындардың құрығынан құтылу үшін, жан аямай жүресіп, коммунистік

партиясына кіруді парыз деп, белсене жауыздармен күресе отырып, социалшылықтың іргесін қаласа партияға кірдім. Партияға өзіммен бірге жұмысшы болған Шәріпұлы, Әбдрамазанұлы, Жұмабайұлы бәріміз ойла-сып кіргеміз.

1917-жылда темір жолда күнделік жалақы алып істейтін жұмысшы болып істеп жүрдік. Февраль төңкерісіне жаңадан келіп, қалада орыс жұмысшылардың арасында керең меңіреу болып жүрдік. Бара бара етіміз үйренгенсін саясатқа бірте-бірте құлағымыз үйреніп, аздап таныса бастадық та сүйтіп жүріп, 17-18-жылдардағы ашаршылықпен күресетін жұмысшылар арасынан кемесіе (комиссия Д.С.) құрып, сол кемесіеге мүше болып, аштар бағатын асханаға өкіл болып отырдым.

Осыдан қалалық кеңестің үй сыпыратын қызметін атқарып, қызыл әскерге запас әскерлік өнерін үйретіп жүріп, 1919-жылы партияға кіріп, бірден партия комитетінің мүшесі болып қызмет атқарып, содан аудандық азық-түлік комессарының орынбасары болып қызмет етіп жүріп, Түркістан мұсылман түменшілер сиезінде болдым.

21-жылдарында паляк соғысына ішкі партия бірнеше коммунистерді жіберуді бұйырғанда мен ішінде бірнеше жолдастарыммен стансиаға шығайын деп тұрғанда ыскадан (цкадан Д.С.) телеграмма келіп, жергілікті халықтан коммунистерді жіберме дегінсін жібермей қалды.

Одан 20-жылдың аяқ кезінде аймақтық кеңес партия мектебінде оқып жүргенімде Түркістан орталық партия комитеті еріксіз егістік науқанын шығаратын Түркістан кемесерлер кеңісінің жанынан құрылған төтенше кемесьяның ықтыярына беріп, сол камессядан өкілдік алып Мырзашөл уезінде егістік науқанын жүргізіп, кедейлерге байлардың құралдарын күштеп алып беріп жүрдік. Осымен қатар кеңес партия құрлысын ұйыстырдым. 21-жылы уездік партия канференсіесінде ұйыстыру бөлімінің меңгерушісі, бюро мүшесі болып алты ай қызмет істеп, Сырдаріә облыстық партия канперенсиясына өкіл болдым. 22-жылы темір жол аудандық партия камитетінде жауапты хатшылығында қызмет етіп жүргенімде Түркістан орталық партия камитетінің ұйғаруымен басшылардың көтеріліс бар жер Ферғана облысының аудандық партия камитетіне жіберді. Біраз қызмет етіп жүргеннен кейін ауруға шалдығып, Ферғанадан қайтқан соң, біраз 22-жылы жүріп сауығып кеткесін аудандық ашыққандар күресін екпінді камиссиясының төрағасы болып қызмет істедім. Осыдан уездік партия камитетіне қалалық кеңеске төрағасы қылып дайындады. Осы орында 24-жылға дейін қызмет істеп жүргенімде 24-жылы Ташкент уезінде қалалық партия канперенсиясында уездік партия камитетінің бюро мүшесі болып сайланып, одан ұйымдастыру бөлімінің қызметін атқарып тұрғаннан кейін үшінші айдан кейін, уездік партия камитетінің хатшылық қызметін атқарып тұрдым. 24-жылы Түркістан коммунистер партиясының бесінші сиезіне өкіл болдым. Облыстық партия канперенсиясында өкіл болып облыстық партия камитетінің мүшелігіне сайланып бюронь орынбасарлығына тұрдым. Осыдан 26-жылға дейін Сырдаріә губерниялық партия камитетінің үздіксіз мүшесі болып және бюро мүшесінің бірі болып қызмет атқардым. Шымкент уездік партия камитетінің жауапты хатшысы болдым.

26-жылы қазақ аймақтық партия камитетінің көшіруімен Торғай уездік партия камитетінің жауапты хатшысы болдым. 27-жылы Ақтөбе губерниялық партия камитетінің нұсқаушысы болып қызмет істеп,

27-жылдың оқу маусымында Ташкенттегі коммунистер университетінде оқушы болып, 28.12.29 желтоқсанда Қостанай оқуғатік партия камитетінің нұсқаушысы болдым» [1].

Кеңестік құрылыстағы жауапты қызметін 1919 жылы Арыс теміржол станциясында милиционер болып бастаған Иса Ахымбекұлы 1920 жылы Ташкент қаласында төрт айлық кеңестік партия мектебін бітіреді. Оқуды аяқтағаннан кейін Түркістан қалалық комиссарлар кеңесінің Мырзашөл уезіндегі егіс алқаптарын қалпына келтіру жөніндегі өкілі болып тағайындалады. Уездік партия конференциясында Түркістан коммунистік партиясы уездік ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болып сайланады. Иса Ахымбекұлы осы қызметті атқара жүріп, Махтаралдағы, Арыс ауданының Қараспан селосындағы кеңестік ұйымдардың қызметін жандандыруға атсалысты.

Иса Ахымбекұлы партияның шақыруымен Ферғана облысы Жамбайты ауданындағы партия жұмысына тартылып, Ферғанадағы басмашыларға қарсы күресте қарулы милиция жасағының саяси жетекшісі болады. Ферғанадағы жағдай арнасына түскеннен кейін Иса Ахымбекұлы кері шақырылып, 1924 жылы Арыс ауданы партия комитетінің хатшысы болып тағайындалды.

Иса Ахымбекұлы Кеңестік құрылыстың алғашқы кезеңінде Қазақстанда және Түркістан өлкесіндегі әртүрлі жауапты қызметтерді атқарумен қатар өзіне берілген аса жауапты тапсырмаларды орындауда да көзге түсті. Мәселен, 1919 жылы Түркістан АКСР-на қарасты Ташкент қаласында үлкен дүрбелең туғызып, көптеген партия, кеңес қызметкерлерін оққа байлаған Осиповтың басшылығындағы көтерілісті басуға қатысады. 1920-1921 жылдары ауыл тұрғындарын «Қосшы» одағына тартуға «Ақжол» газетінің тілшісі ретінде қатысып, үгіт-насихат жұмыстарымен айналысады. 1921-1922 жылдары Қазақстан мен Түркістан өлкесін қамтыған ашаршылық кезінде аштықпен күрес төтенше комиссиясының құрамында болып, Түркістанның қазақ ауылдарындағы ашыққандарға дер кезінде көмек ұйымдастыру жұмыстарымен айналысқан.

1924-1926 жылдар аралығында Шымкент уездік партия комитетінің хатшысы. 1926-1927 жылдары Торғай уездік партия комитетінің хатшысы болып жауапты қызметтерді атқарған Иса Ахымбекұлы бұдан кейінгі жылдары қолдан ұйымдастырылған әртүрлі «топшылдарға» жатқызылып, жиі қуғындауға ұшырады. Оның себебі – Торғай уездік партия комитетінің хатшысы кезінде Иса Ахымбекұлы өзінің атына Ф.Голощекин тарапынан айтылған негізсіз айыптауларға батыл түрде қарсы шығып, БК(б) П Қазақ өлкелік партия комитетінің атына арыз жазады. Міне, осы орайда, Қазақстандағы голощекиндік басшылықтың бет-пердесін ашатын және оның Қазақстанды қалай басқарып отырғанын одан қаймықпай айтқан Иса Ахымбекұлының хатын толық аударып беруді жөн көрдік.

«БК(б)П Қазөлкекомның атқарушы бюросына бұрынғы Шымкент уездік партия комитетінің жауапты хатшысы, қазіргі Ақтөбе губерниясы, Торғай уездік партия комитетінің хатшысы Иса Ахымбековтен

АРЫЗ

Қазақ өлкелік комитетінің 2-ші пленумында жасаған «Қазақ ұйымдарының кезекті міндеттері туралы» деген баяндамасында жолдас Голощекин мынадай бір мәліметті айтты: «БК(б)П Шымкент уездік комитетінің жауапты хатшысы кеңестерге

сайлау науқаны кезінде, сайлауды өткізуші уездік комсомол комитетінің жауапты хатшысына болыстық съезде болыстық атқару комитетінің құрамына пара алушы ретінде сотталған адамның кандидатурасын өткізуді ұсынған. Уездік комсомол комитетінің жауапты хатшысы ол пара алушыны болыстық атқару комитетінің құрамына өткізген».

2) «Арыс болысына губерниядан келген сайлаушылар тек Шымкент уездік жауапты хатшының руынан болған, басқа делегаттар делегация құрамынан шығарылған. Болыстық атқару комитетінің құрамына сайланғандар да тек сол рудан болған» деп жалғастырады. Сонымен бірге мынадай тағы бір мәліметті көрсетеді: «Съезде орыстар атынан делегаттар болған, олардың аударып беру туралы өтініші қанағаттандырылмай: «орыстарға ештеңе жоқ» деп съезд аудармасыз өткізілген». Голощекиннің сөзін келтіре отырып, оның мұндай мәліметтерді қайдан алғанын білмеймін. Мұндай нағыз жала мен өсек қайдан алынса да, ол Голощекиннің аузынан шығып отыр. Әдетте біз жиі айтатын санасы жетілмеген ауылдық коммунист айтқан болса, мен оған ерекше мән бермес те едім. Бірақ мен атап көрсетіп тұрғандай, мұны Қазақстанды басқарып отырған басшы жолдас айтып отыр. Жолдас Голощекиннің мәліметтеріне қарсы мен өзімнің басқа дәлелдерімді ұсынамын:

1. Уездік партия комитетінің жауапты хатшысы съезд уақытында және одан кейін ешқандай да болыстық съезді өткізген емес. Егер де нақты мәліметтер туралы айтсақ, онда болыстық съездің хаттамасының көшірмесін, оған қатысқан адамның мандатының көшірмесін, сотталғанның аты және тегі, сот қаулысының көшірмесін сұратыңыздар. Пара алушы ретінде сотталған болыстық атқару комитетінің құрамында және бүкіл Шымкент уезінде кім бар екен?

2. Арыс болысында менің ешқандай да руластарым жоқ. Онда съезд барлық топтардың өкілдерінің қатысуымен және БК(б)П губерниялық үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі жолдас Тәжібаевтың, Өлкеком мүшесі жолдас Қайыпназаровтың басшылығымен жүргізілді. Олар съезді қалай жүргізді, оның дұрыс немесе бұрыстығын анықтау сіздердің істеріңіз. Тағы да қайталаймын: Арыс болысында менің туыстарым жоқ, кез келген уақытта барып сұрауларыңызға болады. Бұл қасірет емес, нағыз қасірет сол, Өлкекомның басшысы әртүрлі жалған мәліметтерді негізге алуда және жалған мәліметтермен Қазақ ұйымын басқарып отыр. Партия бұқарасы алдында нақақтан жамандауды дұрыс емес деп есептеймін.

3. Жолдас Голощекиннің мұндай көзқарастары партия мүшелері мен жауапты қызметкерлер арасында төменгі буын басшыларына сенім жоқ деген көзқарасты қалыптастырады.

4. Голощекин келтірген мәліметтерге қарсы жолдас Лениннің сөзімен жауап беремін: «Бос көпірме сөзді аз айтып, күнделікті қарапайым істі көп істеу, саяси жарылыстарды азайтып, коммунистік құрылыстың шынайы мәніне көбірек көңіл бөлу». (Қарасаңыз: XVI т. Ст. 247-256).

5. Жолдас Голощекин айтқан сияқты әртүрлі жалған материалдар негізінде бұқара халықты елдегі саяси жағдаймен таныстыру күткендегідей нәтиже бермейді.

6. Партия қалыпты жұмыс істеу үшін мақтаудың

керегі жоқ, сырқатты дерттерді асыра көрсету де қажет емес, тек нақты мәліметтер арқылы ғана коммунистік қоғам үшін қажетті мамандарды шыңдауға қол жеткіземіз.

7. Қазақтар артта қалған бұқара, оның көшбасшысы Компартия, бір жақсы партия мүшесінің белсенділігімен социализм орнамайды. Социализм ұжымдық күшпен орнатылады.

8. Жолдас Голощекин өсек-аяң мен дәлелсіз мәліметтерге сенуді, кейбір жауапты партия қызметкерлерінің жетістіктерін айтуды ұнататын болар.

Жоғарыда айтылған жәйттерге сәйкес БК(б)П Өлкекомына менің арызымды қарауды және пленумда айтылған Голощекиннің сөзін дұрыстауды сұраймын. Егер де сенбейтін болсаңыздар көп сөзбұйдаға салмай және ары-бергі қағаз жазумен айналыспай, менің атыма байланысты жолдас Голощекиннің айтқан мәліметтерінің анықтығын тексеру үшін жедел түрде атқару алқасының бір мүшесін жіберіңіздер.

Коммунистік сәлеммен Торғай уездік партия комитетінің жауапты хатшысы И.Ахымбеков» [2].

1926 жылы қыркүйектің 8-і күні Сырдария губерниясындағы қайта сайлау туралы Голощекиннің пленумға жалған ақпарат беруі жөніндегі И.Ахымбековтың арызын қараған қазақ өлкелік партия комитеті: «И.Ахымбековтың арызын қарауды өлкелік бақылау комиссиясына тапсыру жөнінде» қаулы қабылдай отырып, арыздағы «зілді өктемдікке» назар аудару жөнінде» тапсырма береді [3].

Арызды қараған өлкелік бақылау комиссиясы Голощекиннің тапсырмасын мүлтіксіз орындап, мәселенің байыбына терең бойламай-ақ, Иса Ахымбекұлына Ф.Голощекиннің атына «дәрекі өктемдікпен» берген арызы үшін» деген айыппен партиялық сөгіс береді. Бұдан кейінгі жылдары бүкіл Қазақстанды уысында ұстап отырған Ф.Голощекинмен көбіне текетіресіп жүрген Иса Ахымбекұлының қызметі төмендетіліп, Ақтөбе, Қостанай губернияларында нұсқаушы, Қостанай облысы, Обаған ауданының және Алматы облысындағы, Қарабалық ауданының хатшысы қызметтерін атқарды.

Иса Ахымбекұлы өзінің жеке өмірбаянында сол кезеңдегі ірі партия және мемлекет қайраткері Сұлтанбек Қожановпен мүдделес болғанын жасырмай жазады. С.Қожановтың Түркістан өлкесіндегі және Қазақстандағы бүкіл істерін «ұлтшылдық», «топшылдық» партия ісіне қарсы әрекеттер деп жоққа шығаруға тырысқан Ф.Голощекин оның жақтастары мен пікірлес болған қайраткер тұлғалардың іс-әрекеттерінен де «топшылдықты» іздеп, басқан іздерін аңдыды. Мәселен 1927 жылы ақпан айында БК(б)П өлкелік партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Рябоконе құпия түрде Сырдария губкомының хатшысы Фоминен И.Ахымбековке қатысты материалдарды сұратады. Міне, осы тапсырмаға орай, 1927 жылы ақпанның 19-ы күні болған Сырдария губерниясы партия алқасы мәжілісінің №8 хаттамасы Рябоконеға жіберілген. Онда И.Ахымбековке қатысты губерния комитетінің хатшысы Фомин хабарлама жасап, мынадай қаулы қабылданғаны айтылады:

«1) И.Ахымбековтың Шымкент уезіне келуі топшылдық күресті қоздырудың дәлелі болатынын атап көрсету. Қараспан болысында қарулы қақтығыстың болуын И.Ахымбековтің келуімен байланыстыра қарастыру қажет.

2) Ақтөбе губерниясынан Сырдарияға И.Ахымбековтің келуі туралы өлкелік комитетті хабарландыру және И.Ахымбековтың іс-әрекетіне қарсы шараларды қабылдауды сұрау» [4]. Өлкелік комитеттің бөлім меңгерушісі Рябоконеның сұратуы бойынша жер-

жерлерден И.Ахымбекұлын оңды-солды айыптаған, оның әрбір іс-әрекетінен «топшылдықты» көрген әр сарындағы құпия түрдегі хабарламалар жіберіліп жатты. Мәселен БК(б)П губерниялық партия комитетінің хатшысы Ярмухамедов 1927 жылдың сәуір айындағы өлкелік комитетке жіберген құпия хабарламасында былай дейді: «Осы жылдың наурыз айының 24 күнгі сіздің сұрау салуыңызға байланысты И.Ахымбековтің екі хатының көшірмесін жіберіп отырмын және мұндай көшірмелер наурыз айында жолдас Голощекиннің атына да жіберілгенін хабарлаймын» [5]. Осыншама дабырайтып жолданып отырған И.Ахымбековтың бұл хаттары Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағатында сақтаулы. Хаттар қысқаша жазылған және онда адам аттары көбірек айтылып, үш-төрт күнге келгені туралы сөз болады.

Иса Ахымбекұлының ізін баққан осындай хаттар өлкелік комитетке Ақтөбе губерниясынан да жолданған. БК(б)П Ақтөбе губерниялық партия комитетінің хатшысы Сұлтанғалиев 1927 жылы мамыр айында өлкелік комитетке жазған аса құпия хабарламасында: «И.Ахымбековке семьялық жағдайына байланысты Сырдария губерниясына баруға менің рұқсатым берілді, бірақ қазіргі уақытта онда сайлау жүріп жатқандықтан, оның іс-әрекеті қандай да бір зардаптарға ұрындырмауы ескертілді. Қазіргі уақытта бұл істі мен партиялық жауапкершілікке тарту үшін губерниялық бақылау комиссиясына бердім», – деп жазады [6]. Әрдайым партия тапсырмасын бұлжытпай орындайтын Ақтөбе губерниялық бақылау комиссиясы көп ұзатпай-ақ бұл істі қарап, «топшылдық» күреске қатысқаны үшін деген айыппен И.Ахымбекұлына қатаң сөгіс берген еді. Бұл – Иса Ахымбекұлына негізсіз берілген партиялық сөгіс болатын.

1930 жылдар – халқымыздың тарихында қолдан ұйымдастырылған зұлмат аштықтың салдарынан орны толмас қайғы-қасіретке ұшыраған кезең болғаны белгілі. Сол жылдары қазақ өлкелік партия комитетін басқарған Ф.Голощекин қазақ халқының аштыққа ұшырауына басты жауапкер болды және ауыл шаруашылығында қалыптасқан өте ауыр жағдайды түзетуге еш әрекет жасамады. Ол аштыққа ұшыраған миллиондаған жандарға дер кезінде көмек бермек түгілі, қайта сол аштық жайлаған аудандардан астық дайындау науқаны жоспарын орындауды үсті-үстіне талап етумен болды. Нұсқауды орындамаған басшы қызметкерлерді қызметінен алды, партиялық сөгіс беріп жазалады. **Мәселен, 1931 жылы қыркүйек айының 20-ы күні БК(б)П Қазақ өлкелік хатшылығының мәжілісінде: «Қарабалық ауданындағы астық дайындау науқаны туралы» мәселе қаралып: «Өлкекомның нұсқауларын орындаудағы жауапсыздығы және астық дайындау науқанындағы әрекетсіздігі үшін Қарабалық ауданының хатшысы И.Ахымбеков орнынан алынсын» деген қаулы қабылданады.** Ішерге ас таппай, халық баудай қырылып жатқанда астық дайындау науқанын қалай орындауға болатынына Голощекин сияқтылар басын қатырып жатпады. Голощекиннің жұмыс тәсілі жазалау, қаралау, айыптау, қорқыту мен үркіту еді және негізгі мақсаты Мәскеуді астықпен, ет өнімдерімен молынан қамтамасыз етіп, орталықтағы «көсемнің» алғысына бөлену болатын. Қазақстандағы ауыл шаруашылығының күйзеліске ұшырауын таптық қайшылықтардан, ұлтшылдар мен бай феодалдардың қарсылығынан және Иса Ахымбеков сияқты жергілікті басшылардың жауапсыздығынан көрген Голощекин бар кінәні соларға аударды. 1931 жылы қазан айының 19-ы күні болған БК(б)П Өлкекомының хатшылығы мәжілісінде Иса Ахымбековтың ісі қаралып: «Қарабалық ауданындағы астық дайындау науқаны кезінде барлық қажетті іс-

шараларды атқармағаны үшін Иса Ахымбековке сөгіс берілсін» деген қаулы қабылданған [7].

30-жылдардың соңында әртүрлі жауапты қызметтерде болған Иса Ахымбекұлы сол кезеңдегі партиялық және таптық кеңестік құрылыстың атын жамылған Голощекин сияқтылардың қазақ халқына қарсы қаскөйлік әрекеттерін көріп, одан бойын аулақ ұстауға тырысты. Ол Қарабалық ауданының хатшысы болып істеп жүрген кезінде БК(б)П Өлкекомға өтініш жазып, өзін оқуға жіберуді сұрады. 1931 жылы 28 маусымда И.Ахымбековтің өтінішін қараған БК(б)П Өлкеком хатшылығының мәжілісі «Қазіргі жағдайда оқуға жіберуі мүмкін емес» деген қаулы қабылдаған.

Өз білімін көтеруді армандаған И.Ахымбекұлы 1934 жылы маусым айында Алматы марксизм-ленинизм институтының директорына жазған өтінішінде былай деді: «Ешқандай да білімсіз бірнеше жылдар бойы жауапты партиялық қызметтерді атқардым. Азамат соғысы жылдарында Ташкенттегі төрт айлық кеңестік партиялық мектепте, 1927-1928 жылдару САКУ-де (Орта Азия коммунистік университеті) оқып, дайындық бөлімін бітірдім. Содан кейін САКУ-ге түстім. Бірақ негізгі оқуды аяқтауға мүмкіндігім болған жоқ. Оқудан қол үздіріп, партиялық жұмысқа жіберді. Теориялық төмен біліміме қарамастан, партия мен үкіметтің өзіме жүктеген жұмысын абыроймен атқардым. Қазақстанның шалғай аудандарындағы жұмыстарда болғандықтан марксизм-ленинизмнің теориялық білімінен артта қалдым. Сондықтан алдағы уақытта теориялық тұрғыдан өз білімімді дамытып, партияға қажетті қызметкер болуым үшін мені марксизм-ленинизм институтының студенті қатарына қабылдауыңызды сұраймын» [8]. Осыдан кейін Иса Ахымбекұлының өтініші қабылданып, аталған оқу орнына қабылданған. Институтта оқып жүрген И.Ахымбекұлы 1936 жылдың қыркүйек айында БК(б)П Қазөлкекомға тағы да өтініш жазып, партияға қабылданған күннен бастап әртүрлі жауапты қызметтерді атқарғанын, қазіргі уақытта дайындық бөлімін бітіріп, негізгі бөлімде оқып жатқанын баяндап, оқуын аяқтатпай жұмысқа жіберу туралы өңгімелер шығып жатқанына байланысты оқуын жалғастыруға мүмкіндік беруін сұрайды.

Қазақ жерінде әкімшіл-әміршіл тоталитаризмнің негізін қалаған Голощекиннің кемшіліктерін қаймықпай, батыл түрде бетіне айта білген қайраткер Иса Ахымбекұлы 1937-1938 жылдары бүкіл кеңес елін қамтыған Сталиндік зұлмат қуғын-сүргіннің құрбанына айналып, жазықсыз жапа шекті. 1937 жылы 6 желтоқсанда «Халық жауы» деген жаламен атылып кетті. Аса қиын кезеңнің өзінде «ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс» болып тұрған қатыгез басшының қателіктерін айтқан, сол үшін өмірінен айырылған Алаштың ұлын ардақтау жұмыстары әлі де жетпей жатқаны даусыз. Міне, сондықтан да, республика көлемінде, сондай-ақ Иса Ахымбекұлы дүниеге келген, қызмет жасаған Түркістан облысы көлемінде Алаштың ардақты ұлын жас ұрпаққа таныстыру, өнегелі ісінен тағылым алу және тағзым жасау жұмыстары қолға алынса дейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты. 719-қ, т-1. Іс-12. пп. 163-165.
2. ҚР ПМ. 719-қ, т-1. Іс-12. пп. 168-171
3. ҚР ПМ. 719-қ, т-1. Іс-12. п. 167
4. ҚР ПМ. 141-қ, т-1. Іс-1129. п. 95
5. ҚР ПМ. 141-қ, т-1. Іс-1129. п.96
6. ҚР ПМ. 141-қ, т-1. Іс-1129. п.1
7. Р ПМ. 141-қ, т-1. Іс-5023. п.277
8. ҚР ПМ. т-1. Іс-10599. п.407.

АТЫРАУДАҒЫ ОҚУ-АҒАРТУ ІСІ

(Кеңес үкіметінің алғашқы жылдары)

Ш.НАГИМОВ,

п.ғ.к., Х. Досмұхамедов атындағы КеАҚ-тың
доценті, Атырау университеті, Атырау қ.

К.ЖҰМАБАЕВА,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың педагогика және
білім беру менеджменті кафедрасы, Алматы қ.

С.МОЛДАШЕВА,

гуманитарлық ғылымдар магистрі,

Х.Досмұхамедов атындағы КеАҚ,

Атырау университеті, Атырау қ.

1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін білім беру ісінде таптық негізге сүйенген түбегейлі өзгерістер болды. Бұл тұтастай алғанда қазақ халқының өркениетті елдер сапында ілгері жылжуына, сауатының ашылуына, рухани құндылықтарының артуына септігін тигізді. Ол кезде Атырау өлкесі Орал облысының құрамында болған еді. Өлкедегі халықтың сауатты бөлігі қалада тұрды. Ауылдық жерлерде, қазақ халқы көп қоныстанған бөлігінде сауаттылар саны аз болды, себебі патшалық Ресей бұған мүлде мүдделі болмады. Оның үстіне ауылдық жерлерде орналасқан мұсылман мектептерінен білім алған адамдарды сауаттылардың есебіне мүлде енгізбеді (төңкеріске дейін әрбір рудың мешіті жанында діни мектебі болған).

Кеңес үкіметі құрылған алғашқы жылдардан бастап Гурьев уезінде мектептер көптеп ашыла бастады. Бұл істе сан алуан қиындықтарды жоюға тура келді. Ашылған мектептерге балаларды оқытуға қолайлы үйлер, материалдық база, арнайы түрде дайындалған мұғалімдер жетіспеді. Сонымен қатар ең басты қиыншылық – Гурьев уезіндегі көптеген аудандардағы халықтың белгілі бір жерге тұрақтамай, малдың ыңғайына қарай үнемі көшіп-қонып жүруінде болды. Осы мәселелерді жергілікті жерлерде шешу үшін уездегі Доссор, Қызылқоға, Мақат, Топайлы, Сарайшық, Өрлік, т.б. ауылдарда арнаулы комиссиялар құрылды [1]. Бұл комиссиялар сауатсыздықты жою мектептерін ашу, олардың қандай мақсатпен ашылып жатқандығын халыққа түсіндіру, ересектерді оқыту жұмысын ұйымдастыру сияқты істерге тікелей басшылық жасап отырды. Қазақ жастарының арасынан мұғалімдер дайындау ісіне ерекше мән берілді.

1920 жылы 13 қаңтарда Гурьев уездік халық ағарту бөлімі ұйымдастырылды. 90 адамның орнына қызметкерлер жетіспегендіктен 26 адам жұмыс істеген. 1921 жылы Өрлік поселкесін қоса есептегенде орыс-қазақ мектептерінің ауылдық жерлердегі саны – 11, Ракуша, Доссор кәсіпшіліктерінде – 2, басқа өңірлерде – 49 мектеп жұмыс істеген. Олардың ең ірілері революцияға дейін жұмыс істеген Есбол (1881 жылы ашылған), Жылойқоса, Кермеқас, Сокол мектептері болатын [2]. Азамат соғысы өршіп тұрған 20-шы жылдары уезде төменде көрсетілген мұғалімдер жұмыс жасаған: Костелева Екатерина – Редуть мектебі (1920 жылы саяси тұрғыда сенімсіз адам ретінде қудаланған), Иванова Надежда – Редуть мектебі; Моисеев Виктор – Сарайшық мектебі; Котельников Сергей – Сарайшық мектебі; Вишенина Зоя – Сарайшық мектебі; Климова Зоя – Сарайшық мектебі; Котельников Николай – Жаманқала мектебі; Корин Вячеслав – Жаманқала мектебі; Любина Мария

– Жаманқала мектебі; Харкин Михаил – Бақсай мектебі; Глинский Владимир – Карманово мектебі; Чаганов Александр – Топайлы мектебі; Чаганова Надежда – Топайлы мектебі; Ефремова Нина – Зеленый мектебі; Яшков Михаил – Зеленый мектебі.

Тізімде көрсетілгендей, 15 мұғалімнің арасында бірде-бір қазақ ұлтынан мұғалімнің болмауы көп нәрседен хабар беріп-ақ тұр. Сондай-ақ мына бір факті де көңіл аударарлық. **1921 жылғы 1-сатылы Карманово мектебінің есебінде 86 оқушы тіркелген. Олардың ішіндеде бірде бір қазақ баласы тіркелмеген** [3]. Бұдан шығатын қорытынды: Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында қазақ мұғалімдерінің өте аз болуы, тіпті көп жағдайда жеткіліксіздігі аңғарылады. Оны біз төмендегі құжаттан да байқаймыз. Мәселен, 1920 жылы Гурьев уездік халық ағарту бөлімінің меңгерушісі Фадеевтің бұйрығымен мынадай тағайындаулар болған: *«1920 жылы 19 қаңтардан бастап Мокровин Иван Алексеевич мектеп бөлімінің, Землянушева мектепке дейінгі бөлімінің, Погодицкая мектептен тыс мекемелер бөлімінің, Строганов хат жүргізу бөлімінің, Востоков жалпы бөлімнің меңгерушісі болып тағайындалған»* (4).

Педагогикалық ұжым мен тірек мектебі жұмысының түрлері мен әдістері. Тірек мектебі жұмысының негізгі түрі – жылына 4 рет өтетін конференциялар. Олардың арасында әрбір пәндерді біріктіретін ұйымдар жұмыс істейді. Тірек мектебі ауылдарда жұмыс істейтін мұғалімдермен хат алысып тұрады. Мұғалімдер тірек мектептерінде өткізілетін сабақтарға қатысады. Мұғалімдерге әдістемелік жұмыста консультант болу үшін тірек мектебі жанынан әр түрлі көмекші мекемелерді – кітапханаларды, педагогикалық мұражайды ұйымдастырады [5].

1935-1938 жылдардың арасында өлкеде мектептердегі мұғалімдерді сұрыптау (аттестациялау) мұқият жүргізілген. Бұл жөнінде негізгі құжат – 1935 жылғы 9 қаңтарда ҚССР Халық ағарту комиссары Сүйінішалин бекіткен *«Бастауыш және орта мектептер атағын алу үшін қазіргі бастауыш, толық емес орта және мектептерде жұмыс жасап жүрген мұғалімдерді аттестациялаудан өткізу туралы нұсқау»*. Аттестациялауды 1938 жылдың 1 тамызына дейін аяқтау көзделген. Бұл шара сол кезде педагогикалық кадрлардың округ бойынша тапшылығына қарамастан өте қатал, әрі объективті түрде өткізілген. Мысалы, 1938 жылы округтік оқу бөлімінің жауапты қызметкері Ш.Қаржауовтың баяндамасында мынадай мәліметтер келтірілген: *«Барлық 740 мұғалімнің 122-не бастауыш мектеп мұғалімі атағы берілді, орталау және орта мектептерге 463 мұғалім уақытша қалдырылып, 118 мұғалім босатылды»* [6]. Ал Есбол ауданынан

келген хабарламада «Ауданда 45 мектеп бар. Аттестациядан 129 мұғалім өтті. Осылардан комиссия 80 мұғалімді жұмысқа қалдыруды мүмкін деп тауып, қалғандарын жұмыстан шығарды», – делінген. 1937-1938 жылдардағы мұғалімдерді аттестациялау шараларына «шаш ал десе бас алатын» солақай таптық қатыгез саясаттан туындаған, жергілікті шенеуніктер белсене араласқан саяси қуғын-сүргіндердің де салқыны тигендігі мәлім болып отыр. Мәселен, 1937 жылы қала бойынша аттестациялаудан өткізіліп, жұмыстарындағы оңды нәтижелері үшін «орта мектептің еңбегі сіңген мұғалімі» атағына ұсынылған 1938 жылы «халық жауы» деген атаққа ілініп, жұмыстан шығарылған.

Атырау өлкесінің өз отандарынан еріксіз күштеп көшірілген көптеген ұлт өкілдерін қабылдағаны тарихтан белгілі. Олардың арасында ең алғашқы болып, 1937 жылы Гурьев округіне корейлер зорлап көшірілген болатын. Соғыс басталғаннан кейін тағы да оның үстінде ұлт өкілдері депортацияға ұшырады. Бірақ осы ұлттардың арасында тек корейлер үшін ғана өздерінің ана тілінде оқытатын мектептер ашылды. Гурьев округтік оқу бөлімі көптеген қиыншылықтарға қарамастан корейлердің мектеп жасындағы балаларын оқумен қамтамасыз етуге тырысты. **1937-1938 оқу жылында округте жеті корей мектептері Сарайшықта, Сорочинкіде, Яманкада, Редутте, Кандаурда, Ганюшкинде және Гурьевте жұмыс істеді.**

Оларда көшірілгендердің 907 баласы оқыды. Корейлердің 94 баласы орыс мектебіне тартылды. Округте 49 корей мұғалім болды, олардың 43 өз мамандықтары бойынша жұмысқа орналасты [7]. 1938 жылдың 1 қыркүйегінде Гурьев облысында корейлердің 1 бастауыш, 2 орта мектебі жұмыс істеді. Бұрынғы корей мектептері орыс тіліне көшірілді. Корей мектептерінің 5 класс оқушылары орыс мектебінің 2 класына ауыстырылды. Осы кезден бастап, корейлер өздерінің тілін, мәдениетін, әдет-ғұрыптарын жоғалта бастады, өздерінің ықтиярынсыз «орыстанып», күні бүгінге дейін орыс тіліндегілер қатарына қосылды.

Гурьев облысындағы корейлер тұратын жерлерде мұғалімдер мен мектеп директорлары болып көрнекті педагогтар Ли Ден Су, Ли Ден Гук, Ли Бон Чун, Шин Ен Хен, Нам Ссн Хак, Ли Ден Гир, Хан А.Г. жұмыс істеді. Олардың арасында Владивостокте білім алғандар және Қызылорда педагогикалық институтын бітіргендер бар еді. Қиыр Шығыс педагогикалық институтын бітірген Ли Ден Гук өте мықты математик болатын. Ол көп жылдар бойы Гурьев педагогикалық училищесінде математикадан сабақ берді, облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында кабинет меңгерушісі болып еңбек етіп, ағарту саласының дамуына зор үлес қосты. Әке жолын қуған оның баласы Ли Геннадий Владимирович Атырау қаласы мектептерінде көп жылдар бойы директор болды. 20-жылдардың аяғы мен 30-жылдардың бас кезінде жаппай ұжымдастыру саясатының салдарынан, елдің бір бөлігі мал-мүлкінен айырылып, өлкені аштық жайлағаны белгілі. Ол аз болғандай 30-жылдардың орта кезінен бастап мұғалімдердің бір бөлігі сталиндік қысымшылық пен саяси қуғын-сүргіндерге ұшырады. Батыс Қазақстандық ағартушылар – Халел, Жанша Досмұхамедовтер, Сейітқали Меңдешев, Алма Оразбаева, Нұғман Манаев, т.б. жазықсыздан-жазықсыз құрбан болып, көптеген жылдар бойы «халық жауы» атанып келді. Сталиндік зұлматтың ауыртпалығы бүкіл халықтың басына түскені белгілі. Әсіресе, халықтың саналы, білімді бөлігі – мұ-

ғалімдер, ағарту саласының қызметкерлері қатты жапа шекті, орны толмас ауыр қазаларға ұшырады немесе ұзақ жылдар бойы лагерлерге айдалып, бас еркінен айрылды. Тоталитарлық жүйенің жергілікті жерлердегі қызметкерлері орталықтың нұсқауларын қалт еткізбей орындап отырды. Тек Атырау облысы бойынша толық емес мәліметтерге қарағанда 200-дің үстінде халық ағарту қызметкерлері репрессияға ұшыраған.

Саяси қуғын-сүргіндер 1932 жылдан басталып 1953 жылға дейін созылғаны белгілі. Көпшілік жағдайда жоғарыдан осындай адамдар совет үкіметіне қарсы немесе бұрынғы атқамінер, алашорда партиясының мүшесі, бай-кулактың баласы болған деген сияқты айыптар тағылып, оларды жазаға тарту жөнінде әдейі тапсырмалар беріліп отырған. Мәселен, Гурьев округтік атқару комитетінің төрағасы Орынбаев округтік оқу бөлімінің меңгерушісі Цаллаговқа 1937 жылдың 13 сәуірінде жазған № 75 хатында осындай «сенімсіз 39 мұғалімнің тізімін тексеруге және шара қолдану» үшін жіберген. Олардың арасында, кейін ақталып, өлкенің білім саласының дамуына зор үлес қосқан Қ.Қарашин, Қ.Абақанов, т.б. бар.

Қауіпсіздік комитетінен алынған құжатта саяси қуғын-сүргіндерге ұшыраған 30 мұғалімнің аты-жөні бар. Олардың бергісі 5 жылдан 10 жылға дейін бас еркінен айырылған, ал 10 мұғалім әйгілі «үштіктердің» шешімімен өлім жазасына кесіліп, атылған. Олардың аты-жөні: Адаев Иманғали, Қарабау өңірінде туған, мұнай техникумында директор болған, 1955 жылы толық ақталды; Дүйсенғалиев Мергенғали, Есбол ауданында 1899 жылы туған, Елтай орта мектебінде сабақ берген, облыстық соттың шешімімен 1988 жылы толық ақталды. Адлер Франс Петрович, Одессалық, Доссорда неміс тілінен сабақ берген, 1988 жылы толық ақталды. Ибрашев Қазмұқаш, 1894 жылы №4 ауылда туған, Гурьев балық техникумында жұмыс істеген, 1988 жылы толық ақталды. Есмурзин Өмірзақ, Қызылқоға ауданының түлегі. Гурьев балық техникумында жұмыс істеді. 1988 жылы толық ақталды. Ким Чан Се (Ким Василий), 1907 жылы Манчжурия өлкесінде дүниеге келген. Бақсай ауданында мұғалім болды. 1965 жылы ақталды. Сан-Хи, 1904 жылы Кореяда туған, Гурьевтегі корей мектебінде мұғалім болып қызмет атқарды. 1938 жылы 29 қазанда атылды, 1960 жылы толықтай ақталды. Сухарев Сергей Иванович, 1894 жылы Гурьевте туған, Есбол Қызылүй мектебінде, қаладағы мұнай техникумында химиядан сабақ берген, 1956 жылы облыстық соттың шешімімен толық ақталды. Таңқыбаев Әбілғали, 1903 жылы Жылыой ауданында туған Холдильник ауылында ұстаздық еткен, 1957 жылы облыстық соттың шешімімен толық ақталды. Тыншимов Рақымберді, 1887 жылы Бақсай ауданында туған, №17 ауылда сауатсыздықты жою мектебінде мұғалім болған. 1957 жылы толықтай ақталды.

Қауіпсіздік комитетінен алынған отыз адамның тізімінің толық емес екендігі айқын. Өйткені, архивтен алынған тізімдегі «сенімсіз» 39 мұғалімнің біреуінің ғана есімі соңғы тізімде жүр. Сондай-ақ екі тізімге де енбеген қуғын-сүргіндерге ұшыраған мұғалімдердің болғанын газет беттерінде әр жылдары жарық көрген мақалалар дәлелдеді. Мысалы, Махамбет ауданы бойынша 3 мұғалім қуғын-сүргінге ұшыраған. Олар: Құдайбергенов Алпан (Исатай батырдың туысқаны, Атырау өлкесінде ең алғашқылардың бірі болып 1900 жылы өз қаражатына мектеп ашқан, Есбол Қызылүйінде мұғалім болып жүрген кезінде ұсталып,

1937 жылы атылған). Корин Вячеслав Иванович пен Ізболы Өтеміс те мұғалімдік жұмыстан аласталай репрессия азабын шеккендер қатарында болған. Есімі қауіпсіздік комитетінің мәліметінде берілген Сергей Иванович Сухарев кезінде облыста ең алғаш 1881 жылы ашылған Қызылүй мектебінде жұмыс істеп, химиядан қазақ балаларына орыс тілінде сабақ берген еді.

Қатыгез заманның қатал заңдары көбіне мұғалімдерді, оларды ата-аналарының кім болғанына, өздерінің қандай саяси партиялардың қатарында болғанына қарай жазалап отырды. Осындай қысымшылыққа ұшырағандардың арасында қазақ қыздары да болған. Солардың бірі облыста тұңғыш жоғары білім алған, Қазақтың қыздар институтының 1948 жылғы түлегі Ысқақова Зүлфат Абдошқызы да бар.

Сонымен, Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарындағы Қазақстандағы, оның ішінде Атырау өңіріндегі оқу-ағарту ісіндегі орын алған кейбір мәселелерді ғана мысал ретінде келтіре отырып, төмендегідей қорытынды жасауға болады: біріншіден, жергілікті білім органдары басшыларының жоғары ұйымдар нұсқауларын бұлжытпай орындағаны, екіншіден, өлке, облыс білім беру лауазым иелерінің орындығына мансапқор, ұлттық болмысы жоқ, халыққа ешқандай жандары ашымайтын

өзге ұлт өкілдерінің қойылуы (Цаллагов сияқты), үшіншіден, сол кездегі саяси қудалауға қарсы тұрар ұлт кадрларының тұншықтырылуы, оған қоса, оларды қолдайтындай жергілікті жерлерде басшылардың табылмағаны дәлелденіп отыр.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены вопросы, связанные с первыми мерами в области народного образования на примере Атырауской области в 20-е годы XX века.

The article deals issues related to the first measures in the field of public education on the example of the Atyrau region in the 20s of the twentieth century.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

1. **Нагимов Ш.Н.** Атырау – білім өлкесі. Алматы «Ғылым». 1999. – 12 б.
2. Атырау облысы мемлекеттік архиві. 131-қ., 163-і., 83-б.
3. Атырау облысы мемлекеттік архиві. 131-қ., 2-т., 13-б.
4. Атырау облысы мемлекеттік архиві. 70-қ., 9-т., 41-і., 3-б.
5. Атырау облысы мемлекеттік архиві. 69-қ., 2-т., 9-і., 3-б.
6. Атырау облысы мемлекеттік архиві. 131-қ., 1-і., 60-б.
7. Атырау облысы мемлекеттік архиві. 131-қ., 5-т., 17-б.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҚАТЫСТЫ КИЕЛІ ОРЫНДАР

Құралай СӘРСЕМБИНА,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың археология және этнология кафедрасының доценті,
Зүбайда СҰРАҒАНОВА,
«Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының жетекші ғылыми қызметкері,
Анар ЕКІМБАЕВА,
ҚР Ұлттық музейі жанындағы «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының бөлім жетекшісі

«Тарихымыздың қасиетті беттері, саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандары әрқашан біздің жадымызда және оны ұмытпау – біздің қасиетті борышымыз.»

Н.Ә.Назарбаев.

Қазақтың дархан даласы тұнған тарих. Төл тарихымызға терең бойлағанда қасиетті мен қайғысы мол оқиғаларға жиі кезігіміз. Ен даланы аманаттап кеткен ата-бабаның қайсар рухына, білігі мен бірлігіне тәнті болып та жатамыз. Халқымыз басынан небір қиыншылықтарды кешірсе де, адамдық қалпынан ажырамаған күйде тәуелсіздікпен табысты. Алайда, осы тұста айта кетуіміз керек, ғасырларға созылған отаршылдық зардабының халық санасына түсірген жарақаты да әлі күнге дейін сезілуде. Еліміздің кез келген түкпірінде өткен тарихымыздың ізі сайрап жатыр. Әрбір тау мен шоқыда, ғасырмен жарысқан теректе, тіпті топырақта да тарих тұнып тұр. Өкінішке орай, өткен ғасырдың оқиғаларын сыр сандық кеуделеріне құйып, қызыл империяның қаһарынан қорқып, ішке сақтаған қарияларымыз азайып барады. Мұрағаттардағы құжаттарды ғана емес, ауыздан ауызға жеткен тарихи оқиғаларды

ғылыми тұрғыдан талдап ел тарихы қоржынына жинақтау тұрғысында да ғалымдарымыз айтып жүр.

Тарихи сананы биіктету мақсатында жасалып жатқан мемлекеттік деңгейдегі шаралар, қолға алынған жобалар жас ұрпақтың елге қызмет етуге қабілетті болуына ықпал ететіндігі сөзсіз.

2020 жылы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру бойынша жүзеге асырылып отырған «Қазақстанның заманауи мәдениетіндегі қасиетті кеңістік: дәстүр мен жаңашылдық» (BR 06449588, жетекшісі Б.Әбдіғалиұлы) ғылыми бағдарламасы аясында далалық экспедиция ұйымдастырылды. Мақала 2017-2020 жж. жүргізілген далалық зерттеулер қорытындысы бойынша даярланды.

1930-1950 жж. жаппай саяси қуғын-сүргін халқымыздың басына ұмытылмас қайғы-қасиет әкелді. Қазақ даласы бұрын-соңды көрмеген сұмдық жағдайлардың куәсі болды. Қызылдар билігі қолдан ашаршылық ұйымдастырып, халықты дәстүрлі табиғи даму қалпынан күштеп ажыратып, жазықсыз жандарды айыптап, түрмеге қамап, сотсыз атып, әйел-аналарды да соттап, лагерге қамап, балаларынан айырып, бейкүнә сәбилерді сәбилер

үйіне жіберіп адам айтып жеткізе алмас зобалаңды орнатты. Жазықсыз атылған жандардың жатқан жерлері толыққанды анықталды ма? – деген де заңды сауал туындайды.

2017 жылы жалпыұлттық деңгейдегі қасиетті нысандардың тізіміне ХХ ғасырдың қасіретінен сыр шертетін мынадай 4 нысан енгізілді: «Ашаршылық құрбандары» (Нұр-Сұлтан қ.), Долинка кентіндегі саяси қуғын-сүргін құрбандарын есте сақтау музейі – Музей памяти жертв политических репрессий п. Долинка (Қарағанды облысы), «АЛЖИР» мемориалды кешені – Мемориальный комплекс жертв политических репрессий «АЛЖИР» (Нұр-Сұлтанға жақын), Семей полигоны құрбандарына арналған «Өлімнен де күшті» монументі – Монумент, посвященный жертвам Семипалатинского полигона – «Сильнее смерти» (Шығыс Қазақстан облысы) [1].

Саяси қуғын-сүргінге қатысты өңірлер бойынша қасиетті нысандар арасында: 1931-1933 жж. ашаршалық құрбандарына арналған екертікші (Алматы қ.), 1930-1950 жж. саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналып қойылған «Түйетөбе» ескерткіші (Ақтөбе қаласының маңында), саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мемориальды ескерткіші (Қызылорда қ.), саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған «Мәңгі есімізде» деп аталатын мемориалды ескерткіші (Павлодар қ.), саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған «Қасірет» мемориалды кешені (Шымкент қ.) бар [2].

Шымкентте саяси қуғын-сүргін жылдарында адамдарды «Албастысай» шатқалында атқан. Бұл жер қазір қоршалған, «Қасірет» деп аталады. Кешенде темір тордың ар жағынан жылап тұрған тұтқын бейнесі мен шыңға шығып, аспанға қарап, жауаңдаған бала көтерген әйел мүсіні бейнеленген [3]. Жыл сайын қала тұрғындары 31 мамыр саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай шатқалда атылған жазықсыз жандарды еске алу мақсатында мемориал жанына жиналады [2, 419-б.].

Павлодардағы мемориал сегіз бұрышты, оның жоғары жағында Қазақстан халқы бірлігін бейнелейтін белгілер орнатылған. Іргетастың орталық тұсында шексіздік белгісі және төрт әлемдік дін нышаны – ислам жарты айы, христиан кресті, иудаизмнің Дәуіт жұлдызы және будданың өмір дөңгелегі бейнеленген. Мемориалда «мәңгілік естелік» сөзі елімізде өмір сүретін этникалық топтардың тілдеріне аударылғандығы бірлігімізді паш етеді [2, 456-б.]. Қасіретті жылдар жаңғырығының куәсі болатын қайғылы жерлер жеткілікті. 1930-1950 жж. қасірет жоғарыда аталған саяси қуғын-сүргінге қатысты еске алу орындарынан өзге де қасиетті нысандардағы музейлерде, сталиндік лагерлер мен саяси қуғын-сүргінге ұшырағандардың жаппай атылған жерлерінде, облыстық өлкетану музейлеріндегі экспозицияларда тұнып тұр.

Жезқазған тарихи-археологиялық музейінде «ХХ ғ. 30-50-жж. саяси процесстер» деп аталатын тақырыптық экспозиция құрылған. Онда Солтүстік және Орталық Қазақстанда орналасқан ГУЛАГ лагерлер жүйесінің - Карлақтың бөлімшесі Степлаг лагерлер бөлімінің бірінде болған Кенгір көтерілісінің қасіреті бейнеленген [4].

Батыс Қазақстанның Орал қаласындағы облыстық тарихи-өлкетану музейінде «ХХ ғасыр тарихы» деп аталатын экспозиция залы бар. Онда 1938 жылы Орал қаласында саяси қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтарды жерлеу орнын қазу барысында табылған заттар қойылған [5].

1992 жылғы 12 қарашадағы № 45-в қабылдау-тапсыру актісі бойынша келесідей мәліметтер жазылған: *«предметы были обнаружены в июле 1992 г., на левом берегу р. Урал в районе Козинских дач. Для расследования дела была создана следственная группа облпрокуратуры и управления КНБ по ЭКО. Обнаруженные в ходе осмотра места происшествия пули, гильзы 7, 62 патронов к револьверам системы «наган» выпуска 1929 г. и 19...»* [5]. Табылған 68 заттардың ішінде *«пластмассадан жасалған қара түсті мундуштук; 3,10 және 20 тиындық монеталар; құлып кілті; көзілдірік; қалам ұштайтын пышақ, жасанды жоғарғы және төменгі жақ; тіс щеткасы, сабын салғыш, сақина, тарақ, түймелер, белдік; киімнің металл қапсырмалары; атылған оқтар мен гильзалар»* болған [6].

Орал қаласының музей қызметкерлері мен өлкетанушылары: табылған заттар тұтқындалған адамдардың өздерін атуға апара жатқандығын білмегендігінен хабардар етеді, тұтқындалған адамдарға тұтқындау орнына апара жатырмыз деп айтқан болу керек, – деген пікірлерін білдірді.

Кіші ғылыми қызметкер Д.Т.Гусманова мен Батыс Қазақстан облысы бойынша ҰҚКБ (Ұлттық Қауіпсіздік комитеті басқармасы) ІІБ (Ішкі істер бөлімі) тергеушісі, аға лейтенант В.Зинченко қол қойған музей құжаттарында *«следствием установлены фамилии репрессированных жертв. Их останки были перезахоронены на городском кладбище с установлением там мемориальные плиты. Уголовное дело, возбужденное по факту обнаружения места захоронения человеческих останков, было прекращено т.к. следствием было установлено, что участие к данным преступлениям лиц в настоящее время нет в живых»* – *«саяси қуғын-сүргін құрбандарының аты-жөндері анықталды. Сүйектері қалалық зиратқа қайта жерленіп, мемориалды тақта орнатылды. Тергеу амалдары көрсеткендей аталған қылмысқа қатысы бар тұлғалар қазіргі күні тірі болмағандықтан, адам сүйектерінің жерленген орнының табылу фактісіне қатысты қозғалған қылмыстық іс тоқтатылды»*, – деп жазылған [5].

1992 ж., 12 қарашадағы № 45-в қабылдау-тапсыру актісінде Батыс Қазақстан бойынша ҚР УКНБ мәліметтері бойынша Оралда 1930-1950 жж. 1009 адам атылған.

Бүгінгі күні Оралда жергілікті өлкетанушылар саяси қуғын-сүргін жылдарында жаппай ату орындары Козинск саяжайы қана емес, Хан тоғайы және «Қызыл түрме» де болғандығын айтады. Соңғы нысан – қазіргі күні жұмыс жасап тұрған тергеу изоляторы. Өлкетанушы, журналист, жазушы және ҰОС ардагері Николай Чесноков Хан тоғайын *«живыми надгробиями»* – *«тірі қабір тасы»* деп атап, келесідей мазмұндағы сөздерді де жазған еді: *«Люди добрые, поклонитесь этим могучим великанам – тополям, осокорям. В них бродят живительные силы матушки-земли, смешанные с невинной человеческой кровью тех, кто под ними покоится – просто людей, уральцев...»* [7].

ХХ ғасырдың 20-30-жылдарындағы саяси қуғын-сүргін құқық қорғау органдарының қолымен жасалды. Осы мақсатта ең алдымен қуғындаудың заңдық негізі әзірленді. Оған дәлел ретінде сол жылдары қабылданған заңдарды алға тартамыз. Кеңес мемлекетінің заңдары қазан төңкерісінен бастап-ақ тоталитарлық жүйенің орнығуына жол ашты. Кеңестік құқық «биліктен айырылған қанаушы таптарға» қарсы

бағытталғандықтан, адамдар шыққан әлеуметтік тегі үшін жазаланды. Кеңестік заңдар «кеңестік тәртіпті» нығайтуға, социалистік экономиканы құруға, еңбекшілер бостандығы мен демократиялық құқықтарын қамтамасыз етуге, бұқараны коммунистік санамен тәрбиелеуге тиіс болды [8]. Сөз жүзінде заңдардың сипаты демократиялық бағытта болғанымен, іс жүзінде адамдарды жікке бөліп «таптар арасындағы күресті» өмірге әкелді. Бұл адам баласының мәдениетіне, адамзат өркениетіне аса қауіпті еді. Кеңестік тоталитарлық тәртіпті жамандау мақсат емес, алайда оның миллиондаған адам өмірін құрбандыққа қиған саясаты санаға өшпес жарақат салып та кетті. Кеңестік жүйеде өмір сүрген халықтардың саяси қуғын-сүргін зобалаңына ұшырамағаны кемде кем.

Кеңестік тоталитарлық жүйе билік тармақтарын бір-бірімен байланыстырып, сот билігін саясаттың құралына, коммунистік партияның қолшоқпарына айналдырды. Сол арқылы репрессиялық шаралар жүргізілді. Сот билігі өзіндік мәртебесінен айырылған тұста өрескел заңсыздықтар етек алып, адам құқықтары аяққа басылды. Хайек тоталитарлық қоғамда билік басына қабілетсіз тұлғалардың келетіндігін және ол қоғамның азаматтары идеалға шын берілгендіктен де аморальды істерді жасайтындығын жазған еді [9, 123-165-б.].

Конституция тұжырымдары мен шынайы өмір арасындағы алшақтық адамдардың өз қоғамынан жаттануына (отчуждения от общества) әкелді. Саяси қуғын-сүргіннің қалыптаса бастаған жүйесіне сталиннің болмысы сәйкес келген. Ол тіпті, генералдарды да ғайбат (донос) айтуға мәжбүрлеген: «... Плохо анализируете. А, без ваших сигналовни военком, ни ЦК ничего не могут знать», – деп жеткізілген ақпараттың 95 проценті жалған, ал 5 проценті шындық болса да қанағаттанған [10, 33-б.].

Мұрағаттағы ОГПУ бөлімінің арнайы жазбаларында барлық округтерден «арнайы мәлімделер» жинақталып, «жоғарыға» жіберіліп отырған. ОГПУ бөлімі «жазбаларының» «Интеллигенция» деп аталатын екінші бөлімінде жергілікті жерлердегі зиялы қауым өкілдері мен олардың бала-шағаларының «кеңестерге қарсы» пиғылдағы әңгімелері жинақталған.

Ақтөбе облысындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш қалаға шамамен 30 шақырым жердегі «Түйетөбе» мекенінде орнатылған. XX ғасырдың 90-жылдары Түйетөбе жерінде жаппай атылғандардың қорымы анықталған еді. Саяси қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтары, сонымен қатар өлкетанушылар (Бердалы Хасанов) өтініштері бойынша осы жерде қуғын-сүргін құрбандарына арналып арнайы ескерткіш-белгі орнатылды (1997 жылы).

Таудың биігінен Ақтөбе облыс орталығы жақсы көрінеді. Таудың баурайынан ойпаттар мен шұңқырлар көрінеді. Ақтөбе облыстық тарихи-мәдени мұраны зерттеу, қалпына келтіру және қорғау орталығы бас инспекторы Жандос Еспанбетовтың айтуынша сол ойпаттар жаппай жерлеу орындары болуы мүмкін. Кейбір ақпарат берушілер Түйетөбе баурайындағы үңгірлерде жаугершілік заманда батырлар қару, азық-түлік сақтаған болуы мүмкін деген де пікірді алға тартады. Түйетөбенің құпиясы өлі де терең зерттеуді талап етеді.

Жергілікті тұрғындардың айтуынша таудың баурайында саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарды қамаған лагерь болған. Кейбір жергілікті тұрғындар ата-

аналарының тұтқындағылардың адам түршігерлік жағдайын көріп, аяп лагерь қоршауы арқылы нан, картоп лақтырғандықтарын да айтады. Өлкетанушылардың айтуынша және деректерде бұл жерде бұрынғы Одақтың өзге де өңірлерінен адамдар атылған [4].

Жалпы Ақтөбе облысы бойынша 2 мыңнан аса адам ату жазасына кесілген. 1997 жылы құрастырылған «Саяси қуғын-сүргін құрбандары» атты үш томдық еңбекте саяси қуғын-сүргінге ұшыраған тұлғалардың аты-жөндері, әлеуметтік құрамы және т.б. мәліметтер берілген [11].

Жазықсыз атылғандардың жерленген жерлерін әлі де тыңғылықты зерттеу қажеттілігі туралы пікірлер де айтылды [4]. Себебі, Түйетөбе жерінде қана емес, қала маңындағы өзге де жерлерде сталиндік қылмыс жасырынып жатуы мүмкін.

«Түйетөбеге» 31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнінде қана емес, басқа күндері де келушілер жеткілікті. 1997 жылдан бастап 31 мамырда жыл сайын дәстүрлі түрде қайғылы митинг ұйымдастырылады. Мұсылман және христиан діни ғұрыптары орындалады. Қазақтардың арасында 1991 жылға дейін және қазіргі таңда да дұға бағышталғанда келесідей сөздер айтылады: *«ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін жылдарында көмусіз қалған, туған жерден жырақ жерленген, құран дәмеліп елеп, ескерусіз қалған жандардың аруақтарына бағышталады»*. Түйетөбе басына аталары сол жерде жерленген қана емес, сондай-ақ аталары өзге жерлерде опат болған жандар да келеді [4]. Сонымен қатар, ата-бабалары саяси қуғын-сүргін құрбаны болмаған тұлғалар да Түйетөбе басына барып, жазықсыз атылғандарды еске алады. Олардың арасында жастардың көп кездесетіндігін де айта кетуіміз керек [4].

Түйетөбе – жазықсыз жандардың қаны төгілген жер. Тағылған айыптар құжаттар бойынша дәлелденбесе де, «қылмыстық іс-әрекет туралы шынайы мәліметтер жоқ» болса да, «сот органдары шешім шығармаса да» атылып кеткен тұлғалар жерленген осы қасірет мекені 1930-150 жылдардағы зобалаңды еске алу орындарын бейнелейді. Адамдар өздерінің туғандарының атылған жерінің қайда екені туралы нақтылы мәліметтерді білмесе де, *«осы таудың баурайында жазықсыз құрбан болған адам жатуы мүмкін»*, – деген оймен Түйетөбеге барып тағзым етеді. Ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін жылдарында құрбан болған жандардың ұрпақтары бүгінде сол бір санаға түскен адам айтып жеткізе алмас жарақатты тасымалдаушылар. Олардың қайғы, қасіреті сол бір ауыр заманның шындығының айғағы. Пьер Нора айтқандай: *«чувства, есть своего рода жизненная правда, ... память, всегда имеющая субъективное, в конечном счете – индивидуальное измерение, обладает той особой правдой о событиях»* [12, 77-б.].

Ескерткішке барғанда төбеге таяу жатқан ойпаттардың бірінде шамамен 3 метрлік ақ түсті мата жатыр. Ақ мата желмен ұшып кетпеуі үшін 21 таспен бастырылған. Тас мөлшері құрбан болған адамдардың санын белгілеуі де мүмкін. Ақ мата жабындысы адамдардың атылған, көмілген орнындағы қабір тасты бейнелесе керек-ті [4]. Орталық Азияда әулиелердің қабір тасының үстіне мата жабындысын жауып, қасиетті екендігін айшықтайтын ғұрып та белгілі. Қасиетті жерлердегі қабір тас басындағы мата жабындысы еліміздің барлық жерінде байқалады. Осы дәстүрдің тамырының тереңде жатқандығын

кеңестік кезеңдегі этнографтардың зерттеулері айтады [13, 23-б.; 137-138-б.].

Төбе басына темірден жасалған ағаш-сырықтың бейнесі орнатылған. Сырықтарына ақтық, орамалдар, шарф және т.б. ілінген. Дәстүрлі түсінікте «*әулиелердің қабіртастары мен зираттарына әкелінетін әр түрлі және түрлі түстегі мата жамылғысынан басқа көптеген матаны сыйға тартуды байқауға болады... Оларды қасиетті жерлерге тілеген тілектері жауапсыз қалмайды деген үмітпен әкеледі. Синтетикалық жібек, бөз немесе мақтадан жасалған ақ түсті маталарды мата жабылған қабіртастың жоғарғы жағына қояды. Мазарлардың есік тұтқаларына, қоршау қақпасына, қоршаудың барлық жеріне әйел адамдың басқа тағатын орамалдары мен соған ұқсас заттары байланған*» [14, 238-б.].

Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде және қазіргі түсінікте де сырық тәжірибелік әрі сакральды мәнге ие [4]. Сырық дәстүрлі түсінікте бала қолының жуандығымен бірдей болады. Әулиелер жерленген жерге мата жырындысы байланған немесе дыбыс шығаратын қаңылтыр ілінген сырықтар дәстүрлі түрде орнатылады: «*Ағаш сырық – жуандығы баланың білегіндей, таяқтан ұзындау, жеңіл ағаш. Оны тал, қайың сияқты берік ағаштан жасайды. Еңбек адамы түрлі шаруашылық қарекетке қолданылған: қия асудан өткенде таянып жүруге, судан өткенде тереңдігін өлшеу, жаңа қатқан мұз үстінен және құй батпақпен жүргенде сақтық үшін ұстайды. Кейде сырықты иыққа ауырлау жүкті көтергенде іліп алып жүруге қолданады. Әулие адамның зиратының басына желкен сияқты ұзын ағаш сырықтарды шаншып (бойына шүберек, дыбыс шығаратын қаңылтыр, т.б. байлап) қояды. Киіз үйдің биіктігінен өте ұзын сырықпен жаңбырлы күндері түндікті тіреуге, қаза болған кезде ұшына мата байлап белгі беру үшін қолданады*» [15, 50-б.].

Бүгінгі таңда осындай сырықтар барлық жерлерде, әулиелердің басында бар. «Сырық» сөзі түркі тілдерінде магияға, сұлулыққа қатысты, сонымен қатар батыр есімінің құрамдас бөлігі болып та табылады.

Қырғыз тілінде «сырық-сырық» сөз тіркесін баланы бесікке саларда аластағанда қолданғанын Юдахин жазған еді [16]. М.Жұмабаевтың өлеңінде: «*Сырық мойын, біз мұрын*» – деген жолдар кездеседі. Ақын сырық сөзі арқылы сұлудың ақу мойын әдемілігін бейнелеген. Шорлардың батырлар жырында Алтын Сырық есімді батыр да бар [17].

Түркі халықтарының арасында ритуалдық сырық иесінің мәртебесі мен территорияға қарай түрлі атаулармен белгілі (туғ, байрақ, ту, жалау, ту, сырық). Бұндай сырықтар дәстүрлі түрде әулиелердің де, қарапайым адамдардың зират басына қойылады. Бұл дәстүр ежелгі кезеңнен тамырын тартады: «*Древнее семантическое значение туга как связующего звена между земной и небесной сферами, символа верховной власти находят отражение в мусульманский период... Внедрение знамени со стягом и навершием в культ мусульманских праведников и традицию совершения паломничества... вероятно следует признать отголоском использования подобных сооружений в погребально-поминальной обрядности более древних культур, следы которых прослеживаются в среде кочевых народов Центральной Азии*» [18, 143-б.].

Осылайша, өткен ғасырдың зобалаң жылдарының қасіретті оқиғасына арналған еске алу орындарында, ескерткіштерде Орталық Азиядағы қасиетті жерлер-

ге тән дәстүрлердің бар екендігі байқалады (ақтық байлау, сырық, Түйетөбедегі мата жабындысы). Алайда, бұл атрибуттардың дәстүрлі түсініктен өзгешелеу мағынаға ие екендігін де ескеру шарт. Далалық зерттеулер барысында сауалнама алғанда адамдар ақтықты тілегінің орындалуы үшін емес, жазықсыз құрбан болған жандардың жатқан жерін белгілеу мақсатында ілетіндігін айтты. Жазықсыз құрбан болған адамдардың жатқан жері қасиетті деген пікірлер де болды. Зерттеушілердің «*түркі халықтарында мата кесінділері мен қиындылары қасиетті жерлерді белгілеуде, жерлеу ғұрыптарында кеңінен қолданыста болды*» [14, 235-б.], – деген пікірлері де белгілі.

Қасиетті жерді ақтық, мата арқылы белгілеу елді мекендерден тыс жатқан мемориалдарға тән екендігін де айта кетуіміз керек.

Қазіргі таңда Қазақстанда ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін жылдарында құрбан болған адамдардың жатқан жерлеріне еске алу белгілері мен ескерткіштер қою тұрғысындағы халық ұсыныстары көп. Әлеуметтік желілерде адамдар Ақтөбе облысы Темір ауданында саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы деректерді жинақтау мәселесін де көтеруде [19].

Бұл мемориалдар санаға түскен жарақатты да, сол бір өшпес жарақатты жеңу жолын іздеген ұжымдық жадыны көрсетеді [20, 62-б.]. Қайғысы мен қасіреті мол жылдар халық есінен кетпейді. Зерттеушілердің айтуынша: «*Темы политических репрессий... влияют на дискурсы памяти в Казахстане*» [21, 456-б.].

Осылайша, далалық материалдар көрсеткендей біздің замандастарымыздың тарихи жадында XX ғасырдың қайғылы тарихы сақтаулы. 31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні жыл сайын жазықсыз жазаланған тұлғаларды еске алу митингисі өткізіледі. Аталған күннен тыс уақытта да саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу орындарына баратындар да жеткілікті [4]. Адамдардың атылған, көмілген жерлеріне ақтық, мата жабу арқылы сол жердің қасиетті екендігі айқындалады. Сталиндік зұлмат жылдарында тағдырлары төлкек болып, адам айтқысыз азап шегіп, жазықсыз құрбан болған тұлғалар рухына тағзым ету қасиетті борыш, адамдық парыз. «*Өлі риза болмай, тірі байымайды*» деген халқымыздың даналығы үлкен ұрпақ қана емес, өрімтал жастардың бойынан да көрініс беруде. Сондықтан да, жыл сайын ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жиынына қатысатындар саны артуда.

Далалық экспедицияға қатысушылар барлық көмектерін аямаған Батыс Қазақстанның облыстық тарихи-өлкетану музейінің басшылығы мен қызметкерлеріне, жалпы мәселелер бойынша директордың орынбасары Ажар Берікқалиқызы Берікқалиеваға, экскурсовод Мадияр Қуанышұлы Сәндібекке, бас қор сақтаушысы Гүлзада Бақтыбайқызы Бақытоваға, қоршылар Марина Кужиновна Мырзағалиеваға және Әсел Сүйінғалиқызы Нәсіпқалиеваға, сондай-ақ Ақтөбе облыстық тарихи-мәдени мұраны зерттеу, қалпына келтіру және қорғау орталығы бас инспекторы Жандос Еспанбетовке шексіз алғыстарын білдіреді.

АННОТАЦИЯ

В работе рассматриваются публичные и сакральные пространства Казахстана, связанные с политическими репрессиями 1920-50-х гг. Сегодня они находят отражение не только в памятниках, музейном пространстве, но и в памяти людей.

This article researches the public and sacred spaces of Kazakhstan associated with the political repressions of the 1920-50s. Today they are reflected not only in monuments, museum space, but also in public memory.

ДЕРЕКТЕР МЕН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстандағы жалпыұлттық қасиетті 100 нысан = 100 Общенациональных сакральных объектов Казахстана. Астана: Фолиант, 2017. 384 с.
2. Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары = Региональные сакральные объекты Казахстана. – Астана: Фолиант, 2017. – 504 с.
3. З.Сұрағанованың дала материалдары. 2017 ж.
4. 2020-ғы далалық экспедиция.
5. «Батыс Қазақстан облыстық әкімшілігі мәдениет басқармасының Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі» мемлекеттік коммуналды қазыналық кәсіпорны. (1992 ж., 12 қарашадағы № 45-в қабылдау-тапсыру актісі).
6. «Батыс Қазақстан облыстық әкімшілігі мәдениет басқармасының Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі» мемлекеттік коммуналды қазыналық кәсіпорны. Коллекциялық тізбе ИК № 38 №№ 212296в-212248в.
7. **Смирнова Н.** Сакральное место // Информбиржа. Рекламно-информационная газета. 9 августа 2018. № 32 (1257). <http://ibizha.kz/sakralnoe-mesto/> (жарияланған мерзімі: 11.08.2020 г.).
8. История политических и правовых учений/ Под ред. В.С.Нерсисянца. М.,1988. – 816 с.
9. **Хайек Ф.** Дорога к рабству // Вопросы философии. -1990. -№ 11.- С. 123-165.
10. **Печенкин А.А.** 1937 год //Отечественная история. – 2003. - №1. – С.33.
11. Саяси қуғын-сүргін құрбандары / Құраст.: Байдосов З., Сәрсембина Қ.Қ., Кудинов Ф., Фадеев К. Ақтөбе.-1997.-3 томдық.
12. **Филиппова Е.И.** История и память в эпоху господства идентичностей: беседа с действительным членом Французской Академии историком Пьером Нора // Этнографическое обозрение. – 2011. – № 4. – С. 75-84.
13. **Массон М.Е.** Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясеви / Сыр-Дарьинское отделение общества изучения Казахстана. – Ташкент: Типо-лит № 2 Узполитграфтреста, 1930. – 25 с.; Мустафина Р.М. Ислам и реликты доисламских мировоззренческих традиций у казахов / Учебное пособие. – Астана, 2010. – 260 с.
14. **Сураганова З.К.** Теканевые атрибуты и дароприношения на святых местах Казахстана: развитие традиции // Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы = Сакральная география Казахстана Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы = Сборник материалов международной научно-практической конференции. 3 қазан = 3 октября, 2019 ж. – Нұр-Сұлтан, 2019. 233-241-бб.
15. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі: энциклопедия / ғыл. ред. Н.Әлімбаев; мәтінд. дайынд. Ж.Бабақұлы [ж.б.]; сурет.: Д.Шоқпарұлы [ж.б.]; фото.: Д.Қатран, А.Қисабаев, Б.Хинаят; Қазақстан Республикасы мәдениет министрлігі; Қазақстан Республикасы мемлекеттік орталық музейі. 1-том: А-Д. – Алматы: DPS, 2011. – 738 б.
16. **Юдахин К.К.** Кыргызско-русский словарь. М: Советская энциклопедия, 1965. – 974 с.
17. Шорские героические сказания. Кан Перген. Алтын Сырық /Вступ. ст., подготовка поэтического текста, перев., коммент. А. И.Чудоякова. М.; Новосибирск: Наука,1993.– 463 с.
18. **Терлецкий Н.С.** Некоторые древние атрибуты мусульманских мест паломничества и поклонения (к вопросу о функциях и символике туга) // Центральная Азия: Традиции в условиях перемен. Выпуск II / Отв. ред. Р.Р.Рахимов, М.Е.Резван. СПб.: МАЭ РАН, 2009. – С.112-149.
19. <https://www.facebook.com/1000071800911705>
20. Практики и места памяти в Казахстане (структурно-типологический обзор) / Медеуова К., Ермагамбетова К., Кикимбаев М., Мельников Д., Наурызбаева З., Рамазанова А., Сандыбаева У., Толгамбаева Д., Тлепберген А. – Астана: ТОО Мастер По, 2016. – 73 с
21. **Медеуова К.А.** К вопросу о типологии практик памяти в Казахстане // Мир Большого Алтая. 2016. № 2 (3.1). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/k-voprosu-o-tipologii-praktik-pamyati-v-kazahstane> (дата обращения: 19.08.2020).

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА

ОРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ ХАЛҚЫ Ұлы Отан соғысы жылдарында

Аққайың БАЛЫКОВА,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Отан соғысы жылдарында орын алған аймақтағы демографиялық үдерістерді зерттеудің мәні зор. Қазақстанның батыс аймағының бұл жылдардағы Қазақстанның басқа аймақтарынан ерекшелігі, біріншіден, оның тікелей майдан шебіне кіруімен байланысты еді. Екіншіден, Қазақстанның басқа өңірлерімен салыстырғанда соғыс жылдарында батыс аймақта халық санының күрт қысқаруы орын алды. Үшіншіден, бұл жылдарда қала халқында, жекелеген қалаларда кең көлемді демографиялық, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен жаңарулар

орын алды. Соғыс жылдарында қала халқының демографиялық сипаты өзгерістерге ұшырап, урбанизациялық үдерістер одан әрі жалғасты. Қалаларда ірі өнеркәсіптер жүйесі қалыптасып, жұмысшы табының саны өсті.

1939 жылғы халық санағы бойынша Қазақстанның халқы 6 151102 адамды құраса [1, 21-бб.], мемлекеттік статистикалық комитеттің 1941 жылғы 1 қаңтардағы мәліметі бойынша 6 425 000 адам болды [2, 35-б.]. Соғыс жылдары бойы Қазақстаннан әскери комитеттердің деректері бойынша 1 196164

әйел адамдар болатын. Бұл уақытқа дейін облысқа 2647 адам эвакуацияланған еді. Бұдан кейінгі уақыттарда Орал қаласына көшірілгендердің саны тұтас облыс территориясына эвакуацияланғандар санына қарай ауытқып отырды. Мысалы, 1941 жылы тамыз айының екінші жартысында қалаға 906 адам келсе, қыркүйек айының бірінші жартысында – 776, екінші жартысында – 441, қазан айының бірінші жартысында – 373, қараша айының бірінші жартысында – 61, ал екінші жартысында – 969 адам орналастырылған. Деректерге сай, Батыс Қазақстан облысына 1942 жылдың қаңтар айының екінші жартысына дейін барлығы 17320 адам эвакуацияланған. Олардың 6853-і ерлер болса, 10467-сі әйел адамдар болатын [9, 18-55-пп.]. Сонда эвакуацияланғандардың 60,4 %-ын әйел адамдар құраған.

1941 жылы Батыс Қазақстан облыстарындағы қалаларға 1941 жылдың өзінде толық емес мәлімет бойынша 56574 бала эвакуацияланған. Оның ішінде Орал қаласына 16 жасқа дейінгі 5473 бала келген [10, 24-59-пп.]. Балалар үйінің көпшілігі Харьков, Тула, Полтава, Ворошиловград, Могилев, Хотимск және басқа да қалалардан көшірілді. Алғашында жатын орын, жылы киім-кешектер жетіспеді. Орал комсомолдары қалалық білім беру бөлімімен бірлесе отырып, қысқа уақыт ішінде халық арасынан 1 мыңнан астам жылы сыртқы киім, аяқ киім жинады. Балаларды тұрақты ыстық тамақпен қамтамасыз етіп отырды.

Эвакуацияланған халықтың қатарын аймаққа көшіріліп әкелінген кәсіпорындар жұмысшылары да толықтырды. Дегенмен, соғыс жағдайында кәсіпорындардың жұмысшылар құрамын толық көшіру қиын болды. Кәсіпорындардың құрал-жабдықтарымен бірге тек біліктілігі жоғары санаулы маман-кадрлар көшірілді. Қалған жұмысшылар майданға алынды немесе тылдағы еңбекке жұмылдырылды. Мысалы, 1941 жылдың 17 қыркүйегіне дейін Қазақстан территориясына 36 кәсіпорын келсе, оның ішінде 8 кәсіпорын Батыс Қазақстан аймағына жолданған. Осы кәсіпорындармен бірге Орал қаласына – 6430 маман, инженер-техникалық жұмысшылар және қызметкерлер келген [9, 3-п.].

Келгендердің көбі Ленинград және Мәскеу облыстары мен Ленинград, Мәскеу қалаларынан, майдан шебіндегі қалалар – Курск, Орлов, Воронеж, Тульск, Ростов, Мурманск, Калинин, Смоленскіден эвакуацияланушылар құрады [11, 11-п.]. 1941 жылдың өзінде Батыс Қазақстан облысына 25 ұлт өкілдері келген екен [4, 167-б.]. Өлкемізге көптеген ұлттар мен ұлыстардың келуі жалпы халықтың, оның ішінде қала халқының этникалық құрамының өзгеруіне әкелді. Нәтижесінде, Қазақстанның көпұлтты халқының қалыптасу үдерісі жалғасты.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Орал қаласы халқының санындағы өзгерістерді төмендегі кесте мәліметтерінен бағамдауға болады. Соғыс жылдары Орал қаласы халқының саны 67 575 адамнан 66613 адамға кеміген (жалпы шығын – 962 адам) [12, 6-б.]. Ал Орал қаласынан майданға 11015 адам аттанса, майдан даласынан 5972 адам оралмаған. Орал қаласы халқының санының азаюына соғыс жылдары көшірілген халықтардың кері Отандарына оралу үдерістері де ықпал етті.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Орал қаласы халқының демографиялық ахуалы төмендегі кестеден көрінеді:

1-кесте. Ұлы Отан соғысы жылдарында Батыс Қазақстан облысы бойынша халық санының кемуі (адам).

Қала	1941 жылғы 1 қаңтардағы халық саны	Әскерге алынған халық саны	Соғыстан оралған халық саны	Жалпы шығын	1946 жылғы 1 шілдедегі халық саны	Халық санының кемуі
Орал қаласы	97575	11015	5043	-5972	66613	-962
Батыс Қазақстан облысы	395631	76635	16417	-60218	285830	-114048

Сонымен, Ұлы Отан соғысы жылдарында Орал қаласының демографиялық үдерістерін талдай келе, бірқатар қорытындылар шығаруға болады. Біріншіден, Орал өңірінің майдан шебіне жақын орналасуына байланысты мұнда ерекше демографиялық ахуал қалыптасты. Екіншіден, Қазақстанның басқа өңірлеріне қарағанда Орал өңірінен майданға көп адамның алуына байланысты халық саны қысқарды. Үшіншіден, соғыс жылдары Орал қаласы халқының этникалық құрамы үлкен өзгерістерге ұшырады.

РЕЗЮМЕ

В статье анализируется история населения города Уральск в годы Великой Отечественной войны.

The article analyzes the history of the population of the city of Uralsk during the great Patriotic war.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Всесоюзная перепись населения 1939 г.: Основные итоги. – Москва: Наука, 1992. – 254 с.
2. Боздақтар: Жинақтама том. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 480 б.
3. Боздақтар. Батыс Қазақстан облысы. – Орал, 1995. – 1-т. – 285 б.
4. **Сдықов М.Н.** Население Западного Казахстана: история формирования и развития (1897-1989 гг.). – Алматы: Ғылым, 1995. – 220 с.
5. **Козыбаев М.К.** Проблемы методологии, историографии и источниковедения истории Казахстана (Избранные труды). – Алматы: Ғылым, 2006. – 272 с.
6. **Букаткин П.Р.** Запдноказахстанцы в годы суровых испытаний. – Уральск: 2005. – 199с.
7. **Султангазиева М.Н.** К истории снабжения городского населения Казахстана в годы Великой Отечественной Войны 1941-1945 гг. // Вестник КазНУ. – 2004. – №4. – С. 91-93.
8. Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза. 1941-1945. Сборник документов и материалов. – Алма-Ата: Наука, 1964. – Т. 1. – 596 с.
9. ҚР ПМ. 708-қор, 5-тізбе, 1191-іс.
10. ҚР ПМ. 708-қор, 5-тізбе, 1188-іс.
11. ҚР ОММ. 698-қор, 14-тізбе, 251-іс.
12. Казахская ССР. Административно-территориальное деление на 1 января 1945 г. – Алма-Ата: Каз.ОГИзд., 1945. – 100 с.

«ТУРГАЙСКАЯ ГАЗЕТА» (ТУРГАЙСКИЕ ОБЛАСТНЫЕ ВЕДОМОСТИ): қазақ этнографиясы мен фольклорының үлгілері, мерзімдік басылымның тарихи дерекнамалық маңызы

Өтеген ИСЕНОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты,
А.Байтұрсынов атындағы
Қостанай өңірлік университетінің профессоры

Біз, биыл ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаға «Тургайская газета» (Тургайские областные ведомости) және қазақ этнографиясы мен фольклорының үлгілері, мерзімдік басылымның тарихи дерекнамалық маңызы» атты тақырыпты конкурсқа ұсындық.

Жоба тақырыбына қатысты Қазақ баспасөзі мен Қостанай-Торғай өңірінің өлкетану тақырыбына қатысты зерттеу мақалаларын жариялаған едік. Профессор Алмасбек Абсадықтың жетекшілігімен ұйымдастырылған «Тобыл бойы: саяхатшы И.Фальк ізімен» (2016 ж.) және тарихи-танымдық бағыттағы «Кейкі батыр ізімен» ғылыми-ағартушылық экспедициясына (2017 ж.) қатысқанбыз. Қостанай өңірінің тарихына қатысты ҚР БЖҒ министрлігі Ғылым комитетінің тізіміндегі басылымдарда, сондай-ақ жоғары-импакт факторлы журналдарда бірнеше мақалаларымыз жарияланды [1].

Тәуелсіз Қазақстан рухани жаңғыру, өрлеу жолын берік жүргізіп келеді. Сол бағыттың басты күре тамырындай болып «Рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың жеті қыры» сынды бағдарламалар қабылданды. Аталмыш бағдарламалардың бір қыры – өткен тарихты танып-біліп, халықтың сан-ғасырлар бойы жасаған рухани мұрасын елеп-екшеп, қазақстандық қоғамның кәдесіне, қажетіне жарата білу.

Халқымыздың рухани мұрасы, тарихы хатталған қымбат қазына ретінде XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, 1917 жылға дейін жарық көріп тұрған мерзімдік басылымдарды атауға болады. Қазақстан тәуелсіз ел атанған 90-жылдардан сол бір тарихи кезеңдегі басылымдарды жеке жинақ етіп шығару және оның ғылыми құндылығын саралау жұмыстары қолға алына бастады. Бұл орайда, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының қолдауымен белгілі әдебиеттанушы Ү.Суханбердинаның құрастыруымен «Дала уалаятының газеті» атты жинақ басылым бетіндегі әдеби нұсқаларды [2] және қоғамдық маңызы бар материалдарды жеке-жеке жинақтап [3], баспа бетінен жариялады. Бұл бастама үздіксіз жалғасын тауып, 1995 жылы «Айқап» журналы, «Қазақ» газеттері жеке жинақ болып шықты [4]. Қазақстандық қоғамтанушы ғалымдар газеттің қазақ тарихындағы қоғамдық-саяси маңызы жайында ғылыми зерттеулер жүргізді [5].

Қомақты жұмыстардың атқарылғанын ескере

отырып біздер 1917 жылға дейінге мерзімдік басылымдар туралы ғылыми зерттеу және оны жинақ етіп жариялау жұмыстары өз жалғасын табу керек деп санаймыз. Осы орайда, «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті», «Айқап», «Қазақ» газеттерімен дәуірі тұрғысынан замандас, тарихи және рухани, қоғамтанулық маңызы олардан ешбір кем емес, 25 жылдан астам уақыт шығып тұрған «Тургайские областные ведомости» («Тургайская газета») мерзімдік басылымды жеке жинақ түрінде хаттап, қалың жұртшылықтың игілігіне айналдыру, оның дерекнамалық маңызын саралау мәселелері кеш қалып отыр. Алдағы уақытта сол олқылықтардың орнын толықтыруды қолға алсақ деген ойымыз бар. Патша әкімшілігінің 1868 жылы қабылданған «Уақытша Ережесіне» сәйкес Орынбор өлкелік генерал-губернаторға бағынатын Торғай облысы құрылады. Торғай облысына 28 болыстан тұратын 4 уезд (Торғай, Қостанай, Ырғыз, Елек) қарады. Патшалық Ресейдің Қазақтың Ұлы даласын бірнеше әкімшілік-территориялық бірліктерге бөліп, оны икемді басқару мақсатынан туындаған мерзімдік басылымдардың бірі – «Тургайские областные ведомости» газеті. Қазақ даласының батысы мен солтүстігінің едәуір бөлігін алып жатқан ұлан-ғайыр территорияға иеленген облыстың құрылуы Орынбор әкімшілігі тарапынан орталық билікке арнайы мерзімдік баспасөзін шығару мәселесін қою мәселесін күн тәртібіне алғашқы уақыттан-ақ енгізеді [6, с.51].

Әйтсе де, орталықтың шешімі тым кешеуілдетіп, облыстың ресми басылымы 1891 жылы «Тургайские областные ведомости» деген атаумен шыға бастады. 1895 жылы газетке жексенбілік қосымша ретінде «Тургайская газета» жарық көреді. Ол 1909 жылға дейін шығып тұрды. Қосымшаның жеке басылымы болып шығуына Торғай облысы басқармасының бөгде жұрттар мәселесі туралы кеңесшісі И.И. Крафт мұрындық болып, редакторлық еткен. «Тургайская газета» қосымшасында қазақ фольклорына, этнографиясына, тарихына қатысты деректер мен танымдық мақалалар тұрақты жарияланып тұрды. Оқырманның ықыласына бөленген қосымшаның тиражы тез өсіп, оны алдымен аптасына екі рет, кейін үш рет шығару ұйғарылады. Бірақ кейін қайтадан аптасына 1 рет шығуға қайта көшеді. Газет бетінде Орынбор өлкесіне саяси көзқарасы үшін жер аударылған кісілер, жергілікті көзі ашық оқырмандар

өз жариялымдарын жариялап тұрды [7, с.90-100].

«Тургайская газетаға» қазақ этнографиясы мен фольклорына, тарихына қатысты зерттеулер мен жазбалар қалдырған А.Алекторов, Н.Ильминский, А.Добросмыслов, И.Крафт, А.Васильев сынды өлкетанушылармен қатар Х.Қаржасов, Б.Қаратаев, А.Байтұрсынұлы, Д.Беркінбаев сынды қазақ авторларының мақалалары жарияланып тұрды. Сонымен қатар қазақтың көрнекті тұлғалары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсариннің еңбектері мен өмірбаянына қатысты жазбалар, Торғай облысының әлуеметтік, қоғамдық-саяси көріністерінен хабар беретін материалдар да тұрақты түрде жарық көріп тұрды.

Газеттің бетінен қазақ тарихы мен руханиятына қатысты танымдық материалдарды жиі кездестіруге болады. Мысалы, қазақтың атақты тұлғасы, ағартушы-педагог Ы.Алтынсарин туралы деректік маңызы бар мақала «Тургайская газетаның» 1895 жылдың №34 санында жарияланады. Авторы – Ы.Алтынсаринмен бірге Орынбор орыс-қазақ мектебінде бірге оқыған Хамза Қаржасов. Мақала «Из воспоминаний о султанах Ахмеде Джантюрине» деп аталады. Онда автор правитель-султан Ахмет Жантурин Алтынсары баласы Ыбырай, автордың өзі мен ағасы, сұлтанның молдасы Хисаметдиннің екі ұлы және олардан да өзге 20 қазақ баласын Орынбор орыс-қазақ мектебіне оқуға жібергенін, оны бітірген балалар түрлі қызмет атқарып жатқанын айта келе, марқұм Ы.Алтынсарин Торғай облысының инспекторы дәрежесіне дейін көтерілген еді деп еске алады [8, №34].

Газет қазақ тарихына да көңіл аударып, басылымның бетінде Әз-Тәуке хан қабылдатқан «Жеті жарғы» туралы «Законы хана Тявки» атты танымдық мақала, қазақ тарихы туралы зерттеу жұмысын жүргізген А.Добросмысловтың еңбектері туралы анықтамалық хабар, қазақ тарихы мен руханиятына қатысты жарияланған кітаптар туралы библиографиялық хабарламалар да беріліп отырды.

«Тургайская газетаның» руханият тұрғысынан маңызы саласының бірі – қазақ фольклоры мен этнографиялық жазбаларының тұрақты түрде жарияланып тұруы. Басылым бетінде Әбілқайыр, Абылай хан, Шақшақ Жәнібек батыр туралы аңыз-әпсаналар, ертегілер мен хикаяттар, эпостық жыр үлгілері, мақал-мәтелдері, қазақтың әдет-ғұрпы, емшілік істері жайында көптеген этнографиялық жариялымдар басылып шықты. Айталық, газеттің 1895 жылғы №39 санында Алаш қозғалысының көрнекті тұлғасы А.Байтұрсынұлының «Киргизские приметы и половицы» атты мақаласы жарияланады. Газет 1895 жылдың №25 санында далалық өлкелерде тұратын өз тілшілеріне қазақ арасынан ауа-райы туралы болжам сөздерді жазып алып, түпнұсқада немесе орыс тіліне аударып жіберулерін сұрайды. Газеттің бұл бастамасына А.Байтұрсынұлы үн қатып, қазақтың күн райына қатысты айтылатын 36 түрлі болжам сөзін басылымға жолдайды [9, №39]. Бұл мақала А.Байтұрсынұлының тырнақалды туындысы және қазақтың ауа-райын болжау ырымына қатысты туындаған мақал-мәтелдердің рухани таным кеңестігіндегі мән-маңыздылығымен құнды. **Тарихи аңыздарды зерттеуші профессор Алмасбек Әбсадық қатысқан «Ахмет Байтұрсынұлы ізімен: Орынбор кезеңі» ғылыми экспедициясы барысында А.Байтұрсынұлының аталмыш мақаласы 125 жылдан кейін Орынбор архивінен алынып, тұңғыш рет баспа бетінде жарияланды [10, 142-147 б.].**

А.Байтұрсынұлы ұсынған мақал-мәтелдердің бүгінгі таңда өзгеріске ұшырағанын аңғарамыз. Мысалы, қазіргі күні айтылып жүрген «Күн қораланса, күрегіңді сайла, Ай қораланса, айырыңды сайла» деген мәтел сөз А.Байтұрсынұлының мақаласында «Күн қораланса, күрегіңді сайла, ай қораланса арысыңды сайла» деп беріліп, ондағы «арыс» деген сөз түйе жануарына қатысты айтылғанын байқаймыз. Бұл тұрғыда автор былай деп баяндайды: *«Если появляется солнечный круг, то запасайся лопатами; если появляется лунный круг, то запасайся верблюдами». Это значит, что круг солнца превращает глубокий снег, из под которого придется лопатами добывать корм для скота; круг же луны превращает суровую зиму, когда приходится искать другой местности, где зима для скота благоприятные»* [11, №39].

А.Байтұрсынұлының мақаласы жарияланған аталмыш номерде Торғай облысының оқу-ағарту жүйесіне басшылық жасаған А.Алекторовтың «Құрманбай» атты мақаласы жарық көреді. Онда ол Кеңарал болысы «Қарағайлы» орманын жайлайтын атақты өнші, жыршы Құрманбай туралы баяндайды. Автор жыршы Құрманбайдың өнері туралы таңдана, тамсана отырып баяндайды [11, №39].

Басылым Торғай облысы территориясындағы топонимикалық атауларға, ескі қорғандар мен мекендерге де көңіл бөліп отырды. Газеттің 1895 жылдың №26 санында жоғарыда аталған автор Хамза Қаржасовтың «Происхождение слов «Аман-карагай», «Наурум», «Тырсек», «Толагай теппе», «Данабике», «Сары-Мюнь» [12, № 26], ал сол сол жылдың № 38 санында Торғай облысы Елек (Ақтөбе) уезі басшысының кіші көмекшісі Дербісалды Беркінбаевтың «Древние развалины и курганы в Киргизской степи» [13, №38] атты мақаласы жарық көреді. Х.Қаржасов ұсынған топонимикалық әпсана Данабике сұлу мен Сарымойын батыр арасындағы ғашықтық сезімін баяндай отырып, Қостанай өңіріндегі бүгінгі таңға дейін сақталып келген жер-су атаулардың шығу тегін аңыздайды. Ал Д.Беркінбаевтың мақаласы бір-ғыз өңіріндегі ескі қоныстар мен қорғандар туралы баяндайды. Онда Әбілқайыр ханның бейіті жайында дерек бар. **Мақала авторы Өлкейлік өзенінің оң жақ жағалауына жерленген «Хан моласына» белгі қойылғанын, бірақ ондағы жазулардың өңіп кеткені сонша, оны оқу мүмкін еместігін және белгіде балта, қылыш, қанжар бейнеленгенін жазады.** Сонымен қатар автор Тамды өзенінің атауы сол өзеннің бойына қойылған бейіттен, яғни «тамнан» бастау алатынын айтады. Ол «там» ертедегі татар батыры Орманбеттің қызы Кенжебекке қойылған белгі деп баяндайды [13].

Мұндағы «ертедегі татар батыры Орманбет» деп отырған кейіпкер Ноғайлы Ордасының күйреуі туралы түркілік жыр-аңыздарға ортақ Орманбет би екені даусыз. **«Орманбет би өлген күн, Ор орманы күйген күн, Он сан Ноғай бүлген күн» деп басталатын жыр жолдары көптеген түркі халықтарында сақталғаны белгілі.** Бұл тұста Ноғай халқының фольклорында «Данабике» атты жыр, қазақ арасындағы Едіге батыр жырының бір нұсқасында Тоқтамыс ханның әйелінің аты Данабике екенін, қарақалпақ жыр-аңыздарында Орманбет би өлген соң одан ұл қалмай, қыз қалып, ел-жұрт сол Ақшолпан есімді қыздың бастауымен шығысқа қарай қоныс аударғанын атап өткен жөндеп санаймыз [14, с.167]. Мақалада аталып отырған татар Орманбет батырдың қызына соғылған бейіт (там)

түркі халықтарына тараған ортақ сарындардың бір жаңғырығы деп тануға болады.

«Тургайская газета» қосымшасында жарияланған материалдардың ең кесекті, үлгілі тұрлеріне шолу жасалған ықсаша сипаттама басылымның қазақ руханияты мен тарихында өзіндік орны бар мерзімдік баспа болғанын көрсетеді.

Қорыта келе айтпағымыз, **біріншіден**, «Тургайская газета» («Тургайские областные ведомости») мерзімдік басылымының тарихи деректік маңызы бар материалдарды, қазақ фольклоры мен этнографиясының үлгілері жариялымдарын ғылыми тұрғыдан зерделей және оны жеке жинақ етіп баспа бетінен шығару арқылы Ұлы Даланың тарихи-рухани мұрасын зерттеушілердің дерекнамалық базасының елкетанушылық компонентін арттыруға көмектеседі;

Екіншіден, «Рухани жаңғыру» бағдарламасынның өзегі болып табылатын ұлттық кодпен тарихи сананы қалыптастыратын халық қазынасын ел мұратына жаратуға жәрдемдеседі;

Үшіншіден, қазақ руханиятының озық үлгілерін әлемдік ғылыми айналымға қосылуына септігін тигізеді;

Төртіншіден, Жобаны жүзеге асыру қазақ тарихы, фольклоры мен этнографиясы мәселелеріне отандық, сондай-ақ шетел ғалымдарының ерекше назарын аударуға жол ашады;

Бесіншіден, жобаның әлеуметтік және экономикалық нәтижесі әлемнің дамыған демократиялы мемлекеттерінің қатарынан орын алуға ұмтылған тәуелсіз Қазақстанның мәдени базисін байытатын ғылыми зерттеулер қатарын толтыру ретінде көрініс табады;

Алтыншыдан, аталмыш жобаның Қазақстанда баламасы бар, бірақ дәл осы «Тургайская газета» мерзімдік басылымы туралы мұндай қолданбалы зерттеу жұмысы бүгінге дейін қолға алынбады.

Жетіншіден, Қазақстанның сыртқы аймағында да мұндай жоба жүзеге асырылмаған.

РЕЗЮМЕ

«Тургайская газета» (Тургайские областные ведомости) и образцы казахской этнографии и фольклора, историческое источниковедческое значение периодического издания.

The `Turgayskayagazeta` (Turgay regional vedomosti) and samples of Kazakh ethnography and folklore, historical source-study significance of the periodical publication.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Исенов О., Дулатов Б.** Общественный деятель Дербисали Беркимбаев (1883-1913). // Материалы Международной научно-практической конференции, посвященной памяти видного общественно-политического деятеля Дербисали Беркимбаева: сборник докладов. – Жітіқара, 2013. – (С. 84 - 96.); Исенов Ә.И. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясындағы жарияланған – тарихи еңбектер хақында // «Қазақстан Республикасы және Еуразия кеңістігі: Қазіргі заман мен даму келеші»: атты Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы. – Астана, 2016. – (144-148-бб.); «Қазақ» газеті: ұлт мүддесі. // Қазақ тарихы ғылыми-әдістемелік журнал. – 2019. – №3. – (22-23-бб.); Өтеген Исенов. Жер мәселесі және Ахмет Байтұрсынұлы (Мұрағат деректері бойынша) // Қазақ тарихы ғылыми-әдістемелік

журнал. – 2019. – №7. – (39-41-бб.); Өтеген Исенов. Торғайдағы 1916 жылығы көтеріліс: жүзбасы Қайранбай Малшыұлы. // Қазақ тарихығылыми-әдістемелік журнал. – 2020. – №5 (182). – (16-18-бб.).

2. Дала уалаятының газеті (1895-1898). – Алматы: Ғылым, 1990. – 626.; Дала уалаятының газеті (1899-1902). – Алматы: Ғылым, 1992. – 576 б.

3. Дала уалаятының газеті (1888-1902). – Алматы: Ғылым, 1994. – 816 б.

4. «Айқап» (Құрастырушылар: Ү.Субханбердина, С.Дәуітов). – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. – 367 б. «Қазақ» газеті / Құрастыр.: Ү.Сұханбердина, С.Дәуітов, Қ.Сахов. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 б.

5. **Әбдіманов Ә.** «Қазақ» газеті. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 168 б.; Атабаев Қ. Мерзімді басылым XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының дерегі ретінде: Монография. – Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1998. – 192 б.; Галиев В.З. Казахстан на страницах дореволюционной печати: Сибирская газета, Тургайская газета – Алматы: 2001. – 186 с.

6. **Прокофьева А.Г., Прокофьева В.Ю.** Литературная жизнь Оренбургского края во второй половине XIX века: краеведческие материалы. – Оренбург: Издательские решения, 2016. – 166 с.

7. **Альжанова А.Б.** Западная публицистика в период царизма. / Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 122 с.

8. Тургайская газета. – 1895. – №34; Исенов О.И., Козыбаева М.М. Школа для казахских детей» при Оренбургской комиссии и ее первый выпускник ЫбрайАлтынсарин // Сборник докладов международной научно-практической конференции «Дулатовские чтения–2010», посв. 125-летию со дня рождения М.Дулатова, 19 ноября: в 6 Ч. – Костанай: Костанайский инженерно-педагогический университет, 2010.– Ч. 6: Педагогические науки.– С. 194-196.: **Исенов, Ә.И.** Ыбырай Алтынсарин – оқу-ағарту ісінің негізін салушы (1841-1889) // Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің Хабаршысы. Педагогика ғылымдар сериясы. – 2011. – №4 (49). – 131-137 б.: **Исенов Ә.И.** Ыбырай Алтынсарин – ағартушылық жаршысы // «Профессор Н.Ф.Катанов және түркітану мәселелері»: атты халықаралық ғылыми теориялық конференцияның материалдары, 30-31 мамыр. Батыс Қазақстан гуманитарлық академиясының Хабаршысы. – 2012. – № 2 (19). –76-82 б.

9. **Байтұрсунов А.** Киргизские приметы и пословицы // Тургайская газета. – 1895. 24 сентября. – №39.

10. Орынбордан табылған олжа // XXI ғасырдағы Алаштың Ақжолы. / Құраст. Амантай Шәріп, Азамат Мәуленұлы. – Алматы: «ARNA-B» баспасы, 2019. – 304 б. – (234-238); Алмасбек АБСАДЫҚ. https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=942926952784922&id=100012028781359

11. **Алекторов А.** Курманбай // Тургайская газета. – 1895. 24 сентября. – №39.

12. **Карджасов Х.** Происхождение слов «Аман-карагай», «Наурызум», «Тырсек», «Толағай теппе», «Данабике», «Сары-Моюнь» //Тургайская газета. – 1895. - №26.

13. **Беркинбаев Д.** «Древние развалины и курганы в Киргизской степи» // Тургайская газета. – 1895. – 17 сентября. – №38.; Алмасбек АБСАДЫҚ. Жапандағы жалғыз тал: Баһадүр Әбілқайыр хан.//http://taisoigan.kz/tarikh-iketanu/article_post/zhapandagy-zhalygz-tal-bahadyr-abilk-ajyr-han24.08.2020 жыл.

14. **Толстова Л.** Исторический фольклор каракалпаков как источник для изучения этногенеза и этнокультурных связей этого народа //Этническая история и фольклор/ Отв. ред. Р.С.Липец. – Москва: Наука, 1977. – 268 с.

15. Материалы по этнографии киргиз Тургайской области. Сказки, былины, легенды, предания, басни и анекдоты. Приложение к Тургайской газете за 1898 г. – Оренбург, Типо-литография П.Н.Жаринова, 1898 г.

БАТЫРЛАР ЖЫРЫНДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ КОНЦЕПТІЛЕРДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗІ

Ә.АХАНТАЕВА,
ҚазҰАУ-дың қауымдастырылған профессоры,
тарих ғалымдарының кандидаты,
Г.АХАНТАЕВА,
педагогика ғылымдарының магистрі

Қазақ халқы ежелден тәрбиеге үлкен мән берген. Бір ауыз сөзге тоқтаған, сөздің қадірін білген қазақ халқы ұл-қызын елін сүюге, жерін қастерлеуге, ерлік пен батырлыққа бауырмалдыққа, мейірімділікке өзінің би-шешендері, ақын-жыраулары, жыршылары, ғұлама ғалымдарының сөздері арқылы тәрбиеледі. Жас ұрпақты елжандылыққа, отансүйгіштікке, ерлікке, Отан үшін қасық қаны қалғанша шайқасуға, қызмет етуге тәрбиелеуде көркем-әдеби шығармалар үлкен рөл атқарады.

Қазақ батырлар жырының педагогикалық маңызы ол болашақ педагогтардың тарихи санасын қалыптастыра отырып, олардың тілдік білімін де тереңдетуге және тіл мен тарихтың тығыз байланысын тануына, сол арқылы ұлттық санасының дамуына септігін тигізуінен көрінеді. Бүгінгі таңда білім мен тәрбие беруде тұлғаның бәсекеге қабілеттілігін, мәдени ментальділігін дамытуға ерекше мән беріліп отыр. Осыған байланысты оқу үдерісі елін, туған жерін, Отанын сүйетін, мемлекеттік рәміздерін қастерлейтін тұлға қалыптастыруға бағытталады. *«Отансүйгіштік тәрбие берудегі басты мақсат жеке тұлғаның бойында рухы мықты, адамгершілік нормаларды бойына сіңірген, отансүйгіштік қасиетті қалыптастыру болып табылады»* [1, 84 б.], – дей келе А.Қ.Дүйсенбаев болашақ тұлға тәрбиесіндегі батырлар жырының, ондағы батырлардың қаһармандық бейнесінің рөлі педагогика ғылымында ескерілмей келе жатқандығын айтады [1]. Ғалым Ж.Н.Қалиевтің *«Халық педагогикасы құндылықтары негізінде оқушыларға патриоттық тәрбие беру (5-9-сыныптардағы гуманитарлық пәндер негізінде)»* атты ғылыми зерттеуінде адамгершілік танымның маңызды компоненті патриотизм идеясы тұлғаның құндылық бағыты болып табылады және ол адамның өзіне, басқа адамдарға Отанға саналы қатынасын айқындап, тұлғаның *«адамгершілік танымның даму деңгейін сипаттайды, патриоттық ұстанымын айқындайды»*, – дейді [2, 25-б.].

Философ ғалым А.Айталы *«Ұлттану»* атты ғылыми монографиясында жастар тәрбиесінде ұлттық патриоттықтың алар орны ерекше екендігін айтады. Ол мемлекет, мәдениет, ұлттық менталитет, дін, тәрбие мәселелері мен патриотизмді жас ұрпақ бойына сіңірудегі этномәдени құндылықтардың қызметін талдап көрсетеді. Ғалымның пайымдауынша, *«ұлттық рух, дәстүр, мұра, қаһармандық ерлік салтын қастерлеп, дәріптеу*

– ұлттық идеяның басты көзі болып табылады. Сонымен бірге ол елдің өзге өркениеттер арасында алатын орны бар, өзінше дербес өркениет деген пікірді орнықтырып, нығайта түседі» [3, 81-б.].

Ғалым Р.Н.Кенжебаева *«Оқыту үрдісінде халық педагогикасы арқылы оқушылардың атамекенге сүйіспеншілігін қалыптастыру»* деп аталатын зерттеуінде орта мектепте жаратылыстану пәндерін халық педагогикасымен сабақтастырып оқыту негізінде оқушыларға атамекенге сүйіспеншілік тәрбие беру жолдары қарастырылған. Ғалым атамекенге сүйіспеншілікті қалыптастыруды ауқымды педагогикалық іс-әрекет деп біліп, халық педагогикасының негізінде оқушыларды сапалы біліммен сусындатуға, іскерлік пен дағдыға баулуды, олардың шығармашылық қабілетін дамытуға, елді қадірлеу, сүю, көркейту сияқты қасиеттерге жетелеуге болады деп есептейді. Ғалым еңбегінде халық педагогикасының маңызын, атамекенді сүю арқылы Отанға сүйіспеншілігі арта түсетіндігін айтады және мұны Отансүйгіштікке тәрбиелеудің құрамдас бөлігі ретінде түсіндіреді [4, 12-б.].

А.Н.Иманбетов өзінің *«Қазақ этнопедагогикасы негізінде студенттерге патриоттық тәрбие беру»* атты кандидаттық диссертациясында студенттерге патриоттық тәрбие беруде этностық ерекшелік, халықтың тарихы мен мәдениеті, елдің батыр ұл-қыздарының ерлігіне оқу үдерісінде мән беріп отыру керектігін айтады. Ол студенттерге ұлттық патриоттық тәрбие беру негізі этнопедагогика ғылымында жатыр деп біледі. Өзінің еңбегінде ұлттық патриотизм мәнін ашады: оның ойынша патриот ұлтын шексіз сүюі, ұлттық идеологияны құрметтеуі, ұлттық менталитет туралы білімді болуы, өз ұлттық тіліне, дініне берік болуы, ұлттық салт-дәстүрді білуі, ұстануы, қазақ этнопедагогикасы негізінде білім алуы керек [5].

А.Ә.Бисембаева *«Жоғары сынып оқушыларына қазақтың батырлық эпосы арқылы отансүйгіштік тәрбие беру»* атты ғылыми еңбегінде жас ұрпақты тәрбиелеуде батырлар жырының орны ерекше екендігін, жоғары сынып оқушыларын тәрбиелеу жүйесінде қазақ эпосы адамгершілікке тәрбиелеуде, патриотизмге баулуда негізгі құрал екендігін, ал жырдағы эпикалық образдар жоғары сынып оқушыларына ұлттық мұра мен ұлттық дүниетанымды көрсете отырып, Отанына қызмет етудің үлгісін ұсынатындығын айтады. Батырлар жырларындағы

қазақ батырларының бейнесі арқылы жоғары сынып оқушыларын елжандылыққа тәрбиелеуде түрлі мәселелердің шешімін табуға тырысады [6, 23-б.].

Ғалым Б.Сүлейменова «Бастауыш сынып оқушыларын қазақ батырлар жыры арқылы адамгершілікке тәрбиелеу» деп аталатын диссертациялық жұмысында бастауыш сынып оқушыларының оқу-тәрбие үрдісінде батырлар жырын адамгершілікке тәрбиелеудің маңызды құралы деп түсіндіреді. Оның ойынша, батырлар жырынан «қазақ халқының ерте ғасырлардан келе жатқан тұрмыс-тіршілігі, тарихы, адамгершілік-адамдық қасиеттері, моральдық-этикалық қарым-қатынасы, тағылымдық ой-пікірлері, мәдениет үлгілері көрініс тапқан. Қазақ батырлар жырының мазмұны оқушыларға туған жерін, елін сүйуге, адамдармен мейірімді қарым-қатынаста болуға үйретеді» [7].

Ә.С.Балапанова «Батырлық эпосы материалдары негізіндегі қазақтың мәдениет және тарих мәселелері: тарихи-статистикалық талдау («Қобыланды батыр» эпосы мысалында, т.б.)» атты диссертациясында қазақ эпостық жырларын нақты тарихи жырлар деп біліп, ондағы басты кейіпкерлердің бәрі, Алпамыс, Қобыланды, Едіге, Ер Тарғын, т.б. нақты, тарихи тұлғалар болған деп түсіндіреді. Барлығы нақты, тарихи тұлғалар болды деп айту артықтау болар, дегенмен ғалым бұл батырлар мемлекеттің қалыптасуына, елдігін сақтап қалуға ат салысқан, тәуелсіздік үшін күрескен ерлер болды деп баға береді, олардың отансүйгіштік өр мінезіне тәнті болады [8, 35-б.].

Филолог Б.У.Азибаева «Қазақтың дастандық эпосы» атты диссертациясында дастан жанрын зерттеп, батырлық дастандарда батырдың ең алдымен, тұлғалылығы мен ерлігіне, халқы үшін жанын пайда қылуға дайын тұратындығына, еліне адалдығына үлкен мән беріледі [9, 3-б.].

А.Қ.Дүйсенбаев өзінің «Қазақ батырларының қаһармандық бейнесі арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің педагогикалық шарттары» атты кандидаттық диссертациясында батырлар жырына, батырлардың қаһармандық бейнесіне, олардың халық ауыз әдебиетінде, тарихта, көркем шығармаларда сомдалуына отансүйгіштік тәрбие берудегі баға жетпес құрал ретінде баға беріледі. Оның ойынша, қазақ батырының бойынан батырға тән «қаһармандық қасиеттердің жиынтығы, азаматқа тән адамгершілік қасиеттер де, отағасына тән «сегіз қырлы, бір сырлылық» та, шешенге тән дуалы сөзділік те, данаға тән білгірлік те, биге тән көсемдік те, әулиеге тән көрегендік те табылады. Сөзіміз дәлелді болу үшін Ер Төстіктің қаһармандығын, Бекет атаның бойындағы әулиелігін, Исатай батырдың ел бастаған билігін, Б.Момышұлының ерлігін айтуға болады», – дей келе қазақ батырының тұлғасына тән қасиеттерді көрсетеді. Олар: қазақ батырының дене бітімі ірі денелі, ер тұлғалы, қыр мұрынды, өткір көзді, арыс кеуделі, кең йықты, жауырыны қақпақтай, т.б., қас жауына айбарлы, қаһарлы, сұсты, рухты, өжет, айналы, айбынды, арлы, қырағы, жігерлі, епті, аруақты, т.б., ал жақындарына мейірімді, өнерлі, шебер, бауырмал, ойлы, тазалық сүйгіш, кешірімді, ұқыпты, шыншыл, парасатты, сыйлы, адал, қарапайым, бір сөзді, ұстамды, шыдамды, жаны таза, рухы биік, кішіпейіл, шын, кіршіксіз сүйе білетін, т.б.

Ғалым қазақ батырының бейнесін қазіргі ұлт мектебінің оқу-тәрбие үрдісіндегі орнын былайша түсіндіреді: «жеке тұлғаның әлеуметтану барысындағы отансүйгіштік тәрбиенің құрамдас бөліктері «мінезі», «дене пішіні, бет-келбеті», «ерекше қасиеттері», «ұстанымы, ұраны» бүгінгі жас ұрпақтың отаншылдық рухын жетілдірудің алғышарттары екенін айтуға болады. Сондай-ақ орындалған ғылыми-педагогикалық еңбектер зерттеу барысында бүгінгі педагогикадағы мектеп оқушыларына батырлардың қаһармандық бейнесі арқылы отансүйгіштік тәрбие беру мазмұнын, мақсат-міндеттерін айқындап, оның ғылыми-педагогикалық мәнін теориялық тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді» [1, 30-35-б.].

Этномәдени құндылықтарды, яғни халық ауыз әдебиеті қазақтың ұлт болып қалыптасуының «отансүйгіштік негіздегі тарихнамасы» деп айтуға болады [1, 62-б.]. «Батырлар жыры – халықтың өткен өмірінің жанды көрінісі. Оның күші – халық мүддесін қорғайтын рухында, қоғамның ілгері басуына қажет қасиеттерді адам санасына, жүрегіне сіңіре білуінде. Сондықтан да батырлар жырының әлеуметтік, мәдени, тәрбиелік маңызы орасан күшті» [9, 7-б.].

Қазақ халқының ауыз әдебиеті – жас ұрпақты мінез-құлық, адамгершілік қағидаларына, туған жерін қадірлеуге, отансүйгіштікке, бауырмалдыққа, мейірімділікке, адалдыққа тәрбиелейтін тәрбие құралы. Қазақтың халық педагогикасының басты мақсаты – ержүрек, адал, ақылды, алғыр, тапқыр, өнерлі, т.б. ұрпақ тәрбиелеу.

Қай елдің болмасын фольклоры ұрпақтың адамгершілік қағидаларымен қалыптасуына үлкен мән береді. Сонымен қатар, туған жерін, елін сүйуге, ет жақын бауырларын (қазақ батырының ет жақын бауыры – бар қазақ) құрметтеуге, қас пен досты ажырата білуді, жақсы мен жаманның парқын білуді үйретеді.

Елін қорғар ерлер көп болсын деген халықтың арманы, ойы-тілегі Отанды қорғау, батырлық, ерлік туралы шығармаларды дүниеге алып келді. Осы шығармалардың өр рухы негізінде тәрбиеленген ұрпақ туған жердің қасиетін түсінетін, елінің қадірін білетін ер болып өсері анық. Ерлік жасау бұл тек елін, жұртын сүйген ердің ғана қолынан келеді. Батыр – тек қара күш иесі ғана емес, ақылы мен айналасы қатар жүретін тұлға. Батырлар жырында батырдың ерекше жаратылған қасиеттілігі басты назарда болады.

Фольклорға сусындап, жыр, мақал-мәтел, жұмбақ, ертегілерді, т.б. жаттап өскен баланың ой өрісі жетіліп, ойлау жүйесі, есте сақтау қабілеті дамып, қиялы шарықтап, арман-мұраты биіктеп, жақсылық пен әділдіктің жеңіске жетуіне тәнті болып, батыр туған ерлердің ерлік ісіне куә болып өздерінің алдына еліктеуге әбден болатын образ тудырады.

Халық ауыз әдебиетіндегі қазақ батыры ерекше жағдайда жаратылған, көзсіз ерлік жасауға дайын, туған-туысқа мейірімді, хас сұлудың өзі сүйген жары, қиналғанда жанынан табылатын адал дос, айнымас серік ерекше тұлпарының болуы.

Қазақтың халық ауыз әдебиеті, соның ішінде батырлар жыры ерлікпен қатар эстетикалық талғам мен сұлулықты дәріптейді. Бұл жас ұрпақты мағынасыз ерліктен, яғни ақымақтықтан сақтандырады, ішкі жан сұлулығы мен сыртқы сымбатының үйлесімді дамуына жол ашады.

Батырлар жырындағы батыр бейнесі оқушыға ерлікті сүйіп, қызығып, өмірді тануына көмек береді. Батырлар жырында суреттелген, аты аталған туған жер, табиғат, батырдың оған көзқарасы, батырдың елдің елдігі үшін күресі, жүріс-тұрысы, киген киімі, мінген атының әбзелдері, оның бапталуы, қару-жарағы, сауыт-сайманы, халықтың тұрмыс-тіршілігі жас ұрпақтың ата-баба өмірін білуге мүмкіндік береді.

Жастарға батырлар жырын жырлағанда жыршының батыр ерлігін сипаттағанда арқаланып отырып, музыкалық аспап сүйемелдеуімен, өз тарапынан экспрессивті-эмоционалдық бояуды қосып қосып жіберуі кітап беттерінен оқығаннан анағұрлым әсерлірек болары сөзсіз. Сондықтан да, болашақ қазақ ұрпағы үшін қазақ тілі мен әдебиеті маманының үйренері, білері тым көп-ақ.

Жоғарыда аталған этномәдени, лингвомәдени лексиканы терең білу болашақ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің тілдік деңгейін, шешен сөйлеу қабілетін арттырады.

Қазақ ұлтының мәдениеті үшін ақиқат дүниедегі ерекше мәні бар этномәдени және ономастикалық концептілер – ментальды ұлттық ерекшеліктерді танытатын күрделі құрылым. Мәдениеттанымдық, дәлірек лингвомәдениеттанымдық бағытты ұстана отырып, эпос тіліндегі этномәдени концептілерді студенттің тарихи уақыт, кезең, этностық құндылықтар жүйесі, әлеуметтік көзқарас, мифтік дүниетаным, ұлттық-мәдени стереотиптер төңірегіндегі білімін жетілдіре түседі.

Эпикалық этномәдени концептілер (мәселен, «батыр» концептісі) ұлттық санада, этнос мәдениетінде, фольклорда, әдебиетте, театрда, т.б. жерлерде көрініс табады. Ал қазақ тілі мен әдебиеті маманының бұл мәселелерде де айтар сөзі, өзіндік пікірі болғаны абзал. Сол себептен де эпикалық этномәдени концептілерді оқытудың да өзіндік маңызы бар. Концептілер бойынан көп қабатты этникалық ментальдық түсініктер мен ұлттық дүниетаным белгілері табылады, ал оларды оқытудың маңызы студенттің этномәдени құзіреттілігін дамытады.

Кез келген пәнді меңгерту барысында педагогика ғылымы жүйелілік, тұлғалық, қызметтік, диалогтық, мәдени, этнопедагогикалық, антропологиялық тұрғыдан оқыту секілді әдіснамалық ұстанымдарды негізге алады. Жүйелілік әдіснамалық ұстанымы бойынша бір-бірімен тығыз байланыстағы өзара сабақтас компоненттер оқу үдерісіндегі субъектілер (педагог пен оқушы), білім мазмұны (жалпы, базалық, кәсіби), оқу үдерісінде пайдаланылатын әдіс-тәсілдер, ұстанымдар, технологиялар және материалдық құралдардан тұрады. Олардың барлығы бірігіп, білім мен тәрбие беруді көздейді.

Этнопедагогикалық әдіснамалық ұстанымы бойынша кез келген адамның белгілі бір этносқа жататыны ескеріледі, сол этностың рухани құндылықтарын оқу үдерісінде пайдалана отыруды көздейді. Батырлар жырындағы этномәдени және ономастикалық концептілерді оқытуда ұстанатын басым бағыт осы болып табылады. Бірақ педагогикалық үдерісте тек бір бағытты, ұстанымды ұстау өрескел қателік, барлық ұстанымдар, қағидалар, заңдылықтар естен шықпағаны, назардан тыс қалмағандығы абзал.

Бүкіл ғылым салалары адам туралы, адам игілігі үшін адам өмірімен, қажеттілігімен байланысты болып келеді. Антропологиялық әдіснамалық ұстаным

мақсаты – педагогикалық үдерісте бүкіл адам туралы ғылымдарды негізге алу, яғни ұсынылып отырған білімнің студент үшін маңызы болуы, қоғам үшін өзекті болғаны керек.

Бұл әдіснамалық ұстанымдар бір-бірімен тығыз байланыста, сабақтастықта қолданылып, оқу үдерісін сапалы етуге бағытталады.

Әр пәннің теориясын өтумен қатар, педагог ұстаз оны тәжірибемен байланыстырып отыруы керек. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің кәсіби даярлығы жалпы тіл білімі, қазақ тіл білімі, әлем әдебиеті, қазақ әдебиеті, әлемдік шедеврлер (өнер), педагогика, әдістеме, психология, тарих дін, этнография, т.б. пәндермен, ғылым салаларымен тығыз байланысты.

Батырлар жырындағы этномәдени және ономастикалық концептілерді оқытуда басты бағыт ретінде ғылымилық ұстанымы негізге алынады. Батырлар жыры, ондағы танымдық мәліметтер, концептілердің ұлттық ментальдық таным тұрғысынан білім беруі, т.б. мәселелер ғылыми тұрғыда түсіндіріліп, студенттердің де өз бетінше ізденуіне жағдай жасалынады. Жалпы, бүкіл оқыту үдерісі, оның ішінде қазақ тілін оқытуда ғылыми негізге сүйене отырып жүргізіледі.

Қорыта келгенде, жоғарыда қарастырылған оқытудың дидактикалық ұстанымдары қазақ батырлар жырларындағы этномәдени және ономастикалық концептілерді меңгерудің педагогикалық негіздері. Оқу үдерісінде ұтымды дидактикалық ұстанымдар мен тиімді әдіс-тәсілдерді таңдап алу жоғары нәтижеге жетелейді. Басшылыққа алынған ұстанымдар мен әдіс-тәсілдер студент білімінің берік болуына әсер етті, шығармашылық белсенділігін оятты, студенттің кәсіби құзіретін жоғарылатады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Дүйсенбаев А.Қ.** Қазақ батырларының қаһармандық бейнесі арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... дис.: 13.00.01. – Атырау, 2006. – Б. 155.
2. **Қалиев Ж.Н.** Халық педагогикасы құндылықтары негізінде оқушыларға патриоттық тәрбие беру (5-9-сыныптардағы гуманитарлық пәндер негізінде): пед. ғыл. канд. ... автореф.: 13.00.01. – Астана, 2005. – Б. 27.
3. **Айталы А.** Ұлттану: оқу құралы. – Алматы: Арыс, 2000. – Б. 221.
4. **Кенжебаева Р.Н.** Оқыту үрдісіндегі халық педагогикасы арқылы оқушылардың атамекенге сүйіспеншілігін қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... автореф.: 13.00.01. – Шымкент, 2005. – Б. 26.
5. **Иманбетов А.Н.** Қазақ этнопедагогикасының негізінде студенттерге патриоттық тәрбие беру: пед. ғыл. канд. ... автореф.: 13.00.01. – Қарағанды, 2007. – Б. 30.
6. **Бейсембаева А.А.** Патриотическое воспитание старшеклассников средствами казахского героического эпоса: автореф. ... канд. пед. наук: 13.00.01. – Алматы: АГУ, 2004. – С. 25.
7. **Сүлейменова Б.** Бастауыш сынып оқушыларын қазақ батырлар жыры арқылы адамгершілікке тәрбиелеу: пед. ғыл. канд. ... автореф.: 13.00.01. – Алматы, 2006. – Б. 27.
8. **Балапанова А.С.** Проблемы истории и культуры казахов по материалам героического эпоса: историко-статистический анализ (на примере эпоса «Кобланды-батыр и др.»): автореф. ... канд. ист. наук: 07.00.02. – Алматы: Казахский национальный технический университет, 1999. – С. 28.
9. **Азибаева Б.У.** Казахский дастанный эпос: автореф. ... докт. филол. наук: 10.01.09. – Алматы: Институт литературы и искусства, 1998. – С. 53.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АЙТЫС ӨНЕРІ

К.СЕРІКБАЕВА,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік университетінің аға оқытушысы
(Шымкент, Қазақстан)

Айтыс – қазақтың халық ауыз әдебиетінің әлеуметтік жүгі мол, кең өрісті үлкен бір саласы. Ол – суырыпсалма ақындық өнердің жемісі. Жазба әдебиет қалыптаса қоймаған көшпелі елде айтыстың эстетикалық әсері де ерекше. Мұның үстіне қолма-қол суырып-салып айтатын тапқырлық, өткірлік мазмұнымен де дараланады.

Айтыс – синкреттік жанр. Ол ауыз әдебиетіндегі батырлық жырларымен тығыз байланысты. Бұл екеуінің ертеден тұрмыс-салт өлеңдерінен бастау алатынын Мұхтар Әуезов атап айтқан [1].

Батырлық жырлардағы әрқилы «жар-жар», айтыс-қағыс үлгілерін, алуан сөз тартысы мен пікір-таластарын сипаттайтын диалогтарды да атауға болады. Айтыстың ерекше дамыған кезі XIX ғасырдың екінші жартысы. Бұған сол тұстағы әлеуметтік өмірдің дамуы басты себеп болды. Айтыс – қазақтың байырғы төл сөзі, ежелден айтысу, сөз жарысы, өнер бәсекесі ұғымында қолданып келген.

Екі адамның бетпе-бет келіп өнер жарыстырып бәсекеге түсуі қара сөз арқылы да (шешендік даудамай), белгілі бір аспапта кезектесіп күй тартысуымен де, қолма-қол шығарып айтылатын өлеңмен де болуы мүмкін. Мұның бәрі шеберлік, алғырлық пен тапқырлықты керек етеді. Ерте заманнан-ақ «Өнер алды – қызыл тіл» деп сөз өнерін қадір тұтып қастерлеген қазақ халқы жалпы әдеби мұраға, оның ішінде айшықты сөз өрнегі мол ақындар айтысына ерекше мән беріп, соны өзінің рухани өмірінің жарқын көрінісі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып отырған.

